Республиканский информационный педагогический научно-методический журнал

№10(81) (2026 ж. Қазан/Октябрь 2026 г.)

ÚZDIK TÁRBIESHI

Республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ: ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ – 4 бет

Тәрбиешінің мейірімі — баланың балабақшаға бейімделуінің алғашқы көпірі.



Ешеева Тамара Алиевна

Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қостөбе ауылы
ЖШС «Bal bala heppines» бөбекжай бақшасының меңгерушісі

Республиканский информационный педагогический научно-методический журнал

ÚZDIK TÁRBIESHI

Республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы

«ÚZDIK TÁRBIESHI» республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналының №10(81) (2026 ж. Қазан) шығарылымы.
Выпуск №10(81) (Октябрь 2026 г.) республиканского информационного педагогического научно-методического журнала «ÚZDIK TÁRBIESHI».

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ: оқу-әдістемелік ізденістер, ғылыми-тәжірибелік материалдар, инновациялық педагогика және цифрлық технологиялар, тәрбие мен оқытудағы ұлттық құндылықтар, тәрбиеші шеберлігі мен кәсіби даму, психологиялық-педагогикалық қолдау, ақпараттық-сараптамалық материалдар бойынша материалдар жариялау.
ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ: публикация материалов по учебно-методическим изысканиям, научно-практическим материалам, инновационной педагогике и цифровым технологиям, национальным ценностям в воспитании и обучении, профессиональному развитию и мастерству воспитателя, психолого-педагогическому сопровождению, информационно-экспертным материалам.

«ÚZDIK TÁRBIESHI» Республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2023 жылғы 12 маусымдағы Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ92VPY00071802 берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан аумағында.
«ÚZDIK TÁRBIESHI» журналы айына 4 рет жарық көреді.

Республиканский информационный педагогический научно-методический журнал «ÚZDIK TÁRBIESHI» в городе Астана комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан выдано свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания от 12.06.2023 года № KZ92VPY00071802.
Территория распространения: На территории Казахстана.
Журнал "ÚZDIK TÁRBIESHI" выходит 4 раз в месяц.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ
Бас редактор:/Главный редактор: Баянды Ерлан
Дүйсенбекова Б.Н. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қарағанды медицина университеті
Дүзбаева Н.М. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Каскарбаева Б.Б. – педагог-шебер
Қасқабаева Ф.С. – педагог-шебер
Есенова Ш.Б. – педагог-зерттеуші
Иманбек Ә.О. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Алшынов А.Ә. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Корректор / корректор: Кәкіш Мерей Ертайқызы
Жауапты хатшы / ответственный секретарь: Есбергенов Айдын Ардақұлы

«ÚZDIK TÁRBIESHI» ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналының авторларға арналған ережелерімен QR-кодты сканерлеу арқылы таныса аласыз.
С правилами для авторов информационного педагогического научно-методического журнала «ÚZDIK TÁRBIESHI» вы можете ознакомиться, отсканировав QR-код.

Мазмұны / Содержание

Ешеева Т.А. «Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді ұйымдастыру: ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жүргізудің тиімді әдістері» 4

Уразбекова Н.Б. «Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыстың инновациялық үлгісі: тәжірибе және болашақ» 6

Первова Н.В. «Казахские национальные музыкальные инструменты»..... 8

Қалибекова М.Ш. «Ботақан» орта тобы «менің отаным – Қазақстан!» 25 қазан – республика күніне арналған мерекелік сценарий 10

Омарова Н.А. «Баланы ойын арқылы дамыту»..... 13

Кожанова Р.М. «Аспасшы»..... 15

Жуанышева Ж.Б. Тәрбиешінің кәсіби шеберлігі – бала тәрбиесінің негізі . 17

Телпекбаева М.Е. Менің отаным Қазақстан 18

Польстер Е.А. «Путешествие в страну математика»..... 20

Фаритова Д.П. Закаливание детей в детском саду — это система оздоровительных мероприятий, направленных на укрепление терморегуляции и иммунитета ребенка с помощью естественных факторов природы: воздуха, воды и солнца..... 22

Маткалыкова А.Е. «Берекелі, мерекелі алтын күз!» 23

Шауш оглы М. «Жолда жүру ережесін сақтайық!» 26

Есмалаева Г.А. «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – болашақ ұрпақтың негізі»..... 28

Саукимбекова М.Б. Ұлттық мұраны заманауи технологиялар арқылы ұрпақ санасына сіңіру 34

Ажмуратова Н.М. Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тәрбие берудің маңызы..... 38

Нуркенова А.С. «Дидактикалық ойындар арқылы ерте жастағы балалардың сенсорлық қабілеттерін дамыту» 42

Жумагулова Н.Т. Мектепке дейінгі ұйымда ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру әдістері..... 54

Боромбаева А.С. «Ойын әрекеті – ерте жастағы балалардың жан-жақты дамуының құралы»..... 57

Ешеева Тамара Алиевна
Меңгеруші
Байзақ ауданы білім бөлімінің ЖШС «Balbala heppines» бөбекжай бақшасы
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қостөбе ауылы



«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ: ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ»

Қазіргі таңда білім беру саласындағы маңызды бағыттардың бірі – әрбір балаға сапалы білім мен тәрбие алуға тең мүмкіндік жасау. Осы бағытта инклюзивті білім беру ерекше мәнге ие. Инклюзивті білім беру – балаларды ерекшелігіне қарай бөліп қарау емес, керісінше әр баланың қажеттілігін ескеріп, ортақ білім беру ортасына қатысуына жағдай жасау. Мектепке дейінгі кезең баланың тұлғалық, әлеуметтік, танымдық, тілдік және эмоционалдық дамуының негізі қаланатын маңызды кезең болып табылады. Сондықтан ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсету жұмысы ерте жастан басталуы қажет. Мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті ортаның негізгі мақсаты – әр баланың өзін қауіпсіз, еркін және топтың толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне мүмкіндік беру. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға тиімді қолдау көрсету педагогтің кәсіби дайындығына, баланың жеке ерекшелігін дұрыс анықтауына, ата-анамен және мамандармен бірлескен жұмыс жүргізуіне байланысты.



Инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты – барлық балаларға бірдей талап қою емес, олардың жеке қажеттілігі мен мүмкіндігіне сәйкес қолайлы жағдай жасау. Инклюзивті білім беру барысында педагог әр баланың қабілетін, даму қарқынын, қызығушылығын және білім алу ерекшелігін ескеруі қажет. Бұл үдерісте баланың тек қиындықтарына назар аудару жеткіліксіз. Оның күшті жақтарын, қызығушылығын, орындауға қабілетті әрекеттерін анықтау маңызды

Инклюзивті білім берудің негізгі қағидалары

- әр баланың жеке ерекшелігін құрметтеу;
- баланы ортадан шеттетпеу;
- білім беру үдерісіне белсенді қатысуына жағдай жасау;
- қолжетімді және қауіпсіз орта қалыптастыру;
- педагогикалық жұмысты баланың қажеттілігіне қарай бейімдеу;
- жағымды психологиялық ахуорнату;
- ата-анамен және мамандармен тұрақты байланыс жүргізу;

• әр баланың жетістігін қолдау.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы педагогикалық тұрғыдан қолдау

Ерекше білім беру қажеттілігі бар баламен тиімді жұмыс жүргізу үшін педагог алдымен оның даму ерекшелігін жан-жақты бақылауы қажет

Күнделікті педагогикалық бақылау кезінде баланың қарым-қатынас жасау қабілетіне, сөйлеу ерекшелігіне, зейініне, есте сақтауына, қимыл-қозғалысына, тапсырманы түсінуіне, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына және эмоционалдық жағдайына назар аударылады.

Педагогтің міндеті – баланың ерекшелігіне баға беру емес, оған қандай қолдау қажет екенін анықтау. Баланың әрекетіне жүйелі бақылау жүргізу педагогке оқу және тәрбиелеу үдерісін дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар баланың бір күндегі жағдайы мен келесі күндегі белсенділігі бірдей болмауы мүмкін. Сондықтан педагог баладан үнемі бірдей нәтиже күтпеуі керек.



1.Жеке тәсіл қолдану.
2.Ойын арқылы оқыту.
3.Визуалды қолдау әдісі.
4.Қысқа және түсінікті нұсқау беру.
5.Тапсырманы кезеңге бөлу.
6.Үлгі көрсету және әрекетті қайталау.
7.Сенсорлық дамыту.
8.Сөйлеу және қарым-қатынас дағдыларын дамыту.
9.Жағымды қолдау көрсету.
10.Құрдастарымен бірлескен әрекетті ұйымдастыру.

Инклюзивті білім беру жүйесінде педагогтің рөлі ерекше



✓ әр баланың жетістігін қолдау;
✓ әлеуметтік қарым-қатынасқа жағдай жасау;
✓ ата-анамен тұрақты байланыс жүргізу;
✓ мамандардың ұсынымдарын ескеру;
✓ баланың дербестігін қалыптастыру

Педагог баланың орнына әрекет етпеуі керек. Оның міндеті – баланың өзі орындай алатын деңгейге дейін көмек көрсету Осындай қолдау баланың дербестігін, өзіне деген сенімін және белсенділігін арттырады. Ата-анамен жұмыс, мамандармен бірлескен жұмыс ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы қолдау барысында командалық жұмыс маңызды орын алады. Тәрбиеші, педагог-психолог, арнайы педагог, логопед және басқа да мамандар баланың қажеттілігіне қарай бірлесе әрекет етеді. Мамандардың бірлескен жұмысы баланың даму ерекшелігін жан-жақты анықтауға, педагогикалық қолдаудың ортақ бағытын белгілеуге және нәтижелерді жүйелі бақылауға мүмкіндік береді.

Педагог пен мамандардың талаптары бір-біріне қайшы келмей, өзара сабақтас болуы қажет. Командалық жұмыс кезінде әр маман өз бағыты бойынша балаға қолдау көрсетіп, ортақ нәтижеге бағытталады.

Педагог балалардың бір-бірін кемсітуіне, мазақтауына немесе ойыннан шеттетуіне жол бермеуі керек. Әр баланың өзін топтың тең мүшесі ретінде сезінуіне жағдай жасалады. Өзара көмек, достық, шыдамдылық, қамқорлық және сыйластық күнделікті тәрбиелік жұмыстың маңызды бөлігі болуы тиіс Инклюзивті білім беру жүйелі әрі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың әлеуметтік ортаға бейімделуіне оң әсер етеді.

Нәтижесінде:

-баланың дербестігі артады;
-өзіне деген сенімділігі қалыптасады;
-қарым-қатынас жасау дағдылары дамиды;
-танымдық белсенділігі жоғарылайды;
-ортақ әрекетке қатысу мүмкіндігі артады;
-эмоционалдық тұрақтылығы қалыптасады.

Уразбекова Нағима Баймахановна
Әдіскер
Байзақ ауданы білім бөлімінің ЖШС «Balbala heppines» бөбекжай бақшасы
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қостөбе ауылы



«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮЛГІСІ: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ»

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі түбегейлі жаңару кезеңін бастан кешіруде. Мемлекеттік стандарт талаптарының өзгеруі, бала тұлғасына бағытталған оқыту технологияларының енгізілуі балабақша әдіскерінің қызметіне жаңаша қарауды талап етеді. Заманауи әдіскер — тек бақылаушы емес, ол педагогтардың кәсіби өсуін бағыттайтын ментор, коуч және инновациялық процестердің үйлестірушісі.

Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту

Балабақшадағы білім сапасы тікелей тәрбиешінің шеберлігіне байланысты. Әдістемелік жұмыстың дәстүрлі формалары (баяндамалар, ұзақ жиналыстар) бүгінде өз тиімділігін жоғалтты. Біз «Balbala heppines» бөбекжай бақшамызда белсенді оқыту түрлерін енгіздік:

- Воркшоптар және коучинг-сессиялар: Педагогтар теорияны емес, практикалық дағдыларды (мысалы, STEAM-технологияларды қолдану, ойын арқылы оқыту) өзара тәжірибе алмасу арқылы меңгереді.

- Кәсіби шеберлік мектептері: Тәжірибелі тәрбиешілер мен жас мамандар арасындағы тәлімгерлік (менторинг) жүйесі жолға қойылды.

- Бала орталығындағы тәрбие (Child-centered approach)

Жаңартылған мазмұн аясында баланың таңдау құқығы мен дербестігіне ерекше мән беріледі. Әдіскер ретінде менің міндетім — топтарда баланың еркін зерттеуіне, ойнауына және шығармашылығына мүмкіндік беретін дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны құруды бағыттау. Ойын арқылы оқыту процесін ұйымдастыруда «Learning by doing» (жасай отырып үйрену) принципі негізге алынды.









Отбасымен серіктестіктің жаңа форматтары

Балабақша мен отбасы — ортақ мақсатқа ұмтылатын екі институт. Ата-аналарды тек тыңдаушы емес, білім беру процесінің белсенді қатысушысы ету бағытында мынадай жобалар іске асырылды:

«Үйдегі STEAM» жобасы: Ата-аналар балаларымен бірге үйде қарапайым тәжірибелер жасап, нәтижесімен топтық чаттарда бөліседі.

Отбасылық клубтар мен тренингтер: Бала психологиясы, жас ерекшеліктері бойынша ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету.

Қорытынды

Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмысты жүйелі әрі инновациялық бағытта ұйымдастыру — білім беру сапасын арттырудың басты кепілі. Заманауи әдіскер үнемі ізденісте болып, педагогтар ұжымын жаңа белестерге жетелей білуі тиіс. Осы бағыттағы атқарылған жұмыстар тәрбиеленушілердің үйлесімді дамуына және балабақшаның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізеді.

«Balbala heppines» бөбекжай бақшамызда сәтті өткен жобалар:

- **«Атамның ертегісі, әжемнің өнегесі»** — ұрпақтар сабақтастығын нығайту мақсатында ата-әжелерді балабақша өміріне тартып, ұлттық тәрбиені дәріптеуге арналған әлеуметтік-педагогикалық жоба.
- **«Кішкентай зерттеушілер зертханасы»** — балалардың STEM (ғылым, технология, инженерия, математика) бағытында қарапайым тәжірибелер жасауына мүмкіндік беретін ғылыми-танымдық жоба.
- **«Smart Бақша»** — тәрбие үдерісіне цифрлық технологияларды (интерактивті тақталар, дамытушы планшеттік ойындар) қауіпсіз және тиімді енгізу жобасы.

Первова Наталья Вагифавна
Воспитатель
ТОО «Bal bala heppines» Ясли сад
Жамбылская область, Байзакский район, село Костобе



«КАЗАХСКИЕ НАЦИОНАЛЬНЫЕ МУЗЫКАЛЬНЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ»

Цель занятия: Познакомить детей с казахскими национальными музыкальными инструментами, их внешним видом, звучанием и значением в культуре казахского народа.

Задачи занятия

Образовательные:

- Познакомить детей с национальными музыкальными инструментами: домбра, сазсырнай. тұяқтас и шылдырмақ.
- Учить различать инструменты по внешнему виду и звучанию.
- Обогащать словарный запас детей новыми словами.

Развивающие:

- Развивать музыкальный слух, внимание, память и воображение.
- Развивать речь, умение отвечать на вопросы полными предложениями.
- Формировать чувство ритма и интерес к музыке.

Воспитательные:

- Воспитывать уважение к национальной культуре и традициям казахского народа.
- Формировать интерес к народной музыке.
- Воспитывать бережное отношение к музыкальным инструментам.

Оборудование и материалы

Иллюстрации казахских национальных музыкальных инструментов, игрушечная или настоящая домбра, аудиозаписи звучания инструментов,

Ход занятия

I. Организационный момент

Воспитатель приветствует детей.



Воспитатель: - Мы сегодня отправимся в удивительный мир музыки, познакомимся с музыкальными инструментами нашего народа и узнаем, как они звуча.

Воспитатель: - Сегодня мы познакомимся с музыкальными инструментами, которые являются частью богатой культуры казахского народа. Каждый инструмент имеет свою историю, внешний вид и особенное звучание.

1. Рассказ о домбре Воспитатель показывает домбру её изображение.

Воспитатель:— Ребята, посмотрите на этот музыкальный инструмент. Это домбра. Она является одним из самых известных казахских национальных музыкальных инструментов.У домбры деревянный корпус, длинная шейка и обычно две струны. На домбре играют пальцами, перебирая струны. Её звучание может быть звонким, нежным, весёлым или задумчивым.На домбре исполняют кюи — инструментальные музыкальные произведения. Домбра занимает важное место в казахской культуре и передаёт настроение, чувства и истории народа.

Вопросы детям:

- Дерия как называется этот инструмент?Домбыра
- Сколько струн обычно у домбры? Две
- Из какого материала делают корпус домбры? Из дерева
- Как звучит домбра? Звучание звонкое нежное.

Рассказ о сазсырнае.

Воспитатель:— Перед вами сазсырнай. Это казахский духовой музыкальный инструмент, который традиционно изготавливают из глины.Сазсырнай имеет отверстия для пальцев. Музыкант дует в инструмент и закрывает или открывает отверстия, чтобы получить разные звуки.Его звучание может напоминать свист птиц или звуки природы.

Вопросы детям:

- Жансу из чего изготавливают сазсырнай? Из глины.
- Как извлекают звук из этого инструмента? Дуть в инструмент и закрывать или открывать отверсия.
- На какой звук природы он может быть похож? На свист птиц и на звуки природы.

6. Рассказ о туяктас



Воспитатель: Воспитатель показывает изображение туяктас.— Туяктас — традиционный казахский ударный инструмент, который изготавливают из твёрдых копытных пластин животных. При ударе друг о друга они издают звонкий, ритмичный звук.Этот инструмент помогает создавать музыкальный ритм и сопровождать народные песни и танцы.

Вопросы детям:

- Нурхаят как называется инструмент? Туяктас
- Какой звук он издаёт? Звонкий ритмичный звук.
- К какой группе музыкальных инструментов он относится? К ударным инструментам.



7. Рассказ о шылдырмаке

Воспитатель показывает изображение шылдырмака.

Воспитатель: Шылдырмак — небольшой шумовой музыкальный инструмент. При встряхивании он издаёт звонкие, шуршащие или дребезжащие звуки.Его можно использовать для сопровождения детских песен, игр и ритмических упражнений.

Вопросы детям:

-Жале как звучит шылдырмак? Звонкие шуршащие звуки.
- Что нужно сделать, чтобы он зазвучал? Его нужно встряхнуть.
- Можно ли с его помощью отбивать ритм? Да можно.

Воспитатель: Ребята, мы познакомились с разными инструментами. Давайте вспомним, чем они отличаются.**Струнные:**домбра .**Духовой:** сазсырнай.**Ударные и шумовые:** туяктас.— У каждого инструмента свой голос. Одни звучат мелодично, другие создают ритм, а третьи напоминают звуки природы.

Воспитатель:

- Молодцы, ребята! Сегодня мы познакомились с казахскими национальными музыкальными инструментами. Каждый из них имеет свои особенности и занимает своё место в музыкальной культуре нашего народа.



А теперь давайте сыграем на музыкальных инструментах и споем песню.

Дети поют песню

Заключение: занятие способствует расширению кругозора детей, развитию музыкального слуха, речи, чувства ритма и уважительного отношения к культурному наследию казахского народа.

Қалибекова Махаббат Шыңғысқызы
Тәрбиеші
ЖШС «Bal-bala heppines» бөбекжай-бақшасы
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қостөбе ауылы



«БОТАҚАН» ОРТА ТОБЫ «МЕНІҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН!» 25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК СЦЕНАРИЙ

Мақсаты: балалардың Отан туралы алғашқы түсініктерін кеңейту, туған жерге сүйіспеншілік сезімін ояту, мерекеге қуана қатысуға баулу.

Қажетті құралдар: Қазақстанның Туы мен Елтаңбасының көрнекі суреттері, көк және сары түсті ленталар, үлкен күн бейнесі және оған бекітілетін сәулелер.

Алдын ала жұмыс: қысқа тақпақтар жаттау, таныс ән мен қарапайым би қимылдарын қайталау.

Мерекенің өту барысы

Балалар әуенмен залға кіріп, жарты шеңберге тұрады.

Жүргізуші:

Қош келдіңіздер, құрметті қонақтар, сүйікті балалар! Бүгін біз 25 қазан – Республика күніне арналған мерекеге жиналдық. Біздің Отанымыз – Қазақстан!

Балалар, еліміздің аты қалай аталады?

Балалар: Қазақстан!

Жүргізуші: Жарайсыңдар! Қазақстан – біздің туған еліміз. Мұнда біздің отбасымыз, достарымыз, балабақшамыз бар.

1. Шаттық шеңбері «Бәріміз доспыз»

Жүргізуші: Бір-бірімізге күлімдеп, жылы лебізімізді білдірейік!

Балалар қимылдарды тәрбиешімен бірге орындайды.

Алақанды ашайық,
Күнге қарай созайық.
Бір-бірімізге қарайық,
Күлімсіреп алайық!



2. «Рәміздерді таны» әңгімелесуі

Жүргізуші Қазақстанның Туын көрсетеді.

Жүргізуші: Балалар, бұл – Қазақстанның Туы. Туымыздың түсі қандай?

Балалар: Көк!

Жүргізуші:

Дұрыс! Туымызда күн мен қыран бейнеленген. Күн бізге жылу мен жарық береді.

Елтаңбаны көрсетеді.

Ал бұл – еліміздің Елтаңбасы. Ту мен Елтаңба – Қазақстанның рәміздері. Біз оларды құрметтейміз.



3. Балалардың тақпақтары

Тақпақтарды төрт балаға бөліп беруге болады.

1-бала:
Қазақстан – Отаным,
Сені жақсы көремін.
Ән мен жырды өзіңе,
Қуана айтып беремін.



2-бала:
Көк туымыз желбіреп,
Күнге қарап жайнайды.
Біздің тату бақшада,
Балалар ән шырқайды.

3-бала:
Туған жерім – гүл бағым,
Сенде өсіп, жайнаймын.
Достарыммен қол ұстап,
Қуанышпен ойнаймын.



4-бала:
Біз бақытты баламыз,
Әнге бірге саламыз.
Қазақстан елінде,
Тату-тәтті боламыз!

4. Ән «Отан туралы»

Балалар өздеріне таныс, жас ерекшелігіне сай Отан туралы әнді орындайды. Тәрбиеші балалармен бірге айтады.

Жүргізуші: Әнді қандай әдемі айттыңдар! Енді бәріміз бірге ойнайық.

5. Ойын «Күннің сәулесін жинайық»

Құралдар: тақтаға бекітілген күннің дөңгелек бейнесі, әр балаға бір үлкен сары сәуле.

Жүргізуші:

Балалар, біздің күніміздің сәулелері жетіспейді екен. Оған жарқырауға көмектесейік!

Балалар кезекпен келіп, тәрбиешінің көмегімен күнге сәулелерді бекітеді.

Жүргізуші: Қараңдаршы, күніміз жарқырап кетті! Елімізде әрдайым күн күлімдеп, балалар қуанып жүрсін!

6. Ленталармен би «Шуақты Қазақстан»

Балаларға қысқа көк және сары ленталар таратылады. Көңілді әуенмен тәрбиешінің көрсетуі бойынша қимылдар орындалады:

- ленталарды жоғары көтеріп, жай тербеу;
- қолдарын екі жаққа созу;
- орындарында жеңіл адымдау;
- ленталарды алға созып, бірге көтеру.

Балалар бір-бірінен жеткілікті қашықтықта тұрады.

7. Қимылды ойын «Серуенге шығамыз»

Жүргізуші: Туған жерімізде серуендеп қайтайық! Менің сөзімді тыңдап, қимылын бірге жасаңдар.

«Күн шықты!» – балалар қолдарын жоғары көтереді.

«Серуендейміз!» – орындарында адымдайды.

«Гүлді иіскейміз!» – сәл еңкейіп, жай тыныс алады.

«Досқа сәлем!» – бір-біріне қол бұлғайды.

«Үйге қайтамыз!» – белгіленген орындарына келеді.

Ойын 2 рет қайталанады.

8. Қорытынды

Жүргізуші: Балалар, бүгін біз Республика күнін атап өттік. Ән айттық, биледік, бірге ойнадық. Біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан!

Жүргізуші: Қазақстанымыз көркейе берсін! Әр отбасында қуаныш, елімізде бейбітшілік болсын! Республика күні құтты болсын!

Балалар бірге:

Туған елім – Қазақстан!

Көңілді әуенмен балалар қол бұлғап, залдан шығады.

Омарова Нургүл Амантаевна
Тәрбиеші
ЖШС «Balbala heppines» бөбекжай бақшасы
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қостөбе ауылы



«БАЛАНЫ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ»

Ойын — баланың танымы мен дамуын қолдайтын маңызды құрал.

Кіріспе

Ойын — балалық шақтың ажырамас бөлігі және баланың қоршаған ортаны танып-білуінің табиғи жолы. Ойын кезінде бала ойланады, салыстырады, сұрақ қояды, қарым-қатынас жасайды және өз сезімін білдіруді үйренеді. Сондықтан ойын баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін тиімді педагогикалық құрал болып саналады.

1. Ойынның бала өміріндегі маңызы

Ойын баланың қызығушылығын арттырып, белсенді әрекет етуіне мүмкіндік береді. Бала ойын барысында ережені сақтауды, кезек күтуді, ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен келісуді үйренеді. Ойын баланың өзіне деген сенімін нығайтып, жаңа білімді жеңіл әрі қызықты меңгеруіне көмектеседі.



2. Ойын арқылы дамудың негізгі бағыттары

Ақыл-ой және танымдық даму

Құрастыру, пазл жинау, сұрыптау және логикалық ойындар баланың зейінін, есте сақтауын, салыстыру және мәселені шешу қабілетін дамытады. Мысалы, түрлі түсті текшелерді түсі мен пішініне қарай топтастыруға болады.

Тілдік даму

Сюжеттік-рөлдік ойындар, ертегіні сахналау және сөздік ойындар баланың сөздік қорын молайтады. Ересек адам баламен сөйлесіп, ашық сұрақтар қойып, ойын өз сөзімен айтып беруге ынталандырғаны дұрыс.

Әлеуметтік және эмоциялық даму

Топтық ойындар баланы достарымен тіл табысуға, өзгені тыңдауға, бөлісуге және келіспеушілікті бейбіт шешуге үйретеді. Қуаныш, реніш, таңғалу сияқты сезімдерді ойын арқылы танып, оларды дұрыс жеткізу дағдысы қалыптасады.

Дене және қимыл-қозғалыс дамуы

Қозғалыс ойындары баланың тепе-теңдігін, ептілігін, үйлесімді қимылын және төзімділігін жетілдіреді. Доппен ойнау, секіру, би қимылдары мен қимылды тапсырмалар күнделікті белсенділікті арттырады.

Шығармашылық даму

Сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, музыка мен қиялға негізделген ойындар баланың жаңа идея ойлап табуына мүмкіндік береді. Ең бастысы — дайын үлгіні дәл қайталатумен шектелмей, баланың өз шешімін ұсынуына жағдай жасау.

3. Ойын түрлері және мысалдар

Дидактикалық ойындар: «Түсін тап», «Артығын анықта», «Пішіндерді сәйкестендір» — зейін мен ойлауды дамытады.

Құрастыру ойындары: Текше, конструктор және қолда бар қауіпсіз материалдар арқылы үй, көпір немесе мұнара жасау — кеңістіктік ойлауды дамытады.

Сюжеттік-рөлдік ойындар: «Дүкен», «Дәрігер», «Отбасы» — тілдік дағдыны, елестетуді және әлеуметтік қарым-қатынасты дамытады.

Қимылды ойындар: «Кім жылдам?», доппен ойындар, кедергілерден өту — қимыл үйлесімділігі мен ептілікті дамытады.

Шығармашылық ойындар: Сурет салу, ермексазбен жұмыс, музыкаға қимыл жасау — қиял мен өзіндік ойды білдіруге көмектеседі.

4. Ата-ана мен педагогтің рөлі

Ересектер баланың жасына, қызығушылығына және мүмкіндігіне сай ойын ұсынуы керек. Ойын өтетін орта қауіпсіз, қолжетімді әрі баланың өздігінен әрекет етуіне ыңғайлы болғаны маңызды. Ересек адам ойынға араласып, бағыт бере алады, бірақ баланың орнына барлық шешімді өзі қабылдамауы қажет. Баланы нәтижесі үшін ғана емес, талпынысы мен ізденісі үшін де мадақтау керек.

Баланың жасына сәйкес әрі қауіпсіз ойыншықтарды таңдау.

Күн сайын еркін ойнауға жеткілікті уақыт бөлу.

Баланың ойын идеясын тыңдап, қызығушылығын қолдау.

Қателесуге мүмкіндік беріп, мәселені өзі шешуіне көмектесу.

Экран алдындағы уақытты шектеп, шынайы қозғалыс және қарым-қатынас ойындарын көбейту.



5. Ойынның тиімділігін арттыру жолдары

Ойынның мақсаты балаға түсінікті болуы керек, бірақ оның барысы баланың бастамасына ашық болғаны жөн. Қысқа әрі қызықты тапсырмалардан бастап, біртіндеп күрделендіруге болады. Бір ойынды әртүрлі тәсілмен қайталау дағдыны бекітеді. Баланың шаршағанын байқаса, үзіліс жасап, басқа әрекет ұсынған дұрыс.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ойын — баланың ақыл-ойын, тілін, дене қимылын, шығармашылығын және әлеуметтік дағдыларын дамытудың маңызды жолы. Ойын арқылы бала өмірді танып, тәжірибе жинақтайды, өзіне сенімді болуды үйренеді. Сондықтан ата-ана мен педагог баланың ойнауына жағдай жасап, оны қолдап, әр баланың жеке ерекшелігін ескергені жөн.

Пайдалануға болатын ойын үлгілері

«Не өзгерді?» — үстелге бірнеше зат қойып, біреуін жасыру; баланың есте сақтауын дамыту.

«Сиқырлы дорба» — затты қолмен ұстап сипаттау; сөздік қор мен сезім мүшелерін дамыту.

«Бірге құрастырайық» — ортақ мұнара немесе үй жасау; ынтымақтастық пен кеңістіктік ойлауды дамыту.

«Ертегіні жалғастыр» — әңгіменің соңын баланың ойлап табуына мүмкіндік беру; қиял мен сөйлеуді дамыту.

«Қимылды қайтала» — ересек адамның қимылын қайталау; зейін мен қозғалыс үйлесімділігін дамыту.

«Ойынмен бірге — жарқын болашақ!»

Кожанова Рахима Мисеровна
Тәрбиеші
«Balbala heppines» бөбекжай бақшасы
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қостөбе ауылы



«АСПАСШЫ»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті: Тіл дамыту

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің мақсаты: Балаларды «Аспазшы» мамандығымен таныстыру.

Аспаздың еңбегі туралы түсінік беру.

Қасық, кострол, тарелке атауларын үйрету

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің міндеті: Аспазшыныңеңбегі туралы түсіндіру

Тағам атауларын үйрету

Қарапайым ас үй құралдарымен таныстыру

Дамытушылық мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту

Қиялын, ойлау қабілетін жетілдіру

Ұсақ моторикасын дамыту

Тәрбиелік мақсаты: Еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу

Ұқыптылыққа, тазалыққа баулу

Бір-біріне көмектесуге үйрету

Жаңа сөздер: Аспазшы, тағам, ас үй, қазан, қасық, ожау, пышақ,көкеніс, жеміс, дәмді

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, сергіту, ойын, әнгімелеу, сұрақ-жауап, көрнекілік, рөлдік ойындар.

Пәнаралық байланыс: Сөйлеуді дамыту, тіл дамыту, математика негіздері: салыстыру (көп-аз,үлкен-кіші)

Сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбер:

Қуанамын мен де
Қуанасын сен де
Қуанайық достарым
Арайлап атқан күнге
-Балалар қане бір-бірімізге жылулық сийлайықшы
-Көңіл-күйлерің қалай- күшті ,тамаша
-Жарайсыңдар

Аспазшы суретін құрастыру

Балалар біз Аспазшының суретін құрастырдық. Бүгінгі ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізде «Аспазшы»мамандығымен танысатын боламыз. Балалар мамандық дегеніміз-адамның арнаулы білім алып,еңбек ететін іс-әрекеттің бір түрі. Адамдар үлкейіп өскеннен кейін өз мамандығын таңдайды. Мамандықтың түрлері өте көп. Мысалы: Дәрігер,мұғалім,

құрылысшы. Бүгін біз осы мамандықтардың ішінен «Аспасшы» мамандығы туралы білетін боламыз.

Аспасшы дегеніміз балалар бұл-тәтті, дәмді тағам пісіретін мамандық иесін айтамыз.

Аспазшылар асханада, мейрамханаларда жұмыс жасайды.

Бөбекжайымыздың аспазшысы бізге дәмдә тамақ пісіреді, бәліш пісіреді. Таңертең бізге аспазшы ботқа пісіреді.



-түсте сорпа пісіреді –Дәмді нан,бауырсақ та пісіреді

-Аспазшының киіміне қараңдаршы

-Басында не бар? – Қалпақ

-Үстінде не бар? Халат, Алжапқыш

Аспазшының құралдарымен танысайық:

-Кострөл - кострөлге не саламыз-тамақ саламыз

Ожау-Ожаумен не істейміз - тамақ құямыз

Қасық - қасықпен не істейміз –тамақ жейміз

Тәрелке-тәрелкеге не саламыз----нан саламыз

Тақта –тураймыз

-Балалар асханаға барғыларың келеме?

-Балалар жүріңдер асханаға барайық. Бүгін бәріміз бірге Салат жасаймыз

-Балалар қараңдаршы мына жерде көкеністер тур екен

-Көкеністерді атау:



Орамжапырақ-түсі – жасыл

Қызанақ --- Қызыл

Қияр --- жасыл

Сәбіз – түсі –сары ,пияз,картошке,

Салат жасаймыз : Орамжапырақ, Қызанақ Қияр,тұз

Балалар 2 топқа бөлу: 1топ. Сәбіз 2топ Қызанақтар

1 топ. Ас үй құралдарының көлеңкесін табады

2 топ. Жапсыру-пицца суреті, үстіне – қызанақ,ірімшік,қияр жапсырады

Сергіту сәті: Ұсақ-қол моторикасын дамыту



Орамжапырақты жуамыз,тураймыз

Сәбізді жуамыз тураймыз

Қызынақты жуамыз, тураймыз

Түз себеміз --

Араластырамыз ---- біз не жасадық – **Салат**

Жарайсыңдар

Қорытынды:

Балалар бүгін біз кіммен таныстық? - Аспазшымен

Аспазшының құралымен таныстық. Көкеністерді атадық, көкеністерден салат жасадық

Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетіміз аяқталды

Рахмет, балалар жарайсыңдар

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Аспазшылардың жұмыстары жайлы білді

Қандай түсініктерді игерді: Балалар өздерінің аспазшы екендіктерін сезініп өз қолдарымен салат жасауды игерді

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: Ас үй құралдарының көлеңкесін тапты,

Жапсыру- пиццаны әрлеуді

Жуанышева Жұмакүл Берікқызы
Тәрбиеші
ЖШС «Balbala heppines» бөбекжай бақшасы
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қостөбе ауылы



ТӘРБИЕШІНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ – БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ

Кіріспе

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру саласында тәрбиешінің кәсіби шеберлігі ерекше маңызға ие. Өйткені баланың тұлға болып қалыптасуы, дүниетанымының кеңеюі, мінез-құлқы мен адамгершілік қасиеттерінің дамуы балабақшадағы тәрбие мен оқыту үдерісіне тікелей байланысты. Тәрбиеші – баланың алғашқы ұстазы, бағыт берушісі және рухани дамуына ықпал ететін маңызды тұлға.



Негізгі бөлім

Тәрбиешінің кәсіби шеберлігі – оның білімін, тәжірибесін, педагогикалық қабілетін және балаға деген сүйіспеншілігін ұштастыра білуі. Нағыз кәсіби маман әр баланың жеке ерекшелігін ескеріп, оның қабілетін ашуға, қызығушылығын арттыруға және шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасайды. Кәсіби шебер тәрбиеші үнемі ізденісте болып, білімін жетілдіріп, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді меңгеріп отырады. Ойын арқылы оқыту, дамытушы ортаны ұйымдастыру, шығармашылық тапсырмалар мен танымдық әрекеттерді тиімді пайдалану балалардың ойлау қабілетін, тілін, қиялын және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тәрбиешінің бойында мейірімділік, шыдамдылық, жауапкершілік, әдептілік және ұйымдастырушылық қабілет болуы қажет. Әр баламен жылы қарым-қатынас орнату, оның пікірін тыңдау, жетістігін мадақтау және қиындық туындаған жағдайда қолдау көрсету – педагогикалық шеберліктің маңызды белгілері. Тәрбиешінің кәсіби қызметінде ата-аналармен ынтымақтастық орнатудың да маңызы зор. Балабақша мен отбасы арасындағы өзара түсіністік пен бірлескен жұмыс баланың жан-жақты дамуына оң әсер етеді. Сондықтан тәрбиеші ата-аналармен ашық байланыс орнатып, баланың жетістіктері мен даму ерекшеліктері туралы пікір алмасып отыруы керек. Қазіргі заман тәрбиешісі тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар жаңашылдыққа ұмтылатын, ақпараттық технологияларды



тиімді қолданатын, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін және балалардың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіретін маман болуы тиіс.



Қорытынды

Қорыта айтқанда, тәрбиешінің кәсіби шеберлігі – сапалы тәрбиенің және баланың жан-жақты дамуының негізгі кепілі. Өз ісін сүйетін, үнемі ізденетін, білімін жетілдіретін және әр балаға жүрек жылуын сыйлайтын тәрбиеші ғана жас ұрпақтың болашағына оң.

Телпекбаева Маржан Ерболқызы
Тәрбиеші
ЖШС «Bal bala heppines» бөбекжай бақшасы
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қостөбе ауылы



МЕНІҢ ОТАНЫМ ҚАЗАҚСТАН

Отан сүйгіштік тәрбие – ұрпақ болашағының негізі

Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілік – туған жерді құрметтеуден, ел тарихын танудан және мемлекеттік рәміздерді қадірлеуден басталады.

Мектепке дейінгі кезеңде балалардың бойында отан сүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру – тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі.



Осы мақсатта «Алпамыс» ересек тобында «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында танымдық іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – тәрбиеленушілерге Қазақстан Республикасы туралы түсінік беру, мемлекеттік рәміздерге құрмет сезімін қалыптастыру, туған елін сүюге және ұлттық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу.

Іс-шара барысында балалар Қазақстанның мемлекеттік Туымен танысып, оның түсі мен бейнеленген белгілерінің мағынасын түсінді. Сонымен қатар туған жер, Отан, ел бірлігі мен достық туралы әңгімелесіп, өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік алды.

Балалардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында **«Луллия» ойыны, «Мақалды тап»** және **«Рәміздерді құрастыру»** ойындары ұйымдастырылды. Бұл ойындар арқылы балалардың

ойлау қабілеті, тапқырлығы мен танымдық қызығушылықтары дамыды. Қазақ халқының мақал-мәтелдері арқылы балалар отан сүйгіштікке, бірлікке және достыққа тәрбиеленді. Ойын тапсырмаларын орындау барысында бүлдіршіндер өз білімдерін көрсетіп, белсенділік танытты.





Шара соңында бүлдіршіндер қазақша флешмоб билеп, баршаға мерекелік көңіл күй сыйлады. Балалар қолдарын ак Өз Туымызды ұстап, Қазақстанның болашағы жарқын болатынына деген сенімдерін білдірді. Көк байрағымызды мақтанышпен ұстаған бүлдіршіндердің жүзінен туған елге деген сүйіспеншілік пен қуаныш сезімі байқалды.

Мұндай тәрбиелік іс-шаралар балалардың елжандылық сезімін оятып қана қоймай, олардың бойында бірлік, достық, құрмет пен жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыруға көмектеседі. Өйткені бүгінгі бүлдіршіндер – ертеңгі ел болашағы.

Қорытынды: Қорыта айтқанда, Отанды сүюге тәрбиелеу – баланың жүрегіне туған елге деген құрмет ұялатудан басталады. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы жарқын, ұрпағы білімді әрі отан сүйгіш болсын!



Польстер Елена Александровна
Воспитатель
ТОО «Bal bala heppines» Ясли сад
Жамбылская область, Байзакский район, село Костобе



«ПУТЕШЕСТВИЕ В СТРАНУ МАТЕМАТИКА»

Цель занятия: Формирование элементарных математических представлений через игровое путешествие; развитие логического мышления, внимания, памяти и познавательного интереса.

Задачи занятия

Образовательные: закреплять счёт от 1 до 10 прямо и обратно; находить соседей числа; сравнивать числа, использовать знаки «больше», «меньше», «равно»; решать примеры и простые задачи; узнавать геометрические фигуры.

Развивающие: развивать логику, внимание, память, математическую речь, умение рассуждать и делать выводы.

Воспитательные: воспитывать интерес к математике, настойчивость, самостоятельность, доброжелательность и умение работать вместе.

Оборудование и материалы: Цифры 1–10, карточки с примерами и знаками, геометрические фигуры, логические задания, письмо в конверте, магнитная доска, счётные палочки, карточки для рефлексии.



Ход занятия

I. Организационный момент (2 минуты)

Воспитатель: «Здравствуйте, ребята! Давайте улыбнёмся друг другу и подарим хорошее настроение».

Собрались все дети в круг,
Я — твой друг, и ты — мой друг.
Крепко за руки возьмёмся,
И друг другу улыбнёмся!

Загадка: «Цифры, знаки изучаем, быстро складываем, вычитаем. Сколько будет — точно знаем. Как науку называем?» Дети: «Математика!» Воспитатель: «Сегодня отправимся в страну Математика. Готовы?» Дети: «Да!»

II. Мотивация (2 минуты)

Воспитатель читает письмо Королевы Математики: «В моей стране перепутались цифры, потерялись математические знаки, а фигуры забыли названия. Помогите навести порядок, пройдите испытания и покажите свои знания. Ваша Королева Математики». Воспитатель: «Поможем?» Дети: «Да!»

III. Основная часть

Станция 1. «Математическая разминка» (3 минуты)

Вопросы: Сколько дней в неделе? (7.) День после понедельника? (Вторник.) День перед пятницей? (Четверг.) Сколько времён года? (4.) Зимние месяцы? (Декабрь, январь, февраль.) Сколько месяцев в году? (12.) После 5? (6.) Перед 8? (7.) Соседи 6? (5 и 7.) Что больше: 7 или 4? (7.) Что меньше: 3 или 9? (3.) Сколько углов у квадрата? (4.)

Станция 2. «Царство цифр» (4 минуты)

Дети расставляют цифры 1–10 по порядку. Вопросы: какая цифра первая; какая между 4 и 6; после 8; перед 3; какое число самое большое; какое на один меньше 10? Затем считают от 1 до 10 и обратно: 10, 9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1. «Запускаем ракету!»

Станция 3. «Математические знаки» (4 минуты)

Воспитатель напоминает: «+» — прибавить, «−» — вычесть, «=» — равно. Вставьте знак: 5 □ 3 (5 > 3); 2 □ 7 (2 < 7); 4 □ 4 (4 = 4); 8 □ 6 (8 > 6); 1 □ 5 (1 < 5). Примеры: 2+1=3; 4+2=6; 5−2=3; 7−3=4; 6+3=9; 10−4=6. Можно пользоваться счётными палочками.

Станция 4. «Геометрический город» (3 минуты)

Воспитатель показывает круг, квадрат, треугольник, прямоугольник и овал. Вопросы: как называется фигура; сколько углов у квадрата; сколько сторон у треугольника; чем прямоугольник отличается от квадрата; у каких фигур нет углов? Ответы: квадрат — 4 стороны и 4 угла; треугольник — 3 стороны и 3 угла; у прямоугольника противоположные стороны равны; у круга и овала нет углов.

Игра «Собери домик»: крыша — треугольник, стены — квадрат или прямоугольник, окно — квадрат, дверь — прямоугольник.



Физкультминутка «Весёлый счёт» (2 минуты)

Раз — подняться, потянуться, Два — согнуться, разогнуться.
Три — в ладоши три хлопка, Головою три кивка.
На четыре — руки шире, Пять — руками помахать,
Шесть — на месте поскакать. Семь — на месте покружиться,
Восемь — тихо сесть, как птицы.

Станция 5. «Логические задачки» (4 минуты)

1. На ветке сидели 3 воробья, прилетели ещё 2. Сколько стало? (5.) 2. У Маши было 6 яблок, одно подарила. Сколько осталось? (5.) 3. На столе 4 чашки, поставили ещё 3. Сколько стало? (7.) 4. У зайчика было 8 морковок, 3 съел. Сколько осталось? (5.)

«Продолжи закономерность»: круг, квадрат, круг, квадрат, круг… (квадрат). Ряд 1, 2, 3, 1, 2, 3… (1, 2, 3).

Станция 6. «Задачки на смекалку» (3 минуты)

«Что лишнее?» Квадрат, круг, треугольник, яблоко. (Яблоко.) «Найди ошибку»: 1, 2, 3, 5, 6. (Не хватает 4.) «Соседи числа 8?» (7 и 9.) «Что тяжелее: килограмм ваты или железа?» (Одинаково.)

IV. Итог занятия (2 минуты)

Письмо Королевы: «Спасибо, ребята! Вы справились со всеми заданиями и доказали, что хорошо знаете математику. Вы внимательные, умные и дружные!» Вопросы: в какую страну путешествовали; какие станции посетили; какие знаки повторили; какие фигуры назвали; что понравилось и что было трудным?

V. Рефлексия «Моё настроение» (1–2 минуты)

Дети выбирают карточку: солнышко — всё понравилось и было легко; солнышко с облачком — некоторые задания были трудными, но старались; облачко — было трудно. Воспитатель благодарит детей за старание и активность.

Ожидаемые результаты

Дети считают в пределах 10 прямо и обратно, называют соседей чисел, сравнивают числа, используют математические знаки, решают примеры и задачи, различают геометрические фигуры, находят закономерности и проявляют интерес к математике.

Фаритова Диана Пашаевна
Медицинская сестра
ТОО «Bal bala heppines» Ясли сад
Жамбылская область, Байзакский район, село Костобе



ЗАКАЛИВАНИЕ ДЕТЕЙ В ДЕТСКОМ САДУ — ЭТО СИСТЕМА ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ, НАПРАВЛЕННЫХ НА УКРЕПЛЕНИЕ ТЕРМОРЕГУЛЯЦИИ И ИММУНИТЕТА РЕБЕНКА С ПОМОЩЬЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ ФАКТОРОВ ПРИРОДЫ: ВОЗДУХА, ВОДЫ И СОЛНЦА

Основные принципы закаливания

• **Постепенность:** время и интенсивность процедур увеличивают медленно.

• **Систематичность:** мероприятия проводят регулярно, без больших перерывов.

• **Учет индивидуальных особенностей:** учитывают возраст, здоровье и переносимость ребенка.

• **Комплексность:** сочетают разные виды воздействия (воздух, вода, солнце).





Основные виды закаливания в детском саду

1. **Воздушные процедуры**
2. (самый мягкий и безопасный метод):

o Регулярное сквозное или фрагментарное проветривание групп (температура в помещении +20–22°C).

o Утреннерассветная и дневная гимнастика с облегченной формой одежды.

o Прогулки на свежем воздухе в любую погоду (кроме экстремальных морозов до –15°...–18°C).

o Дневной сон при открытых фрамугах или окнах (с учетом температуры).

3. **Водные процедуры**:

o Ежедневное умывание прохладной водой (лицо, шея, верхняя часть груди).

o Обтирания или обливания ног/стоп с постепенным снижением температуры воды от +30°C до +16°C.

o Полоскание горла водой комнатной температуры после еды.

4. **Локальные и вспомогательные методы**:

o Хождение босиком по ребристым дощечкам, массажным коврикам или траве (15–60 минут в день).

- Солнечные ванны в летний период (дозированно, по 5–40 минут в утренние часы).

Общие правила безопасности



• Закаливание проводят **только при полном здоровье** ребенка (без признаков ОРВИ или обострения хронических болезней).

• Нельзя принуждать ребенка к холодным процедурам через силу — это вызывает стресс.

• Все методики в дошкольных учреждениях регламентированы санитарными нормами и согласовываются с медицинским работником сада. Подробнее о мягких формах и актуальных регламентах можно почитать на платформе

Маткалыкова Айнура Ериковна
Музыка жетекшісі
«Bal bala heppines» бөбекжай бақшасы
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қостөбе ауылы



«БЕРЕКЕЛІ, МЕРЕКЕЛІ АЛТЫН КҮЗ!»

Музыка залы әсем безендірілген. Ән ырғағымен жапырақ ұстап балалар музыка залына билеп кіреді, музыка соңында жапырақты жоғары лақтырады.

Жүрг: Келді міне алтын күз,
Сары шашты жарқын күз.
Мол өнімді әр ісімен,
Риза етіп халқын қыз.

-Құрметті балалар, қонақтар! Алтын күз мерекесі құтты болсын!

Балалардың тақпағы.

Хор «Күзгі вальс » (балалар отырады)

Жүрг: Балалар менің сендерге жұмбағым бар, жауабын тауып көріңдерші.
Жауып жаңбыр жер сабыр,
Шөп, жапырақ солады.
Бұл қай кезде болады? (күз)

Жүрг: Балалар бәріміз бірге Алтын күзді шақырайық.

Балалар: Алтын күз, Алтын күз.

Ән ырғағымен мыстан кемпір келеді.

Мыстан: Бұл не айқай, бұл не шу? Алтын күзді қонаққа шақырасыңдар, мені неге шақырмайсыңдар? Солай боларын сезіп, мен Алтын күзді жер асты зінданға қамап қойдым. Ха-ха-ха, енді мерекені қалай тойлар екенсіңдер.

Жүрг: Мыстан кемпір сен енді бізге қонаққа келіп қалыпсың, төрлет, қонағымыз бол.

Мыстан: Сендерді өте ақылды, шапшаң, өнерлі деп естідім. Егер менің көңілімді көтерсеңдер, Алтын күздеріңді қайтарып беремін.

Жүрг: Жарайды, Алтын күзді қайтару үшін, сенің көңіліңді көтерейік.

Мыстан: Менің І-ші шартым жұмбақтарымның шешуін табыңдар:

Бақшадан жер қазып,
Жиып алдым жер қазық (сәбіз)
Аспай піскен,
Қайнамай түскен (жеміс)

Көкпеңбек еді көктемде,
Қызарды күз жеткенде (алма)

Доптар жатыр желісі бар,
Қабат-қабат терісі бар (қырыққабат)

Ағаш толы сары шымшық
Сілкіп көрсең түседі ұшып (жапырақ)

Мыстан: Жарайсыңдар, І-ші тапсырмамды дұрыс орындадыңдар.

ІІ-ші тапсырмам, дауыстарыңды естігім келеді, маған тақпақтар оқып беріңдер.

Балалардың тақпағы.

Мыстан: Дауыстарының нәзігін –ай, бәріңді жеп қойғым келді ғой.

Жүрг: Мыстан ІІ-ші тапсырмаңды да орындадық, тағы қандай тапсырмаларың бар?

Мыстан: ІІІ-ші тапсырмам, бір арманым бар, сендермен бірге би билесем деп тұрмын.

Жүрг: Жарайды ол арманыңды да орындаймыз.

Би «Қолшатыр»





Мыстан: Мынау не зат?

Жүрг: Бұл қолшатыр, жаңбырдан қорғану үшін қолданады.

Кел балалармен бірге қолшатыр ойынын ойнап жібер.

Ойын: « Қолшатыр»

Жүрг: Осы қолшатырды саған сыйлаймыз.

Мыстан:Маған қолшатыр сыйлап, мені алдап жатырсыңдар ма?

Бәрібір Алтын күзді босатпаймын. Балалар сендер менің барлық тапсырмамды орындап жатырсыңдар ғой, енді не тапсырма берсем екен? Аааа, таптым, енді маған ән айтып беріңдер, мен білмейтін тілде, аааа білмейсіңдер ма? Ха-ха-ха, болды Алтын күзді енді көрмейсіңдер.

Жүрг: Балалар саған арнап орыс тілінде ән айтып береді.

Хор: « Дождик »

Мыстан: Миым ашып кетті, мына балалар не айтып кетті? Шынымен де балалар сендер ақылды, өнерлі екенсіңдер. Менімен дос боласыңдар ма?

Балалар: Боламыз.

Мыстан: Маған орыс тілін үйретесіңдер ме?

Балалар: Үйретеміз.

Жүрг: Мыстан сенің бар тапсырмаңды орындадық па?

Мыстан: Маған ойындарың ұнады, менімен дос боласыңдар ма?

Балалар: Боламыз.

Жүрг: Мыстан сенің тапсырмаларыңның бәрін орындадық, сен бізге Алтын күзімізді қайтарып бересің бе?

Мыстан: Әрине қайтарамын. Балалар сендермен дос болғаныма өте қуаныштымын, сендерге қонаққа келіп тұрсам бола ма?

Балалар: Болады.

Мыстан: Мен барып, Алтын күзді зінданнан босатайын. Сау болыңдар.

Мыстан ән ырғағымен шығып кетеді.

Жүрг: Сары жібек көйлегін желбіретіп,
Жапырағын ағаштың селдіретіп.
Тойға бөлеп елімді күзім келді,
Нұр тамшысын аспанның мөлдіретіп.

Ән ырғағымен Алтын күз келеді.

Алтын күз: Сәлем менің достарым.
Өмірге көп қосқаным.
Күз сыйлығын алыңдар,
Қызығына қаныңдар.
Молайтыңдар шаттықты,
Ән айтыңдар бақытты.

Жүрг: Қош келдің Алтын күз, төрлетіп, қонағымыз бол.
Саған арналған әдемі әнімізді қабыл ал.

Хор: « Күз келгенде»

Жүрг:Мерекемізді жалғастырайық, әдемі биімізді қабыл ал.

Би: «Жапырақтармен»

Алтын күз: Балалар өнерлерің маған ұнады, ендігі кезекті ойынға берейік.

Ойын:« Алқаптағы егін»

(2 камаз, 10 бидай, 2 обруч)

Жүрг: Алтын күз балалардың тақпағын қабыл ал.

Балалардың тақпағы

Алтын күз: Балалар сендер өте өнерлі, ақылды балалар екенсіңдер.
Менің сендерге сыйлығым бар (сыйлығын береді)

Жүрг:Алтын күзім шеберсің-ау, шеберсің,
Көрмегенді көрсетерсің, бересің.
Айналдырып айналаны алтынға,
Кездесейік осы әдемі қалпында

Балалар:Рахмет саған Алтын күз!

Алтын күз: Келесі жылы кездескенше сау болыңыздар!

Ән ырғағымен Алтын күз шығып кетеді.

Музыка ырғағымен балалар ән бөлмесінен шығып кетеді.

Шауш оглы Мальвина
Тәрбиеші
«Balbala heppines» бөбекжай бақшасы
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қостөбе ауылы



«ЖОЛДА ЖҮРУ ЕРЕЖЕСІН САҚТАЙЫҚ!»

Мақсаты: балаларды бағдаршам белгілерімен, жаяу жүргіншілер өткелімен таныстыру, көшеде қауіпсіз жүру дағдыларын қалыптастыру.

Қатысушылар: ортаңғы топ балалары.

Қажетті құралдар: бағдаршам макеті, қызыл, сары, жасыл дөңгелектер, жолақтардан жасалған жаяу жүргіншілер өткелі, ойыншық көліктер.

1. Кіріспе әңгіме

Тәрбиеші:

— Балалар, көшеде көліктер жүреді. Адамдар жүретін жолды тротуар деп атаймыз. Жолдан өту үшін арнайы өткелді пайдаланамыз. Бүгін жолда жүру ережелерін үйренеміз!

2. «Бағдаршамды таны»

Тәрбиеші бағдаршамның түстерін көрсетіп, түсіндіреді:

- **Қызыл жанса — тоқта!**
- **Сары жанса — күт! Жолға шықпа!**
- **Жасыл жанса — өтуге болады.** Алдымен көліктердің тоқтағанына көз жеткізіп, ересек адамның қолынан ұстап өтеміз.

3. «Бағдаршам» қимылды ойыны

Балалар бір-бірінен алшақ тұрады. Тәрбиеші түсті дөңгелектерді көрсетеді:

- Қызыл — орнында тоқтайды.
- Сары — қозғалмай күтеді.
- Жасыл — жайлап жүреді.

4. «Қуыршақты жолдан өткізейік» тәжірибелік ойыны

Еденге жаяу жүргіншілер өткелінің жолақтары төселеді. Тәрбиеші қуыршақпен бірге көрсетеді:

1. Өткелдің алдында тоқтаймыз.
2. Ересек адамның қолынан ұстаймыз.
3. Екі жаққа қарап, көліктердің тоқтағанына көз жеткіземіз.
4. Жолдан жүгірмей, жай жүріп өтеміз.

5. «Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны

Тәрбиеші әрекеттерді атайды, балалар жауап береді:

Әрекет	Жауабы
Жолдың үстінде доп ойнау	Бұрыс
Тротуармен жүру	Дұрыс
Қызыл шамда жолға шығу	Бұрыс
Ересек адамның қолынан ұстап өту	Дұрыс
Жолға домалаған доптың соңынан жүгіру	Бұрыс

6. Қорытынды

Тәрбиеші:

— Жолдан қай жерден өтеміз? Қызыл шам жанғанда не істейміз? Көшеде кімнің қолынан ұстап жүреміз?

Балалармен бірге қайталау:

«Жолда ойнамаймыз! Бағдаршамға қараймыз! Үлкендердің қолынан ұстаймыз!»

Күтілетін нәтиже: балалар бағдаршам түстерін ажыратады, жаяу жүргіншілер өткелін таниды және жолдан ересек адаммен бірге өту керектігін біледі.



Есмалаева Гүлнұр Ақылбайқызы
Тәрбиеші
“Айбын” бөбекжай балабақшасы
Ақтөбе қаласы



«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ – БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫҢ НЕГІЗІ»

Кіріспе

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – білім беру жүйесінің алғашқы әрі маңызды сатысы. Өйткені баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы, дүниетанымының кеңеюі, мінез-құлқының дамуы, қоршаған ортаға деген көзқарасы мен адамгершілік қасиеттерінің негізі осы кезеңде қаланады. Балалық шақ – адам өміріндегі ең ерекше, қайталанбас және жауапты кезең. Осы уақытта бала айналасындағы әлемді танып, үлкендердің іс-әрекетіне еліктеп, жақсы мен жаманды ажыратуды үйренеді. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасы – болашақ қоғамның дамуына тікелей ықпал ететін маңызды фактор.

Қазіргі қоғамда білімді, мәдениетті, шығармашыл, өз ойын еркін жеткізе алатын және ұлттық құндылықтарды құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу басты міндеттердің бірі болып саналады. Бұл міндетті жүзеге асыруда мектепке дейінгі ұйымдардың, педагогтердің және ата-аналардың рөлі ерекше. Балабақша – баланың әлеуметтік ортаға бейімделетін, алғашқы достарын табатын, қарым-қатынас жасауды меңгеретін, танымдық қабілеттерін дамытатын және өзіндік көзқарасы қалыптаса бастайтын орта.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту тек баланы мектепке дайындаумен шектелмейді. Оның басты мақсаты – баланың денсаулығын нығайту, эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, өзіне деген сенімділігін арттыру. Әрбір бала – қайталанбас тұлға. Оның бойындағы қабілетті байқап, қызығушылығын оятып, мүмкіндігін дамыту – педагогтің кәсіби шеберлігі мен адамдық қасиетіне байланысты.

Менің ойымша, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға салынған еңбек – болашаққа салынған ең құнды инвестиция. Себебі бүгінгі бүлдіршін – ертеңгі ел азаматы, болашақ маман, қоғамның белсенді мүшесі. Сондықтан әрбір балаға сапалы тәрбие мен білім беру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Негізгі бөлім

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың маңызы

Мектепке дейінгі кезең баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік және танымдық дамуы үшін ерекше маңызға ие. Бұл жаста балалардың білуге деген құштарлығы артып, айналасындағы құбылыстарға қызығушылығы күшейеді. Олар көп сұрақ қояды, жаңа нәрселерді байқап көруге тырысады, өздігінен әрекет етуге ұмтылады. Осындай табиғи

қызығушылықты қолдап, дұрыс бағыт беру – тәрбие мен оқыту үдерісінің негізгі міндеттерінің бірі.

Балабақшада бала күн тәртібін сақтауға, тазалыққа, ұқыптылыққа, өзіне-өзі қызмет көрсетуге үйренеді. Сонымен қатар қатарластарымен ойнау, ортақ шешім қабылдау, ойыншықтарын бөлісу, өзгенің пікірін тыңдау арқылы әлеуметтік дағдыларын қалыптастырады. Мұның барлығы баланың мектепке және кейінгі өмірге бейімделуіне көмектеседі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылатын әрбір әрекет баланың дамуына бағытталуы керек. Мысалы, құрастыру ойындары логикалық ойлауын дамытса, сурет салу мен мүсіндеу шығармашылық қабілетін арттырады. Әңгімелесу мен ертегі тыңдау тіл байлығын молайтып, байланыстырып сөйлеуге үйретеді. Қимылды ойындар дене белсенділігін арттырып, ептілік пен үйлесімділікті дамытады.

Осы тұрғыдан алғанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – баланың жан-жақты дамуына жағдай жасайтын тұтас педагогикалық үдеріс. Оның нәтижесі баланың алған білімінің көлемімен ғана емес, өздігінен ойлауымен, қарым-қатынас жасай білуімен, қоршаған ортаға қызығушылығымен және жаңа жағдайларға бейімделуімен де бағалануы тиіс.

2. Тәрбиешінің бала өміріндегі орны мен жауапкершілігі

Тәрбиеші – баланың алғашқы ұстаздарының бірі. Оның әрбір сөзі, іс-әрекеті, қарым-қатынасы балалар үшін үлгі болып табылады. Бала үлкендердің сөйлеген сөзін, жасаған әрекетін бақылап, соған еліктейді. Сондықтан тәрбиеші өз ісінде әділдік, сабырлылық, мейірімділік, жауапкершілік және адамгершілік қасиеттерді көрсете білуі қажет.

Тәрбиешінің міндеті тек оқу қызметін ұйымдастырумен шектелмейді… Ол әр баланың көңіл күйін байқап, оның қажеттілігін түсініп, өз ойын еркін айтуына мүмкіндік беруі керек. Кейбір балалар жаңа ортаға тез бейімделсе, енді біреулеріне көбірек уақыт пен қолдау қажет болады. Осындай жағдайда педагог баланы өзгелермен салыстырмай, оның жеке даму қарқынын ескеріп, жетістігін бағалай білуі маңызды.

Баланың кішкентай жетістігінің өзі оның өзіне деген сенімін арттырады. Мысалы, бұрын өз ойын айтуға ұялатын балаға қолдау көрсетіліп, оның жауабы мұқият тыңдалса, ол келесі жолы белсенділік танытуға талпынады. Өздігінен киінуге немесе тапсырманы орындауға тырысқан балаға мүмкіндік беру оның дербестігін қалыптастырады.

Нағыз тәрбиеші баланың бойындағы кемшілікті ғана көрмей, оның жақсы қасиеттері мен мүмкіндіктерін де байқай біледі. Ол баланы қорқыту немесе жазалау арқылы емес, түсіндіру, үлгі көрсету, қолдау және ынталандыру арқылы тәрбиелеуге ұмтылады.

Менің түсінігімде, тәрбиеші болу – үлкен жүректі, төзімділікті, білімді және үздіксіз ізденісті талап ететін мамандық. Әрбір бүлдіршіннің жүрегіне жол табу, оның сеніміне ие болу және болашағына оң ықпал ету – тәрбиешінің ең үлкен жетістігі.

3. Оқыту үдерісінде ойын технологияларын қолдану

Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ойын – қоршаған ортаны танудың негізгі тәсілдерінің бірі. Ойын арқылы бала жаңа білім алады, тәжірибе жинақтайды, өз эмоциясын білдіреді және басқа адамдармен қарым-қатынас жасауды үйренеді. Сондықтан ойын мектепке дейінгі білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Дидактикалық ойындар балалардың санау, салыстыру, топтастыру, есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Мысалы, түстерді ажыратуға арналған ойындар арқылы балалар түстерді танып қана қоймай, заттарды белгілеріне қарай топтастыруды меңгереді. Сандарға байланысты ойындар математикалық түсініктерін қалыптастырады. Сөздік ойындар балалардың сөздік қорын молайтып, дұрыс сөйлеу дағдыларын жетілдіреді.

Сюжеттік-рөлдік ойындар да ерекше орын алады. «Дәрігер», «Дүкен», «Отбасы», «Балабақша» сияқты ойындар барысында балалар түрлі мамандықтармен танысып, үлкендердің еңбегін түсінеді. Олар рөлдерді бөлісіп, өзара келісуге, бір-бірін тыңдауға және жауапкершілік алуға үйренеді.

Сонымен қатар құрастыру, зерттеу, тәжірибе жасау және шығармашылық ойындар балалардың қиялын дамытып, мәселені шешу қабілетін жетілдіреді. Ойын барысында педагог баланың белсенділігін қолдап, оған өздігінен шешім қабылдауға мүмкіндік бергені жөн.

Ойынның тиімділігі оның қызықты болуымен ғана емес, нақты педагогикалық мақсатқа бағытталуымен де анықталады. Тәрбиеші ойын түрін балалардың жас ерекшелігіне, қызығушылығына және даму деңгейіне сәйкес таңдауы қажет. Сонда ойын балалар үшін қызықты әрекет болумен қатар, нәтижелі оқыту құралына айналады.

4. Баланың тілін дамыту және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.

Тіл дамыту – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың маңызды бағыттарының бірі. Тіл арқылы бала өз ойын жеткізеді, сезімін білдіреді, қоршаған ортамен байланыс орнатады және жаңа білімді меңгереді. Сөздік қоры бай, ойын жүйелі жеткізе алатын бала өзіне сенімді болып, құрдастарымен қарым-қатынас жасауда белсенділік танытады.

Баланың тілін дамыту үшін күнделікті әңгімелесу, ертегі оқу, өлең жаттау, жұмбақ шешу, мақал-мәтелдермен таныстыру және түрлі дидактикалық ойындарды қолдану тиімді. Сонымен қатар балаларға сурет бойынша әңгіме құрастыру, оқиғаның жалғасын ойлап табу және өз әсерлерімен бөлісу тапсырмаларын ұсынуға болады.

Педагог баланың жауабын асықтырмай тыңдап, сөзін бөлмей, ойын толық жеткізуіне жағдай жасауы қажет. Қате айтылған сөздерді баланы ұялтпай, дұрыс нұсқасын үлгі ретінде көрсету арқылы түзету маңызды. Бұл баланың сөйлеуге деген ынтасын сақтап, өзіне деген сенімін нығайтады.

Ана тілін құрметтеу мен ұлттық мәдениетті таныту да тіл дамыту жұмысымен тығыз байланысты. Қазақ халық ертегілері, ұлттық ойындар, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер мен салт-дәстүрлер балалардың тіл байлығын арттырып қана қоймай, ұлттық дүниетанымын қалыптастырады.

Қазіргі уақытта балалардың қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға да ерекше көңіл бөлінуі керек. Бала өз ойын жеткізумен қатар, өзгелерді тыңдауды, сұрақ қоюды, жауап беруді, келіспеушілікті бейбіт жолмен шешуді үйренуі тиіс. Бұл дағдылар оның мектептегі оқуына және болашақтағы қоғамдық өміріне негіз болады.

5. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу

Ұлттық тәрбие – жас ұрпақтың бойына туған жерге сүйіспеншілік, ана тіліне құрмет, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық және адамгершілік қасиеттерді сіңірудің маңызды жолы. Мектепке дейінгі кезеңде балаларға ұлттық құндылықтарды түсінікті әрі қызықты түрде жеткізу қажет.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары ұрпақ тәрбиесінде ерекше орын алады. Мысалы, сәлемдесу әдебін үйрету арқылы балалар ізеттілікке баулынады. Үлкенді сыйлау, дастарқан басындағы әдеп, қонақжайлық, бір-біріне көмектесу сияқты қарапайым әрекеттер арқылы адамгершілік қасиеттер қалыптасады.

Ұлттық ойындар баланың дене дамуына ғана емес, ойлау қабілетіне, ептілігіне және өзара әрекеттесуіне де ықпал етеді. «Асық ату», «Арқан тарту», «Орамал тастамақ» секілді ойындарды балалардың жас ерекшеліктеріне бейімдеп ұйымдастыру олардың ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттырады.

Сонымен қатар балаларға қазақ халқының батырлары, ақындары, ұлы ойшылдары туралы жас ерекшелігіне сай мәлімет беру, ұлттық киімдермен, қолөнер бұйымдарымен және халық музыкасының үлгілерімен таныстыру пайдалы. Мұндай жұмыстар балалардың өз халқының мәдени мұрасын тануына мүмкіндік береді.

Ұлттық тәрбие баланы басқа мәдениеттерден алыстату емес, өз тамырын танып, өзгені құрметтеуге үйрету болып табылады. Өз тілін, тарихын, мәдениетін құрметтейтін бала қоғамдағы түрлі адамдармен сыйластықта өмір сүруге үйренеді.

6. Баланың жеке тұлғасын дамыту және оның қабілетін ашу

Әрбір бала – өзіндік ерекшелігі, мінезі, қызығушылығы мен қабілеті бар жеке тұлға. Бір бала сурет салуға бейім болса, екіншісі құрастыруды ұнатады, үшіншісі ән айтуға немесе

қимылды ойындарға қызығушылық танытады. Педагогтің міндеті – осы ерекшеліктерді байқап, баланың қабілетін дамытуға қолайлы орта қалыптастыру.

Балалардың барлығынан бірдей нәтиже күтудің орнына, олардың жеке даму қарқынын ескерген дұрыс. Бір бала тапсырманы тез орындаса, екіншісіне қосымша түсіндіру немесе көмек қажет болуы мүмкін. Мұндай айырмашылықтарды қалыпты құбылыс ретінде қабылдау баланың эмоционалдық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Баланың дербестігін дамыту үшін оған жасына сәйкес міндеттер берген жөн. Мысалы, ойыншықтарын жинау, киімін реттеу, қажетті заттарын дайындау, өсімдіктерге күтім жасау және ортақ жұмыстарға қатысу арқылы жауапкершілік сезімі қалыптасады.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту да маңызды. Балаларға сурет салуға, ермексазбен жұмыс істеуге, музыка тыңдауға, би билеуге, құрастыруға және өз ойынан әңгіме құрастыруға мүмкіндік беру олардың қиялын байытады. Ең бастысы, баланың жұмысына тек дайын нәтиже тұрғысынан баға бермей, оның ізденісін, талпынысын және еңбегін қолдау қажет.

Педагог баланың жетістігін атап өтіп, қателігін үйренудің бір бөлігі ретінде қабылдауға үйретуі керек. Сонда бала қиындыққа тап болғанда бірден бас тартпай, қайта әрекет жасап көруге дағдыланады. Бұл қасиет болашақта өздігінен білім алуға және түрлі өмірлік жағдайларға бейімделуге көмектеседі.

7. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық

Бала тәрбиесінде отбасы мен балабақшаның өзара байланысы ерекше рөл атқарады. Отбасы – баланың алғашқы тәрбие ортасы, ал балабақша осы тәрбиені жалғастырып, баланың әлеуметтік және танымдық дамуына жағдай жасайды. Сондықтан ата-ана мен педагогтің мақсаттары өзара үйлесімді болғаны маңызды.

Ата-анамен тиімді қарым-қатынас орнату үшін педагог ашықтықты, өзара құрметті және сенімді басшылыққа алуы керек. Баланың жетістіктерімен қатар, дамыту қажет тұстарын да әдепті түрде түсіндіріп, мәселені бірлесіп шешу жолдарын ұсынған дұрыс.

Ата-аналар жиналысы, жеке кеңес беру, ашық есік күндері, бірлескен шығармашылық жұмыстар мен мерекелік іс-шаралар отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайтады. Мұндай жұмыстар ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттырып, баланың тәрбиесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Мысалы, үйде кітап оқу, бірге сурет салу, табиғатты бақылау, күнделікті әңгімелесу және қарапайым тұрмыстық жұмыстарға қатыстыру баланың дамуына оң ықпал етеді. Балабақшада қалыптасқан жақсы әдеттердің отбасында да қолдау табуы олардың тұрақты дағдыға айналуына көмектеседі.

Сонымен бірге ата-ана мен педагог арасында өзара кінә тағу емес, ортақ шешім іздеу мәдениеті қалыптасуы қажет. Екі тараптың да басты мақсаты – баланың амандығы, дамуы және бақытты балалық шағы. Осы ортақ мақсатқа бағытталған ынтымақтастық тәрбие жұмысының нәтижелілігін арттырады.

8. Заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдер және инновациялық технологиялар

Қазіргі кезеңде білім беру саласы үздіксіз өзгеріп, педагогтерден жаңа білім мен әдістерді меңгеруді талап етеді. Мектепке дейінгі ұйымдарда заманауи педагогикалық тәсілдерді орынды қолдану балалардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу үдерісін қызықты әрі нәтижелі етуге мүмкіндік береді.

Балаларға дайын ақпаратты ғана ұсынудың орнына, оларды сұрақ қоюға, бақылауға, салыстыруға, тәжірибе жасауға және өз қорытындысын айтуға үйрету маңызды. Мысалы, табиғат құбылыстарын бақылау, судың қасиеттерін зерттеу, өсімдіктің өсуін қадағалау сияқты қарапайым әрекеттер балалардың зерттеушілік қызығушылығын дамытады.

Жобалық жұмыстарды да мектепке дейінгі жаста балалардың мүмкіндігіне сай ұйымдастыруға болады. Мысалы, «Менің отбасым», «Табиғатты қорғайық», «Туған өлкем», «Пайдалы тағамдар» тақырыптарында сурет жинау, әңгіме құрастыру, макет жасау және шағын таныстырылым өткізу балалардың бірлескен жұмыс дағдыларын жетілдіреді.

Цифрлық ресурстарды қолдану кезінде баланың жасы, денсаулығы және қауіпсіздігі ескерілуі тиіс. Электрондық материалдар педагогтің тікелей қарым-қатынасын, қимылды

ойындарды, шығармашылық әрекеттерді және тірі табиғатты бақылауды алмастырмауы керек. Олар тек оқу мақсатына сай, мөлшерлі әрі орынды қолданылғанда пайдалы болады.

Заманауи педагог үнемі ізденіп, өз тәжірибесін талдап, жаңа әдістерді меңгеріп отыруы қажет. Әрбір қолданылған әдіс баланың қажеттілігіне сәйкес келіп, оның дамуына нақты үлес қосуы тиіс. Осылайша инновациялық тәсілдер білім беру сапасын арттырудың тиімді құралына айналады.

9. Балалардың қауіпсіздігі мен эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету

Мектепке дейінгі ұйымдағы ең маңызды міндеттердің бірі – баланың өмірі мен денсаулығын қорғау. Бала өзін қауіпсіз сезінген жағдайда ғана еркін ойнап, жаңа білімді қабылдап, айналасындағы адамдармен сенімді қарым-қатынас орната алады.

Қауіпсіз орта қалыптастыру үшін балабақша бөлмелерінің, ойын алаңдарының, жиһаздардың және ойын құралдарының балалардың жас ерекшелігіне сай болуына назар аудару қажет. Күн тәртібін сақтау, жеке бас гигиенасын үйрету, дұрыс тамақтану мен дене белсенділігіне жағдай жасау да маңызды.

Баланың эмоционалдық қауіпсіздігі де физикалық қауіпсіздікпен бірдей мәнге ие. Баланы қорлау, кемсіту, басқа балалармен салыстыру немесе оның сезімін елемеу өзіне деген сеніміне кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан педагог әр баламен сыйластыққа негізделген қарым-қатынас орнатып, оның сезімін түсінуге тырысуы керек.

Балаларға өз эмоцияларын тануды және білдіруді үйрету маңызды. «Сен қазір ренжіп тұрсың ба?», «Саған не көмектеседі?», «Мәселені бірге шешіп көрейік» деген сияқты қолдаушы сөздер баланың сезімін түсінуіне және қиын жағдайларды бейбіт жолмен шешуіне көмектеседі.

Сонымен қатар балаларға жеке шекарасын сақтау, қауіп төнген жағдайда ересек адамнан көмек сұрау және қауіпсіз мінез-құлық ережелерін меңгерту қажет. Осындай жүйелі жұмыс баланың өзіне сенімді, дені сау және әлеуметтік ортаға бейім тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

10. Педагогтің кәсіби дамуы және өзін-өзі жетілдіруі

Мектепке дейінгі білім беру сапасы педагогтің кәсіби құзыреттілігімен тығыз байланысты. Қазіргі тәрбиеші балалардың жас ерекшеліктерін, даму психологиясын, педагогикалық әдістерді және тиімді қарым-қатынас тәсілдерін жақсы меңгеруі керек. Сонымен бірге ол әр баланың қажеттілігіне сай білім беру ортасын ұйымдастыра білуі қажет.

Педагогтің кәсіби дамуы үздіксіз білім алуды, тәжірибе алмасуды, өз жұмысын талдауды және жаңашылдыққа ашық болуды талап етеді. Семинарларға, курстарға, әдістемелік бірлестіктерге қатысу арқылы тәрбиеші өз білімін толықтырып, жаңа идеялармен таныса алады.

Өзін-өзі жетілдірудің маңызды бөлігі – педагогикалық рефлексия. Бұл өз жұмысына талдау жасап, қандай әдістердің тиімді болғанын, балалардың қандай жетістікке жеткенін және нені жақсарту қажеттігін анықтау дегенді білдіреді. Мұндай талдау педагогке келесі жұмысын жоспарлауға және кәсіби шеберлігін арттыруға көмектеседі.

Педагогикалық ұжымдағы ынтымақтастық та маңызды. Тәжірибелі мамандармен пікір алмасу, өзара сабақтарға қатысу, әдістемелік материалдармен бөлісу және ортақ жобаларды жүзеге асыру ұйымдағы білім беру сапасын жақсартады.

Нағыз кәсіби педагог өз мамандығына жауапкершілікпен қарап, әр баланың жетістігін өзінің еңбегінің нәтижесі ретінде бағалайды. Ол өзгерістерге бейімделіп, ізденістен жалықпай, білімін тәжірибемен ұштастырады. Өйткені бала тәрбиесінде тоқтап қалуға болмайды: заман өзгерген сайын педагогтің де білімі мен көзқарасы жетіліп отыруы қажет.

11. Мектепке дейінгі ұйым басшылығы мен әдістемелік жұмыстың маңызы

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру мен тәрбие жұмысының сапасы тек жеке педагогтің еңбегіне ғана емес, бүкіл ұжымның бірлескен әрекетіне байланысты. Ұйым басшылығы мен әдістемелік қызметтің негізгі міндеттерінің бірі – тәрбиешілерге кәсіби қолдау көрсету, оқу-тәрбие үдерісін тиімді жоспарлау және балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

Әдістемелік жұмыс педагогтердің білімін жетілдіруге, тәжірибесін байытуға және заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеруіне бағытталуы тиіс. Ол үшін семинарлар, шеберлік сабақтары, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, педагогикалық кеңестер, тәжірибе алмасу кездесулері және шығармашылық топтардың жұмысын ұйымдастыруға болады.

Сонымен қатар білім беру үдерісін жоспарлау кезінде балалардың жас ерекшеліктері, жеке қажеттіліктері және мемлекеттік талаптар ескерілуі қажет. Жоспарланған іс-шаралар қағаз жүзінде ғана қалмай, балалардың дамуына нақты ықпал етуі маңызды.

Педагогтердің жұмысын бағалау кезінде тек құжаттардың толықтығына емес, олардың балалармен қарым-қатынасына, оқу қызметін ұйымдастыруына, шығармашылық ізденісіне және кәсіби дамуына да назар аудару қажет. Әдістемелік қолдау бақылаумен шектелмей, педагогке қиындықты анықтап, оны шешу жолдарын табуға көмектесуі керек.

Басшылық пен педагогтер арасында сенім мен өзара құрметке негізделген орта қалыптасқанда ұжымның жұмысқа деген ынтасы артып, ортақ мақсатқа жету мүмкіндігі кеңейеді. Ал үйлесімді жұмыс істейтін ұжым балалардың сапалы тәрбие мен білім алуына жағдай жасайды.

12. Мектепке даярлау және баланың мектеп өміріне бейімделуі

Мектепке даярлау – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың маңызды бағыттарының бірі. Алайда баланы мектепке дайындау дегеніміз тек әріптерді таныту, санату немесе жазуға үйрету емес. Ең алдымен, баланың танымдық қызығушылығын, дербестігін, қарым-қатынас дағдыларын және жаңа жағдайға бейімделу қабілетін дамыту қажет.

Мектепке дайын баланың тапсырманы тыңдай білуі, өз ойын жеткізуі, сұрақ қоюы, қарапайым нұсқауларды орындауы және бастаған жұмысын аяқтауға талпынуы маңызды. Сонымен бірге ол өз заттарына ұқыпты қарап, күнделікті әрекеттерін мүмкіндігінше өздігінен орындай алуы керек.

Баланың оқу әрекетіне қызығушылығын арттыру үшін танымдық ойындар, әңгімелесу, құрастыру, сурет салу және зерттеу тапсырмаларын қолдануға болады. Мұндай жұмыстар баланың ойлауын, зейінін, есте сақтауын және шығармашылық қабілетін дамытады.

Мектепке психологиялық даярлық та ерекше мәнге ие. Бала жаңа ортаға барудан қорықпай, өзгелермен қарым-қатынас орнатуға және көмек қажет болғанда ересек адамға жүгінуге үйренуі керек. Бұл үшін ата-ана мен балабақша педагогтері мектеп туралы жағымды түсінік қалыптастырып, баланың сұрақтарына түсіністікпен жауап бергені жөн.

Мектепке даярлау барысында балаларды бір-бірімен салыстыруға немесе шамадан тыс талап қоюға болмайды. Әр баланың даму қарқыны әртүрлі. Сондықтан негізгі мақсат – баланы асықтыру емес, оның мектеп өміріне сенімді, қызығушылықпен және қажетті дағдылармен қадам басуына көмектесу.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу – баланың болашақ өміріне бағыт беретін, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына негіз болатын аса маңызды сала. Бұл кезеңде берілген тәрбие мен білім баланың дүниетанымына, мінез-құлқына, адамдармен қарым-қатынасына және өз мүмкіндіктерін бағалауына ықпал етеді.

Мектепке дейінгі ұйымның басты мақсаты – баланы белгілі бір білім көлемімен ғана қаруландыру емес, оның бойындағы табиғи қабілеттерді дамыту, танымдық қызығушылығын арттыру, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру және өзін еркін сезінетін қауіпсіз орта құру. Осы мақсатқа жету үшін педагог, ата-ана және мектепке дейінгі ұйым басшылығы өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуі қажет.

Менің ойымша, тәрбие мен білімнің сапасы ең алдымен балаға деген құрметтен басталады. Баланы тыңдау, оның пікірін ескеру, жетістігін бағалау, қателігін түзетуге көмектесу және өзіне сенім ұялату – нәтижелі тәрбиенің негізі. Әр баланың бойында ашылмаған мүмкіндік бар. Сол мүмкіндікті байқап, дамытуға жағдай жасау – педагогтің кәсіби шеберлігі мен адамдық парызы.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру саласы педагогтерден үнемі ізденуді, жаңашылдықты және үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан әрбір маман өз білімін

жетілдіріп, тәжірибесін байытып, бала тәрбиесіне шығармашылықпен қарауы керек. Баланың жан-жақты дамуына бағытталған жүйелі жұмыс қана сапалы нәтижеге жеткізеді.

«Тәрбие тал бесіктен басталады» деген халқымыздың даналық сөзі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың маңызын терең түсіндіреді. Балаға кішкентайынан берілген мейірім, дұрыс бағыт және сапалы білім оның болашағына жол ашады.

Мен үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – жай ғана мамандық емес, үлкен жауапкершілік пен ізгілікке негізделген маңызды миссия. Әрбір баланың күлкісі, жетістігі, жаңа нәрсені үйренуге деген талпынысы – педагог еңбегінің ең үлкен жемісі.

Болашақтың жарқын болуы бүгінгі ұрпақтың тәрбиесіне байланысты. Сондықтан әрбір бүлдіршінге сапалы білім, саналы тәрбие және мейірім сыйлау – баршамыздың ортақ парызымыз. Балаға салынған тәрбие іргетасы берік болса, еліміздің ертеңі де нық, болашағы да жарқын болмақ.

Саукимбекова Майра Баймолдаевна
Тәрбиеші, педагог-модератор
№6-бөбекжай бақшасы
Жамбыл облысы, Тараз қаласы



ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ҰРПАҚ САНАСЫНА СІҢІРУ

Аннотация: мақалада мектепке дейінгі тәрбие жүйесінде ұлттық құндылықтарды дәріптеудің ғылыми-әдістемелік негіздері және заманауи технологияларды қолдану мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылады. Цифрлық педагогика, нейропедагогика және мәдени сәйкестік теориялары негізінде ұлттық мазмұнды меңгертудің тиімді жолдары талданады. Интерактивті оқыту, цифрлық storytelling, геймификация, STEAM тәсілі және жасанды интеллект элементтерін қолдану арқылы балалардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілетін және ұлттық сана-сезімін дамыту мәселелері ашылады. Сонымен қатар ата-анамен серіктестік, цифрлық ортадағы қауіпсіздік және мазмұн сапасын қамтамасыз ету аспектілері қарастырылады. Мақала мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне арналған ғылыми-әдістемелік материал ретінде ұсынылады.

Кілт сөздер: ұлттық құндылықтар, мектепке дейінгі тәрбие, цифрлық технологиялар, нейропедагогика, мәдени сәйкестік, STEAM, геймификация, storytelling, жасанды интеллект, цифрлық педагогика.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен оны жас ұрпақ санасына сіңіру білім беру жүйесінің стратегиялық міндеттерінің бірі болып отыр. Мектепке дейінгі кезең – тұлғаның дүниетанымы мен құндылықтық бағдарлары қалыптасатын ең шешуші кезеңдердің бірі болғандықтан, осы уақытта ұлттық мәдениет элементтерін жүйелі түрде енгізу ерекше маңызға ие. Ұлттық құндылықтар – тіл, дәстүр, әдет-ғұрып, өнер, моральдық нормалар мен дүниетанымдық ұстанымдардың жиынтығы ретінде баланың тұлғалық дамуының негізін құрайды. Сондықтан тәрбиеші ұлттық тәрбиені заманауи технологиялармен үйлестіре отырып ұйымдастырған жағдайда ғана оның тиімділігі артады және бала үшін мазмұнды әрі қызықты болады.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеуде заманауи технологияларды қолдану білім беру мазмұнын жаңғыртудың маңызды бағыты болып табылады, себебі қазіргі балалар цифрлық ортада өсіп келе жатқан «сандық ұрпақ» болып саналады. Интерактивті тақталар, мультимедиялық презентациялар, анимациялық бейнелер және білім беру қосымшалары арқылы ұлттық мәдениеттің элементтерін визуалды және динамикалық түрде көрсету баланың қабылдауын жеңілдетеді. Мысалы, қазақтың салт-дәстүрлері туралы бейнематериалдар, ұлттық киімдердің 3D модельдері немесе халық ертегілерінің анимациялық нұсқалары балалардың қызығушылығын арттырып, ақпаратты есте сақтауын жақсартады.

Мектепке дейінгі тәрбие процесінде ұлттық құндылықтарды ойын арқылы жеткізу ең тиімді әдістердің бірі болып табылады, ал заманауи технологиялар бұл процесті жаңа деңгейге көтереді. Дәстүрлі ұлттық ойындарды цифрлық форматта ұсыну немесе оларды интерактивті тапсырмалармен толықтыру балалардың танымдық белсенділігін арттырады. Мысалы, «асық ату», «тоғызқұмалақ» элементтерін қамтитын қарапайым цифрлық ойындар балалардың логикалық ойлауын дамытып қана қоймай, ұлттық мәдениетпен танысуына мүмкіндік береді.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеуде storytelling (әңгімелеу) технологиясының маңызы ерекше. Қазақ халық ертегілері, аңыздар мен батырлар жыры балалардың қиялын дамытып, моральдық құндылықтарды қалыптастырады. Заманауи технологиялар арқылы бұл мазмұнды интерактивті форматта ұсыну – дыбыстық эффектілер, анимация және визуалды бейнелер арқылы баланың эмоциялық қабылдауын күшейтеді. Мұндай тәсілдер баланың тек ақпаратты қабылдауын ғана емес, оны терең сезінуін қамтамасыз етеді.

Қазіргі педагогикада ұлттық құндылықтарды меңгертуде STEAM тәсілін қолдану да өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Мысалы, ұлттық қолөнер элементтерін (ою-өрнек, кесте, киіз басу) технология, инженерия және өнермен байланыстыра отырып оқыту баланың шығармашылық және логикалық ойлауын қатар дамытады. Бұл тәсіл ұлттық мәдениетті тек теориялық емес, практикалық тұрғыдан меңгеруге мүмкіндік береді.

Нейропедагогикалық тұрғыдан алғанда, ұлттық мазмұнды визуалды және интерактивті түрде ұсыну баланың миында тұрақты нейрондық байланыстардың қалыптасуына ықпал етеді. Әсіресе эмоциялық бояуы бар ақпарат (ертегілер, музыка, ұлттық әуендер) жақсы есте сақталады. Сондықтан ұлттық құндылықтарды оқытуда музыка, қимыл-қозғалыс және визуалды элементтерді біріктіру тиімді нәтиже береді.

Цифрлық технологиялар ұлттық тәрбиеде ата-анамен байланыс орнатуға да мүмкіндік береді. Онлайн платформалар арқылы ата-аналарға ұлттық дәстүрлер туралы материалдар, бейнесабақтар және ұсыныстар жіберіліп, отбасында тәрбиені жалғастыруға жағдай жасалады. Бұл баланың ұлттық құндылықтарды тек балабақшада емес, үйде де меңгеруіне ықпал етеді.

Сонымен қатар ұлттық құндылықтарды дәріптеуде жобалық оқыту әдісін қолдану тиімді болып табылады. Балалар шағын жобалар арқылы ұлттық тағамдар, киімдер немесе дәстүрлер туралы зерттеу жүргізіп, өз нәтижелерін таныстырады. Бұл олардың зерттеушілік дағдыларын дамытып, ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырады.

Қазіргі кезеңде жасанды интеллект элементтері де ұлттық тәрбиеде қолданылуда. AI негізіндегі қосымшалар балалардың оқу деңгейін талдап, ұлттық мазмұнды тапсырмаларды жеке ерекшеліктеріне сәйкес ұсына алады. Бұл оқыту процесін дараландырып, тиімділігін

арттырады. Сонымен қатар виртуалды шындық технологиялары арқылы балалар тарихи орындармен «танысып», ұлттық мәдениетті тереңірек сезіне алады.

Дегенмен заманауи технологияларды қолдану барысында ұлттық мазмұнның шынайылығы мен тәрбиелік мәнін сақтау маңызды. Технология тек құрал ретінде қолданылып, негізгі мақсат – ұлттық құндылықтарды дұрыс әрі сапалы жеткізу болуы тиіс. Сондықтан тәрбиеші технология мен дәстүр арасындағы тепе-теңдікті сақтай білуі қажет.

Қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу мәселесі тек мазмұндық деңгейде ғана емес, оны жеткізу формасы мен әдіснамалық негіздері тұрғысынан да жаңаша қарастыруды талап етеді. Цифрлық педагогика осы бағытта жаңа мүмкіндіктер ұсынып, ұлттық мазмұнды оқыту процесін интерактивті, бейімделген және дербестендірілген форматқа көшіруге жағдай жасайды. Цифрлық педагогика – бұл тек технологияны қолдану емес, ол білім алушының танымдық әрекетін басқарудың жаңа тәсілі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық құндылықтарды оқытуда цифрлық құралдарды қолдану баланың мәдени ақпаратты қабылдау, өңдеу және қайта құру қабілеттерін дамытуға бағытталады, бұл өз кезегінде оның мәдени сәйкестігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Нейропедагогикалық зерттеулер ұлттық мазмұнды оқытуда эмоциялық факторлардың ерекше рөл атқаратынын дәлелдейді, себебі эмоциялық бояуы бар ақпарат мида ұзақ уақыт сақталады және тұлғалық деңгейде бекітіледі. Балалар ұлттық әндер, ертегілер, дәстүрлермен танысқанда тек ақпарат алмайды, олар белгілі бір эмоциялық тәжірибе қалыптастырады, бұл олардың ұлттық идентификациясының негізін құрайды. Заманауи технологиялар осы процесті күшейтіп, мультимедиялық құралдар арқылы эмоциялық әсерді арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, дыбыстық сүйемелдеу, анимация және визуалды эффектілер арқылы ұсынылған ұлттық мазмұн баланың қызығушылығын арттырып қана қоймай, оның есте сақтау қабілетін де күшейтеді.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеуде мәдени сәйкестік (cultural identity) қалыптастыру маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Мәдени сәйкестік – адамның өзін белгілі бір мәдениетпен байланыстыруы, оның құндылықтарын қабылдауы және сол мәдени ортада өзін еркін сезінуі. Мектепке дейінгі жаста бұл процесс бастапқы деңгейде қалыптасады, сондықтан ұлттық мазмұнды жүйелі түрде енгізу қажет. Заманауи технологиялар бұл процесті жеделдетіп, баланың өз мәдениетін визуалды және интерактивті түрде тануына мүмкіндік береді. Мысалы, виртуалды экскурсиялар арқылы балалар тарихи орындармен танысып, ұлттық мәдениетті кеңістіктік тұрғыдан қабылдай алады.

Цифрлық ортада ұлттық құндылықтарды меңгертудің тағы бір маңызды бағыты – дербестендірілген оқыту. Әр баланың қабылдау ерекшеліктері әртүрлі болғандықтан, бірдей мазмұнды әртүрлі форматта ұсыну қажет. Жасанды интеллект негізіндегі платформалар баланың оқу стилін анықтап, оған сәйкес тапсырмалар ұсына алады. Мысалы, визуалды қабылдауы жақсы дамыған балалар үшін бейнематериалдар, ал есту арқылы жақсы қабылдайтын балалар үшін аудиоматериалдар ұсынылады. Бұл тәсіл оқыту тиімділігін арттырып, әр баланың мүмкіндігін толық пайдалануға жағдай жасайды.

Ұлттық тәрбиеде цифрлық storytelling технологиясының ғылыми негізі ерекше назар аударуға тұрарлық, себебі ол баланың когнитивтік және эмоциялық дамуын қатар қамтамасыз етеді. Әңгіме арқылы ақпарат беру адам миының табиғи қабылдау механизміне сәйкес келеді, ал цифрлық формат бұл процесті күшейтеді. Интерактивті ертегілер, мультфильмдер және анимациялық сюжеттер арқылы ұлттық құндылықтарды жеткізу баланың қиялын дамытып, оның шығармашылық ойлау қабілетін арттырады. Сонымен қатар балалар өздері де цифрлық әңгімелер құрастырып, ұлттық мазмұнды қайта өңдеу арқылы белсенді білім алушыға айналады.

STEAM-педагогика тұрғысынан ұлттық құндылықтарды оқыту пәнаралық интеграция арқылы жүзеге асады. Мысалы, ұлттық ою-өрнектерді геометриялық фигуралармен байланыстыру, ұлттық музыканы физика тұрғысынан талдау немесе дәстүрлі қолөнерді технология пәнімен біріктіру баланың кешенді ойлауын дамытады. Бұл тәсіл ұлттық

мәдениетті заманауи ғылыми біліммен байланыстырып, оның маңыздылығын жаңа деңгейде түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі ғылыми бағыттардың бірі – мәдениетаралық коммуникацияны дамыту, ол ұлттық құндылықтарды меңгертумен қатар басқа мәдениеттерді құрметтеуге үйретуді көздейді. Цифрлық технологиялар бұл процесті жеңілдетіп, түрлі мәдениеттер туралы ақпаратты салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл балалардың толеранттылық деңгейін арттырып, жаһандық ойлау қабілетін қалыптастырады, сонымен қатар өз мәдениетінің ерекшелігін терең түсінуге көмектеседі.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеуде геймификация элементтерін қолдану да ғылыми тұрғыдан тиімді деп есептеледі. Ойын элементтері баланың мотивациясын арттырып, оқу процесін қызықты етеді. Ұлттық мазмұнға негізделген ойындар арқылы балалар дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды және тарихи мәліметтерді жеңіл меңгереді. Сонымен қатар ойын барысында алынған білім тәжірибелік әрекет арқылы бекітіледі, бұл оның тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Цифрлық технологияларды қолдану барысында ақпараттық қауіпсіздік және мазмұнның сапасы мәселелері де ерекше назарда болуы тиіс. Балаларға ұсынылатын материалдар ғылыми негізделген, мәдени тұрғыдан дәл және тәрбиелік мәні жоғары болуы қажет. Бұл бағытта тәрбиеші фильтрлеуші және бағыттаушы рөл атқарады, яғни ол ақпаратты таңдап, оны педагогикалық мақсатқа сай қолданады.

Қазіргі педагогикада ата-аналармен цифрлық серіктестік те маңызды орын алады. Онлайн платформалар арқылы ата-аналарға ұлттық тәрбие бойынша ұсыныстар беру, үй жағдайында қолдануға болатын материалдармен бөлісу және бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру баланың ұлттық құндылықтарды меңгеру процесін күшейтеді. Бұл отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайтып, тәрбиенің жүйелілігін қамтамасыз етеді.

Осылайша, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде заманауи технологияларды қолдану – мектепке дейінгі тәрбиенің тиімділігін арттыратын маңызды бағыт болып табылады. Бұл тәсіл балалардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілетін және ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Заманауи технологиялар мен дәстүрлі тәрбиенің үйлесімді интеграциясы ғана болашақ ұрпақтың рухани бай, мәдениетті және ұлттық құндылықтарды құрметтейтін тұлға болып қалыптасуына негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. развивающего обучения. – М.: Интеллект-Центр, 2021. – 544 с.
2. Хуторской А. В. Современная дидактика. – СПб.: Питер, 2021. – 416 с.
3. Полат Е. С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: Академия, 2021. – 272 с.
4. Роберт И. В. Современные информационные технологии в образовании. – М.: БИНОМ, 2022. – 312 с.
5. Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Смысл, 2020. – 352 с.
6. Асмолов А. Г. Психология личности. – М.: Академия, 2021. – 416 с.
7. Bruner J. The Culture of Education. – Cambridge: Harvard University Press, 2020. – 224 p.

Ажмуратова Назира Мусеновна
Тәрбиеші, педагог-сарапшы
№39 “Достық” бөбекжай балабақшасы
Ақтөбе қаласы



МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация: мақалада мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тәрбие берудің қазіргі педагогикалық үдерістегі маңызы қарастырылады. Ұлттық тәрбиенің баланың тұлғалық, әлеуметтік және рухани дамуына ықпалы ғылыми тұрғыдан талданады. Балабақша жағдайында ұлттық құндылықтарды заманауи білім беру технологияларымен ықпалдастыру, этнопедагогикалық мазмұнды ойын, шығармашылық әрекет, цифрлық ресурстар және отбасымен серіктестік негізінде жүзеге асырудың тиімді жолдары сипатталады. Мақалада ұлттық тәрбиені дәстүрлі түсініктерді қайталау деңгейінен шығарып, баланың күнделікті өмірлік тәжірибесімен байланыстыра ұйымдастыру қажеттігі негізделеді. Тәрбиешінің кәсіби шеберлігі, ұлттық мәдениетті бала санасына табиғи әрі эмоционалды жолмен жеткізуі және баланың этномәдени сәйкестігін қалыптастыруы негізгі педагогикалық міндет ретінде айқындалады.

Кілт сөздер: ұлттық тәрбие, этнопедагогика, мектепке дейінгі тәрбие, ұлттық құндылық, баланың тұлғалық дамуы, мәдени сәйкестік, рухани тәрбие, қазақ халқының дәстүрі, отбасы мен балабақша ынтымақтастығы, заманауи педагогика.

Ұлт болашағы туралы сөз болғанда, ең алдымен жас ұрпақтың тәрбиесі ойға оралады. Себебі елдің ертеңгі келбеті бүгінгі баланың бойында қалыптасып жатқан құндылықтармен тікелей байланысты. Адамның дүниеге көзқарасы, туған жерге деген сезімі, ана тіліне құрметі, үлкенді сыйлауы және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауы мектепке дейінгі кезеңнен бастау алады. Осы тұрғыдан алғанда балабақшадағы ұлттық тәрбие жай ғана тәрбие жұмысының бір бағыты емес, баланың рухани және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін маңызды педагогикалық жүйе болып табылады.

Мектепке дейінгі балалық шақ адам өміріндегі ең сезімтал әрі тұлғалық қалыптасуға аса қолайлы кезең саналады. Бұл уақытта бала қоршаған ортаны эмоция арқылы қабылдайды, үлкендердің әрекетін бақылау арқылы әлеуметтік мінез құлық үлгілерін меңгереді және қайталанатын тәжірибелер негізінде белгілі бір құндылықтық бағдар қалыптастырады. Сондықтан ұлттық тәрбие баланың жас ерекшелігіне сай табиғи ортада ұйымдастырылуы қажет. Балаға ұлттық құндылық туралы ұзақ түсінік беруден гөрі, сол құндылықты күнделікті әрекет барысында сезіндіру әлдеқайда тиімді.

Ұлттық тәрбие ұғымын тек ұлттық киім, салт дәстүр немесе халықтық ойындармен шектеу қазіргі педагогикалық талаптарға толық сәйкес келмейді. Бүгінгі таңда ұлттық тәрбие баланың мәдени сәйкестігін қалыптастыратын күрделі әрі көпқырлы үдеріс ретінде қарастырылады. Оның мазмұнына ана тіліне құрмет, ұлттық тарихты сезіну, халықтың рухани мұрасын тану, отбасы құндылықтарын бағалау, еңбекке оң көзқарас, табиғатқа жанашырлық және қоғам алдындағы жауапкершілік кіреді. Демек, ұлттық тәрбие баланың күнделікті өмірімен тығыз байланыста жүзеге асқанда ғана шынайы нәтижеге ие болады.

Қазақ халқының этнопедагогикалық мұрасы мектепке дейінгі тәрбие үшін мол мүмкіндіктер ұсынады. Халық ауыз әдебиеті, бесік жыры, мақал мәтелдер, ертегілер, ұлттық ойындар, қолөнер, дәстүрлі музыка және тұрмыстық мәдениет элементтері баланың жас ерекшелігіне бейімделген жағдайда тәрбиелік маңызы жоғары педагогикалық құралға айналады. Мәселе осы мұраны механикалық түрде қайталауда емес, оның тәрбиелік мәнін қазіргі баланың психологиялық қажеттіліктерімен байланыстыруда. Мысалы, халық ертегісін тыңдау барысында бала тек кейіпкерлердің әрекетін бақылап қоймай, адалдық, достық, батылдық және мейірімділік ұғымдарын эмоционалды тұрғыдан қабылдайды.

Балабақша тәрбиешісінің ұлттық тәрбие үдерісіндегі рөлі ерекше. Тәрбиеші баланың санасына ұлттық құндылықтарды енгізетін тікелей тұлға болғандықтан, оның жеке мәдениеті мен кәсіби ұстанымы тәрбиелік нәтижеге тікелей ықпал етеді. Тәрбиеші ұлттық дәстүрді жақсы білумен қатар, оны баланың жас ерекшелігіне сай түсіндіре алуы қажет. Балаға түсініксіз күрделі тарихи немесе мәдени ақпарат ұсыну оның қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Ал ұлттық мазмұнды ойын, әңгіме, шығармашылық тапсырма және күнделікті қарым қатынас арқылы жеткізу баланың табиғи қызығушылығын сақтайды.

Қазіргі балабақша жағдайында ұлттық тәрбиені ұйымдастыруда ойын технологиясының мүмкіндігі мол. Ойын бала үшін қоршаған әлемді танудың негізгі тәсілі болып табылады. Ұлттық ойындар арқылы балалар ептілікті, шапшаңдықты және бірлесіп әрекет етуді үйренеді. Сонымен қатар ойын барысында ұлттық ұғымдар баланың санасында абстрактілі түсінік ретінде емес, нақты әрекет арқылы қалыптасады. Ұлттық ойындардың мазмұнын қазіргі педагогикалық талаптарға сай жаңарту да маңызды. Мысалы, дәстүрлі ойын элементтерін командалық тапсырмалармен, логикалық сұрақтармен және шығармашылық әрекеттермен біріктіру балалардың танымдық белсенділігін арттырады.

Ұлттық тәрбиенің тиімді бағыты ретінде мәдени тәжірибені баланың сезім мүшелері арқылы қабылдауына жағдай жасауға болады. Балалар ұлттық бұйымдарды көріп қана қоймай, олардың жасалу ерекшелігімен танысып, қарапайым қолөнер әрекеттеріне қатысқанда мәдени мазмұнды тереңірек қабылдайды. Киіз, ою өрнек, домбыра, ұлттық ыдыс немесе тұрмыстық бұйымдар туралы әңгіме баланың қызығушылығын арттырып, оның қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтеді. Мұндай жұмыстар баланың эстетикалық талғамын қалыптастырумен бірге, ұлттық мәдениеттің материалдық көріністеріне құрметпен қарауға тәрбиелейді.

Бүгінгі балалардың ақпараттық ортада өсіп келе жатқанын ескермеуге болмайды. Олар цифрлық мазмұнмен ерте танысады, бейнематериалдар көреді және түрлі интерактивті ресурстарды қолданады. Осыған байланысты ұлттық тәрбиені цифрлық кеңістіктен бөлек қарастыру тиімсіз. Алайда цифрлық құрал ұлттық тәрбиенің мақсатына айналмауы тиіс. Ол ұлттық мазмұнды баланың қабылдауына жеңіл әрі қызықты түрде жеткізетін қосымша педагогикалық мүмкіндік ретінде пайдаланылуы қажет. Мысалы, қазақ ертегілеріне негізделген анимациялық материалдар, ұлттық музыканы тыңдату, виртуалды мәдени саяхаттар және интерактивті тапсырмалар балалардың қызығушылығын арттыра алады.

Ұлттық тәрбиенің мазмұны баланың туған жерге деген сезімімен тығыз байланысты. Бала өзінің тұрған қаласын, ауылын, табиғатын және туған өлкесінің ерекшелігін танығанкезде оның жергілікті мәдени ортаға деген эмоционалды байланысы қалыптасады. Балабақшада туған өлке туралы әңгімелер ұйымдастыру, жергілікті табиғатпен таныстыру, өлке тарихына қатысты қарапайым мәліметтер беру баланың отансүйгіштік сезімінің алғашқы негіздерін қалыптастырады. Отансүйгіштік ұғымы бала үшін алыстағы абстрактілі түсінік

болмауы керек. Ол баланың туған үйінен, отбасынан, балабақшасынан және өз өлкесіне деген сүйіспеншілігінен басталуы қажет.

Ұлттық тәрбие отбасымен тығыз байланыста жүзеге асқанда ғана тұрақты нәтиже береді. Баланың үйде көрген тәрбиесі мен балабақшада алған тәрбиесі бір біріне қайшы келмеуі маңызды. Сондықтан тәрбиеші ата аналармен тек ақпарат алмасушы ретінде емес, педагогикалық серіктес ретінде жұмыс істеуі қажет. Отбасылық шежіре туралы әңгіме, ата әже тәрбиесінің үлгісі, ұлттық тағам дайындау, отбасылық дәстүрлерді таныстыру сияқты жұмыстар ата аналардың тәрбие үдерісіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Бұл баланың өз отбасына деген мақтаныш сезімін арттырып, ұлттық құндылықтарды өмірлік тәжірибемен байланыстырады.

Қазіргі педагогикада баланың белсенді субъект ретіндегі рөліне ерекше мән беріледі. Осы қағида ұлттық тәрбиеге де қатысты. Бала ұлттық мәдениетті дайын ақпарат ретінде қабылдаушы ғана болмауы керек. Ол сұрақ қойып, өз пікірін білдіріп, шығармашылық шешім ұсынып, мәдени мазмұнды өз тәжірибесі арқылы тануы қажет. Мысалы, ұлттық оюды салу барысында балаға дайын үлгіні қайталату ғана емес, өз қиялы бойынша өрнек құрастыру ұсынылса, оның шығармашылық ойлауы дамиды. Мұндай тәсіл ұлттық мазмұнды баланың жеке тәжірибесімен байланыстырады.

Ұлттық тәрбиенің тағы бір маңызды қыры еңбек тәрбиесімен байланысты. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде еңбекке құрмет ерекше орын алған. Балабақшада қарапайым еңбек әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балаларды жауапкершілікке, ұқыптылыққа және бірлесіп жұмыс істеуге тәрбиелеуге болады. Гүлге күтім жасау, ойыншықтарды реттеу, шығармашылық бұйымдарды жинақтау сияқты қарапайым әрекеттердің өзі баланың еңбекке деген алғашқы көзқарасын қалыптастырады. Мұндай тәрбиелік мазмұн ұлттық құндылықтармен сабақтастырылғанда бала еңбекті адамның өміріндегі маңызды әрекет ретінде қабылдай бастайды.

Ұлттық тәрбиенің нәтижесін тек баланың белгілі бір өлеңді жатқа айтуы немесе ұлттық ойын атауларын білуі арқылы бағалау жеткіліксіз. Ең маңызды көрсеткіш баланың күнделікті мінез құлқынан байқалады. Үлкенге құрмет көрсетуі, құрдасымен тіл табысуы, өз заттарына ұқыпты қарауы, табиғатты қорғауы және басқа адамдардың сезімін түсінуге тырысуы ұлттық тәрбиенің шынайы нәтижесін көрсетеді. Сондықтан тәрбиеші баланың білімін ғана емес, оның әлеуметтік және эмоционалдық дамуын да бақылауы қажет.

Ұлттық тәрбие заманауи балабақшадағы инновациялық педагогикалық ізденістермен үйлесімді дамуы тиіс. Жаңашылдық ұлттық құндылықтардан бас тарту дегенді білдірмейді. Керісінше, заманауи әдістер ұлттық мазмұнды балаға жақындатудың жаңа жолдарын ұсынады. Жобалық жұмыс, зерттеу әрекеті, шығармашылық шеберхана, ойынға негізделген оқыту және цифрлық ресурстар ұлттық тәрбиенің мазмұнын байыта алады. Ең бастысы, қолданылатын әдіс баланың жас ерекшелігіне, психологиялық қажеттілігіне және ұлттық тәрбиенің негізгі мақсатына сәйкес болуы қажет.

Балабақшадағы ұлттық тәрбие баланың бойына дайын ұрандарды сіңіру емес, оның жүрегінде туған мәдениетіне деген табиғи қызығушылық пен құрмет сезімін қалыптастыру болып табылады. Ұлттық құндылық бала үшін күнделікті өмірде көрініс тапқанда ғана шынайы мәнге ие болады. Бала ана тілін естігенде, ұлттық әуенді тыңдағанда, ата әжесінің әңгімесін қызығушылықпен қабылдағанда және туған жері туралы мақтанышпен сөйлегенде ұлттық тәрбиенің алғашқы нәтижесі байқалады.

Осылайша, балабақшадағы ұлттық тәрбие ұлт болашағын қалыптастырудың маңызды негізі болып табылады. Мектепке дейінгі кезеңде баланың рухани әлеміне енгізілген әрбір құндылық оның болашақ тұлғалық дамуына ықпал етеді. Тәрбиеші ұлттық мәдениетті бала санасына заманауи, түсінікті және эмоционалды тәсілдермен жеткізе отырып, елдің рухани болашағына үлес қосады. Ұлттық тәрбиесі берік ұрпақ өзінің мәдени тамырын құрметтейді, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінеді және жаңашылдыққа ашық тұлға болып қалыптасады. Сондықтан балабақшадағы әрбір тәрбие әрекеті ұлт болашағына бағытталған

маңызды педагогикалық қадам ретінде бағалануы тиіс. Ұлттық тәрбиеге бүгін салынған негіз ертең елдің рухани келбетін айқындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Джонисова Г. К. Мектепке дейінгі ұйымда ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың инновациялық бағыттары // БҚУ Хабаршысы. – 2025. – № 1 (97). – Б. 38–49. – DOI: 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).5.
2. Түшіген Г. Б., Мендыбаева Н. У. Мектепке дейінгі жастағы балаларды ұлттық құндылықтар негізінде тұлғаны рухани адамгершілікке тәрбиелеу // Алтынсаринские педагогические чтения. «Инновационные технологии в современном образовании: стратегия, задачи, внедрение». – Қостанай, 2024. – Кітап 1. – Б. 656–659.
3. Петрова Т. И., Васильева Т. С. Этнокультурное воспитание дошкольников // Международный научный журнал «Символ науки». – 2018. – № 1–2. – С. 56–59.
4. Масензова Т. А. Развитие этнокультурной компетентности дошкольников в условиях единого образовательного пространства // Карельский научный журнал. – 2017. – Т. 6, № 1 (18). – С. 16–20.
5. Дагбаева Н. Ж., Лопсонова З. Б. Проектирование культурных практик дошкольников: регионально-этнический аспект // Вестник Бурятского государственного университета. – 2018. – Вып. 1. – С. 52–60.

ЗНАЧЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация. В статье рассматривается значение национального воспитания детей дошкольного возраста в современном педагогическом процессе. Научно анализируется влияние национального воспитания на личностное, социальное и духовное развитие ребёнка. Описываются эффективные способы интеграции национальных ценностей в образовательный процесс дошкольной организации с использованием современных образовательных технологий, этнопедагогического содержания, игровой и творческой деятельности, цифровых ресурсов, а также сотрудничества с семьёй. В статье обосновывается необходимость организации национального воспитания не только на уровне воспроизведения традиционных представлений, но и в тесной связи с повседневным жизненным опытом ребёнка. Профессиональное мастерство воспитателя, передача национальной культуры естественным и эмоционально насыщенным способом, а также формирование этнокультурной идентичности ребёнка определяются как основные педагогические задачи.

Ключевые слова: национальное воспитание, этнопедагогика, дошкольное воспитание, национальные ценности, личностное развитие ребёнка, культурная идентичность, духовно-нравственное воспитание, традиции казахского народа, сотрудничество семьи и дошкольной организации, современная педагогика.

Нуркенова Алия Серикпаевна
Тәрбиеші
"Күншуақ" бөбекжайы
Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Степняк қаласы



«ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СЕНСОРЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ»

Аңдатпа. Мақалада ерте жастағы балалардың сенсорлық қабілеттерін дидактикалық ойындар арқылы дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері қарастырылады. Баланың қоршаған ортаны көру, есту, сипап сезу, иіс сезу және қимыл-қозғалыс арқылы танып-білу үдерісінің ерекшеліктері талданады. Сенсорлық тәрбиенің баланың танымдық белсенділігін, ұсақ моторикасын, сөйлеуін және заттық әрекетін дамытудағы маңызы ашылады. Сонымен қатар түстерді, пішіндерді, көлемді, кеңістіктік қатынастарды және заттардың қасиеттерін меңгертуге арналған дидактикалық ойындардың үлгілері ұсынылады. Мақалада тәрбиешінің ойын үдерісін ұйымдастырудағы рөлі, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, қауіпсіз дамытушы орта қалыптастыру және сенсорлық дағдылардың қалыптасуын бақылау мәселелеріне назар аударылады.

Түйін сөздер: сенсорлық даму, ерте жас, дидактикалық ойын, сенсорлық тәрбие, танымдық белсенділік, заттық әрекет, ұсақ моторика, мектепке дейінгі тәрбие, дамытушы орта, тәрбиеші.

Кіріспе

Ерте балалық шақ – баланың қоршаған әлемді белсенді танып, алғашқы өмірлік тәжірибесін жинақтайтын маңызды кезең. Осы уақытта бала айналасындағы заттарды ұстап көру, қозғалту, салыстыру, дыбыстарды тыңдау, түстерді ажырату және түрлі әрекеттерді қайталау арқылы дүниені таниды. Баланың танымдық дамуы тек ересек адамның түсіндіруіне емес, оның заттармен тікелей әрекет жасауына, өздігінен зерттеуіне және алған әсерлерін біртіндеп жинақтауына байланысты.

Мектепке дейінгі тәрбие жүйесінде баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы орта ұйымдастыру, оның қызығушылығын қолдау және танымдық белсенділігін ынталандыру маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру кезінде балалардың қызығушылықтарын, қажеттіліктерін, жас және жеке ерекшеліктерін ескеруді көздейді [1]. Осы талаптарды іске асыруда дидактикалық ойындардың мүмкіндігі зор.

Ерте жастағы балалар үшін ойын – қоршаған ортамен өзара әрекеттесудің табиғи тәсілдерінің бірі. Ойын барысында бала заттарды зерттейді, олардың ерекшеліктерін

байқайды, белгілі бір әрекетті бірнеше рет қайталайды және ересек адамның көмегімен жаңа тәжірибе жинақтайды. Мысалы, бала қызыл және сары текшелерді қолына алып салыстырғанда тек түстерді ажыратып қана қоймайды, сонымен бірге заттарды таңдау, қол қимылын үйлестіру, назарын шоғырландыру және қарапайым тапсырманы орындау дағдыларын дамытады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры және серіктес ұйымдар әзірлеген ерте балалық шақтағы күтім мен дамуды қолдау жөніндегі негіздемеде баланың алғашқы жылдардағы дамуы үшін қауіпсіз орта, мейірімді қарым-қатынас, дұрыс күтім және ерте үйрену мүмкіндіктерінің маңызы атап көрсетіледі [2]. Бұл қағидалар сенсорлық тәжірибені баланың күнделікті өмірімен және ересек адаммен өзара әрекетімен байланыстыра ұйымдастырудың қажеттілігін көрсетеді.

Дегенмен сенсорлық тәрбиені тек түстерді атауға немесе геометриялық пішіндерді көрсетуге арналған тапсырмалармен шектеуге болмайды. Оның мазмұны заттардың көлемін, пішінін, түсін, фактурасын, салмағын, дыбысын және кеңістіктегі орналасуын сезіну мен ажыратуды қамтиды. Мұндай қасиеттерді меңгеру баланың кейінгі танымдық әрекеттеріне негіз болады.

Мақаланың мақсаты – дидактикалық ойындар арқылы ерте жастағы балалардың сенсорлық қабілеттерін дамытудың теориялық негіздерін ашып, тәрбиешінің күнделікті тәжірибесінде қолдануға болатын тиімді әдістер мен ойын үлгілерін ұсыну.

1. Сенсорлық дамудың теориялық негіздері

Сенсорлық даму – баланың қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың қасиеттерін сезім мүшелері арқылы қабылдап, оларды бір-бірінен ажырату, салыстыру, тану және белгілі бір белгілері бойынша сәйкестендіру қабілетінің қалыптасу үдерісі. Ол баланың танымдық дамуының бастапқы әрі маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Өйткені бала қоршаған әлем туралы алғашқы ақпаратты тікелей сезімдік тәжірибе арқылы алады. Заттардың түсін көру, дыбысын есту, бетін сипап сезу, көлемін қолмен байқау және олардың кеңістіктегі орналасуын қабылдау арқылы бала айналасындағы ортаның қасиеттерін біртіндеп меңгереді. Осы тәжірибелердің негізінде оның заттар туралы түсініктері қалыптасып, кейінгі танымдық әрекеттеріне алғышарт жасалады.

Ерте жастағы балалардың сенсорлық дамуы олардың күнделікті әрекеттерімен тығыз байланысты. Бала ойыншықты қолына алып, оны айналдырып көреді, еденге домалатады, басқа затпен салыстырады немесе белгілі бір орынға орналастыруға тырысады. Осындай әрекеттер сырттай қарағанда қарапайым болғанымен, баланың заттың қасиеттерін зерттеуіне мүмкіндік береді. Мысалы, бала көлемі әртүрлі екі допты ұстап көргенде, олардың арасындағы айырмашылықты байқайды. Бірдей түсті текшелерді бір жерге жинағанда, ол заттардың ортақ белгісіне назар аударады. Ал әртүрлі дыбыстар шығаратын ойыншықтарды тыңдағанда, есту арқылы қабылдау тәжірибесін кеңейтеді. Демек, сенсорлық даму тек сезім мүшелерінің жұмысымен шектелмейді, ол баланың белсенді әрекетімен, назарымен, есте сақтауымен және қоршаған ортамен өзара байланысымен бірге жүзеге асады.

Сенсорлық дамудың ғылыми негіздерін түсіндіруде психология мен педагогика саласындағы бірқатар теориялық тұжырымдардың маңызы зор. Бұл бағытта Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы, Жан Пиаженің танымдық даму тұжырымдамасы және Мария Монтессоридің сенсорлық тәрбиені ұйымдастыруға қатысты педагогикалық идеялары ерекше назар аудартады. Аталған ғалымдардың көзқарастары сенсорлық дамудың әртүрлі қырларын түсіндіреді және тәрбиешінің күнделікті тәжірибесінде қолдануға болатын әдістемелік бағдар береді.

Л.С. Выготский баланың психикалық дамуын әлеуметтік ортамен, қарым-қатынаспен және мәдени тәжірибені меңгерумен байланыстырды. Оның мәдени-тарихи теориясында баланың дамуы оқшау жүретін үдеріс ретінде емес, ересектермен және басқа адамдармен өзара әрекеттесу барысында қалыптасатын құбылыс ретінде қарастырылады [3]. Осы тұжырымды сенсорлық тәрбиеге қатысты қолданғанда, тәрбиешінің баланың қабылдау әрекетін

ұйымдастырудағы рөлі айқын көрінеді. Ересек адам балаға затты көрсетіп қана қоймай, оның назарын белгілі бір қасиетке бағыттайды, заттың атауын айтады, әрекеттің үлгісін ұсынады және баланың өздігінен зерттеуіне мүмкіндік береді.

Мысалы, тәрбиеші екі түрлі көлемдегі текшені баланың алдына қойып, «Мына текше үлкен, ал мынау кіші» деп түсіндіруі мүмкін. Содан кейін баладан үлкен текшені көрсетуді сұрайды. Бала тапсырманы орындағанда, тәрбиеші оның әрекетін сөзбен бекітеді. Мұндай жағдайда сөз, нақты зат және практикалық әрекет өзара байланысады. Бала «үлкен» және «кіші» ұғымдарын жай ғана естіп қоймай, оларды нақты заттардың қасиеттерімен байланыстыра бастайды. Кейін осы ұғымдарды басқа ойыншықтарға, тұрмыстық заттарға және күнделікті әрекеттерге қатысты қолдануға мүмкіндік туады.

Выготскийдің тұжырымдамасы тәрбиешінің көмегі баланың дербестігін алмастырмауы керектігін де түсінуге мүмкіндік береді. Егер ересек адам барлық тапсырманы өзі орындап, балаға тек дайын нәтижені көрсетсе, баланың затты өздігінен зерттеу мүмкіндігі шектеледі. Керісінше, тәрбиеші қажет кезде ғана көмек көрсетіп, баланың әрекет жасауына жеткілікті уақыт бергенде, ол өз мүмкіндіктерін байқап, жаңа әрекеттерді меңгере алады. Сондықтан сенсорлық ойындарда ересек адамның жетекшілігі мен баланың дербес белсенділігі арасында тепе-теңдік сақталуы қажет.

Жан Пиаженің танымдық даму теориясы ерте жастағы баланың қоршаған ортаны белсенді әрекет арқылы тануына ерекше мән береді. Ғалым баланың ерте даму кезеңін сенсомоторлық интеллектімен байланыстырып, сезімдік қабылдау мен қимыл-қозғалыстың танымдық тәжірибені қалыптастырудағы рөлін сипаттады [4]. Бұл кезеңде бала заттармен әрекет жасау, қозғалу, ұстау, бақылау және нәтижені қайталап тексеру арқылы қоршаған орта туралы түсініктерін қалыптастырады.

Пиаженің көзқарасы бойынша, бала жаңа тәжірибені бұрын қалыптасқан түсініктерімен байланыстырып, қажет болғанда оларды өзгертіп отырады. Мұны сенсорлық ойындарда қарапайым мысал арқылы байқауға болады. Бала бастапқыда кез келген пішінді бір ұяшыққа салуға тырысуы мүмкін. Алайда бөлшек ұяшыққа сәйкес келмеген кезде, ол әрекетін өзгертуге мәжбүр болады. Бірнеше рет байқап көргеннен кейін пішіннің белгілі бір ұяшыққа сәйкес келуі керектігін түсіне бастайды. Мұндай әрекет баланың заттарды салыстыруына, өз әрекетінің нәтижесін байқауына және шешімін өзгертуіне жағдай жасайды.

Осы тұрғыдан алғанда, сенсорлық ойынның мақсаты баланың барлық тапсырманы бірден дұрыс орындауы емес. Маңыздысы – оның зерттеу әрекетіне қатысуы, заттардың ерекшеліктерін байқауы және тәжірибе барысында жаңа тәсілдерді меңгеруі. Тәрбиеші баланың алғашқы сәтсіз әрекетін қателік ретінде ғана бағаламай, оны үйрену үдерісінің табиғи бөлігі ретінде қабылдағаны жөн. Мысалы, бала дөңгелек пішінді сәйкес емес ұяшыққа салуға тырысса, тәрбиеші оны бірден тоқтатпай, пішінді бұрып көруге немесе басқа ұяшықты тексеруге бағыттай алады.

Сенсорлық тәрбиенің педагогикалық негіздерін қарастырғанда Мария Монтессоридің идеялары да маңызды орын алады. Монтессори педагогикасында баланың сезім мүшелерін жаттықтыруға, заттардың қасиеттерін нақты материалдар арқылы салыстыруға және өздігінен әрекет жасауына жағдай туғызуға көңіл бөлінеді [5]. Әртүрлі көлемдегі, пішіндегі және фактурадағы арнайы материалдар баланың белгілі бір белгіге назар аударуына көмектеседі. Мұндай материалдармен жұмыс жасау барысында бала айырмашылықтарды байқап, оларды салыстыруға үйренеді.

Монтессори педагогикасының сенсорлық тәрбиеге қатысты идеяларын ерте жастағы балалармен жұмыс істеуде қолдану үшін міндетті түрде арнайы қымбат құралдар қажет емес. Тәрбиеші қауіпсіз әрі балаға таныс материалдарды пайдалана алады. Мысалы, көлемі әртүрлі жұмсақ доптар, ірі ағаш текшелер, түрлі түсті маталар немесе пішіндері айқын ойыншықтар сенсорлық тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Мұнда материалдың сыртқы безендірілуінен гөрі, оның нақты сенсорлық міндетті шешуге жарамдылығы маңызды. Сонымен қатар барлық заттар баланың жасына сәйкес келіп, қауіпсіздік талаптарына сай болуы керек.

Сенсорлық дамудың теориялық негіздерін толық түсіну үшін сенсорлық қабылдау, сенсорлық әрекет және сенсорлық эталон ұғымдарының арақатынасын ажырата білу қажет. Сенсорлық қабылдау – заттар мен құбылыстардың қасиеттерін сезім мүшелері арқылы тану үдерісі. Сенсорлық әрекет – осы қасиеттерді зерттеуге, салыстыруға және ажыратуға бағытталған практикалық әрекеттер жиынтығы. Ал сенсорлық эталондар – заттардың қасиеттерін салыстыру кезінде бағдар ретінде қолданылатын жалпы қабылданған үлгілер. Оларға негізгі түстер, геометриялық пішіндер және көлемдік қатынастар туралы жүйеленген түсініктер жатады.

Мысалы, бала қызыл түсті текшені басқа қызыл затпен сәйкестендіргенде, түсті белгілі бір белгі ретінде қолданады. Дөңгелек пішінді затты сәйкес ұяшыққа орналастырғанда, пішіннің ерекшелігін бағдарға алады. Ал үлкен және кіші заттарды салыстырғанда, олардың көлемдік қатынастарын ажыратады. Сенсорлық эталондарды меңгеру заттарды тануды жеңілдетіп, баланың қоршаған орта туралы түсініктерін жүйелеуге көмектеседі. Алайда ерте жаста бұл түсініктердің бірден толық қалыптасуын күтуге болмайды. Бала оларды нақты әрекеттерді қайталау және әртүрлі жағдайларда қолдану арқылы біртіндеп меңгереді.

Сенсорлық дамудың тағы бір маңызды ерекшелігі – оның басқа психикалық үдерістермен байланысы. Мысалы, заттың түсін ажырату үшін бала оған назар аударуы керек. Екі затты салыстыру кезінде олардың белгілерін есте сақтап, айырмашылығын байқауға тырысады. Ал тәрбиешінің нұсқауын орындағанда, естіген ақпаратты түсініп, оны әрекетімен байланыстырады. Осыған байланысты сенсорлық ойындар баланың қабылдауын ғана емес, зейінін, есте сақтауын, қарапайым ойлау әрекеттерін және сөйлеуін де қолдай алады. Дегенмен бұл дағдылардың барлығы бір ойын арқылы міндетті түрде дамиды деп есептеуге болмайды. Нәтиже ойынның мазмұнына, баланың қатысуына және педагогикалық қолдаудың сипатына байланысты.

Сенсорлық тәжірибенің сөйлеу дамуымен байланысы да ерекше назар аударуды қажет етеді. Ерте жастағы бала заттың қасиетін алдымен іс жүзінде сезініп, кейін оны сөзбен байланыстыра бастайды. Мысалы, «жұмсақ», «қатты», «үлкен», «кіші», «тегіс» сияқты сөздер нақты заттарды ұстау және салыстыру барысында мағыналы бола түседі. Тәрбиеші баламен қарым-қатынас кезінде заттың атауын және қасиетін қысқа, түсінікті сөз тіркестері арқылы сипаттай алады. Егер бала сөзбен жауап бере алмаса, оның затты көрсетуі, таңдауы немесе тиісті әрекетті орындауы да түсінгенін білдіретін белгі болуы мүмкін.

Сенсорлық дамудың келесі маңызды қыры – қимыл-қозғалыс тәжірибесімен байланысы. Затты ұстау, көтеру, айналдыру, бір орыннан екінші орынға апару, ұяшыққа салу және басқа затпен салыстыру барысында бала қол қимылдарын үйлестіреді. Сонымен бірге заттың көлемін, салмағын, пішінін және орналасуын тәжірибе арқылы байқайды. Мысалы, бала ірі текшені себетке салуға тырысқанда, оның өлшемін және себеттің көлемін ескеруі керек. Мұндай әрекеттер сенсорлық қабылдауды практикалық міндетпен байланыстырады. Сондықтан тәрбиеші ойын кезінде баланың тек дұрыс жауап беруіне емес, затпен қалай әрекет жасайтынына да назар аударуы қажет.

Ерте жастағы балалардың сенсорлық дамуын ұйымдастыруда жас ерекшеліктерін ескеру маңызды. Өмірінің алғашқы жылдарында бала қоршаған ортаны көбіне заттарды ұстау, ауыстыру, қозғалту және ересек адамның әрекетін бақылау арқылы зерттейді. Біртіндеп заттарды сәйкестендіруге, белгілі бір белгі бойынша таңдауға және қарапайым нұсқауларды орындауға қызығушылығы артады. Дегенмен бұл өзгерістер барлық балада бірдей уақытта байқалмайды. Баланың тәжірибесі, даму қарқыны, қарым-қатынас ортасы және жеке ерекшеліктері оның сенсорлық әрекеттеріне әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты тәрбиеші тапсырмаларды баланың нақты мүмкіндігіне қарай бейімдеуі керек. Егер бала екі затты салыстыруда қиналса, заттардың айырмашылығын айқынырақ етіп көрсетуге болады. Егер ол бірнеше заттың арасынан қажеттісін табуда қиындық көрсе, алдымен таңдау санын азайтып, кейін біртіндеп көбейту тиімді. Ал тапсырманы өздігінен орындап жүрген балаға сол сенсорлық қасиетті басқа материалдардан

табуды ұсынуға болады. Мұндай тәсіл баланы шамадан тыс жүктемей, оның алған тәжірибесін біртіндеп кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сенсорлық тәрбиенің тиімділігі қолданылатын материалдардың санына немесе ойынның күрделілігіне ғана байланысты емес. Негізгі мәселе – баланың затпен мағыналы әрекет жасауына, оның қасиеттерін байқауына және тәжірибесін қайталауына жағдай туғызу. Бір ойынның барысында барлық түсті, пішінді, көлемді және кеңістіктік қатынастарды бірден меңгертуге ұмтылу баланың назарын шашыратып жіберуі мүмкін. Сондықтан тәрбиеші нақты міндетті анықтап, ойын материалдарын сол міндетке сай таңдайды. Мысалы, түстерді ажыратуға арналған тапсырмада түс айырмашылығы айқын заттар қолданылса, пішінді тануға арналған ойында пішіндердің ерекшелігін байқауға мүмкіндік беретін материалдар ұсынылады.

Сонымен қатар сенсорлық дамуды ұйымдастыруда баланың эмоциялық жағдайын ескеру қажет. Қауіпсіз әрі жағымды орта баланың зерттеуге деген қызығушылығын арттырады. Егер бала белгілі бір материалдан қорықса, оны ұстаудан бас тартса немесе тапсырма кезінде мазасызданса, тәрбиеші мәжбүрлеудің орнына балама материал ұсынуы керек. Баланың әрекетіне қызығушылықпен жауап беру, оның шағын жетістіктерін байқау және дербестігін қолдау сенсорлық ойынның жағымды тәжірибеге айналуына ықпал етеді.

Сенсорлық даму теориясын практикалық тұрғыдан қарастырғанда, баланың тәжірибесін күнделікті өмірмен байланыстырудың да маңызы зор. Түстерді ойыншықтарды жинау кезінде, көлемді заттарды салыстыру барысында, фактураны қауіпсіз материалдарды ұстағанда, ал дыбысты музыкалық әрекеттер кезінде зерттеуге болады. Мұндай тәжірибе сенсорлық тәрбиені арнайы ұйымдастырылған сабақпен ғана шектемей, күн тәртібіндегі әртүрлі әрекеттерге кіріктіруге мүмкіндік береді. Тәрбиеші күнделікті жағдайда баланың назарын заттың белгілі бір қасиетіне аударып, оны зерттеуге ынталандыра алады.

2. Ерте жастағы балалардың сенсорлық қабылдау ерекшеліктері

Ерте жас кезеңі – баланың қоршаған орта туралы алғашқы түсініктері қалыптасып, заттар мен құбылыстардың қасиеттерін белсенді түрде танып-білуі жүзеге асатын маңызды даму кезеңі. Бұл уақытта баланың қабылдау әрекеті тікелей сезімдік тәжірибеге, заттық әрекетке, қимыл-қозғалысқа және ересектермен қарым-қатынасқа сүйенеді. Бала айналасындағы заттарды бақылап қана қоймай, оларды қолына алып, қозғалтып, бір-бірімен салыстырып, әртүрлі тәсілдермен зерттеуге ұмтылады. Осындай әрекеттер барысында заттардың түсі, пішіні, көлемі, фактурасы, дыбысы және кеңістіктегі орналасуы туралы түсініктер біртіндеп қалыптасады.

Ерте жастағы балалардың сенсорлық қабылдауы ересектердің қабылдауынан бірқатар ерекшеліктерімен ажыратылады. Біріншіден, бала заттың қасиеттерін көбіне нақты әрекет арқылы меңгереді. Мысалы, «үлкен» және «кіші» ұғымдарын түсіну үшін оған көлемі әртүрлі заттарды көрсету және оларды салыстыруға мүмкіндік беру қажет. Екіншіден, баланың назарын заттың сыртқы ерекшелігі, қозғалысы немесе дыбысы тез аударуы мүмкін. Үшіншіден, сенсорлық тәжірибені бекіту үшін қайталау мен ересек адамның қолдауы маңызды. Төртіншіден, балалардың жеке даму қарқыны әртүрлі болғандықтан, бір тапсырманы орындау тәсілі мен уақыты да әр балада өзгеше болуы мүмкін.

Сондықтан тәрбиеші сенсорлық ойындарды жоспарлау кезінде баланың жасын ғана емес, оның бұрынғы тәжірибесін, қызығушылығын, қимыл-қозғалыс мүмкіндіктерін және қоршаған ортаға бейімделу деңгейін де ескергені жөн. Ойын материалдары баланың өздігінен зерттеуіне мүмкіндік беріп, оның қауіпсіздігі мен эмоционалдық жайлылығын қамтамасыз етуі керек.

Түсті ажырату және түстік қабылдауды дамыту

Түсті қабылдау – баланың заттардың сыртқы белгілерін байқауына және оларды бір-бірінен ажыратуына мүмкіндік беретін сенсорлық қабілеттердің бірі. Ерте жаста бала түрлі түсті заттарға қызығушылық танытып, оларды ұстап көруге, орын ауыстыруға және өзіне ұнаған затты таңдауға бейім болады. Тәрбиеші осы қызығушылықты пайдалана отырып, түстерді ажыратуға бағытталған ойындарды күнделікті әрекетке енгізе алады.

Түстерді меңгерту кезінде тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай ұйымдастыру маңызды. Алғашқыда түсі анық ерекшеленетін екі топтағы заттарды ұсынуға болады. Мысалы, қызыл және сары текшелерді бөлек себеттерге орналастыру немесе бірдей түсті доптарды сәйкестендіру баланың назарын түс белгісіне бағыттайды. Бала тапсырманы түсіне бастағаннан кейін түстер санын көбейтіп, заттардың пішіні мен көлемін өзгертуге болады.

Түсті ажырату кезінде баланың заттың түсін дұрыс атауына ғана назар аудару жеткіліксіз. Оның бірдей түсті заттарды сәйкестендіре алуы, берілген түске сәйкес затты таңдауы және таныс әрекетті басқа материалмен орындай алуы да маңызды. Мысалы, бала қызыл текшені қызыл себетке сала алса, кейін қызыл допты басқа қызыл заттардың арасынан табуға жаттыға алады.

Тәрбиешінің тілдік қолдауы да түстік қабылдауды байытуға ықпал етеді. «Қызыл допты алайық», «Сары текшені себетке сал», «Мына екі заттың түсі бірдей» сияқты қысқа сөйлемдер баланың түс туралы түсінігін нақты әрекетпен байланыстырады. Алайда баланың сөзді бірден қайталауын талап етудің қажеті жоқ. Ол қажетті затты көрсету, таңдау немесе қолына алу арқылы тапсырманы түсінгенін білдіруі мүмкін.

Пішінді қабылдау және заттардың құрылымын ажырату

Пішінді қабылдау баланың заттардың сыртқы құрылымын байқап, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауына мүмкіндік береді. Ерте жаста бұл қабілет заттарды қолмен ұстау, айналдыру, әртүрлі бағытта орналастыру және сәйкес орынға енгізу әрекеттері арқылы дамиды. Бала пішін туралы түсінікті тек суреттен бақылау арқылы емес, затпен тікелей әрекет жасау нәтижесінде де қалыптастырады.

Тәрбиеші пішіндерді таныстыру барысында нақты заттарды пайдаланғаны жөн. Мысалы, дөңгелек пішінді ірі ойыншықты, төртбұрышты текшені немесе пішіндері әртүрлі бөлшектерді салыстыруға болады. Арнайы сұрыптағыш ойыншықтар арқылы бала бөлшектің пішіні мен ұяшықтың сәйкестігін байқайды. Егер зат ұяшыққа бірден сәйкес келмесе, оны бұрып көру немесе басқа ұяшықты тексеру ұсынылады.

Бұл әрекеттер баланың пішінді қабылдауымен қатар, қол қимылдарын үйлестіруіне және қарапайым мәселені шешу тәжірибесіне де жағдай жасайды. Дегенмен ерте жастағы балалардан барлық геометриялық пішіндердің атауларын бірдей меңгеруді талап ету дұрыс емес. Негізгі назар пішінді тәжірибе жүзінде байқауға, ұқсас заттарды сәйкестендіруге және затпен мақсатты әрекет жасауға аударылуы керек.

Пішінді қабылдауды дамытуға арналған ойындарды күнделікті тұрмыстық заттармен де байланыстыруға болады. Мысалы, тәрбиеші баламен бірге дөңгелек тәрелкені, төртбұрышты кітапты немесе текше пішінді ойыншықты бақылап, олардың сыртқы ерекшеліктеріне назар аудартады. Мұндай тәжірибе баланың пішін туралы түсінігін ойын материалдарымен шектемей, қоршаған ортамен байланыстыруына көмектеседі.

Көлемді салыстыру және шамалық қатынастарды түсіну

Заттардың көлемін салыстыру – ерте жастағы балалардың сенсорлық қабылдауын дамытудың маңызды бағыттарының бірі. Бала үлкен және кіші, ұзын және қысқа, биік және аласа заттарды салыстыру арқылы олардың арасындағы айырмашылықты байқайды. Бұл түсініктер бастапқыда нақты заттармен әрекет жасау барысында қалыптасады.

Көлемді меңгерту кезінде бір-бірінен анық ерекшеленетін заттарды қолдану тиімді. Мысалы, тәрбиеші балаға үлкен және кіші екі допты қатар қойып, олардың қайсысы үлкен екенін көрсетуі мүмкін. Кейін осы әрекетті әртүрлі көлемдегі текшелермен немесе қораптармен қайталауға болады. Бала тәжірибе жинақтаған сайын көлемдік айырмашылығы аздау заттарды салыстыру ұсынылады.

Көлемді салыстыруда тек көзбен бақылау емес, заттарды қолына алып көру, бірінің жанына бірін қою және оларды белгілі бір орынға орналастыру әрекеттері де маңызды. Мысалы, бала үлкен текшені кең себетке, ал кіші текшені шағын ыдысқа салуға тырысқанда, заттардың өлшемін тәжірибе жүзінде байқайды.

Тәрбиеші «үлкен», «кіші», «ұзын», «қысқа» сияқты сөздерді нақты заттармен байланыстырып қолдануы қажет. Сонымен қатар көлемдік қатынастарды меңгерту кезінде

заттың басқа қасиеттерін де ескерген жөн. Егер салыстырылатын заттардың түсі, пішіні және материалы бірдей болса, баланың назарын көлем айырмашылығына аудару жеңілдейді. Кейін тапсырманы күрделендіру үшін түсі немесе пішіні әртүрлі заттарды қолдануға болады.

Сипап сезу арқылы заттарды тану

Тактильдік қабылдау – заттың беткі қабатын, жұмсақтығын, қаттылығын және басқа да сезілетін қасиеттерін сипап сезу арқылы байқау үдерісі. Ерте жастағы бала үшін затты қолмен зерттеу қоршаған ортамен танысудың табиғи тәсілдерінің бірі болып табылады. Бала ойыншықты сипап, қысып, ұстап немесе қолынан қолына ауыстыра отырып, оның қасиеттері туралы тәжірибе жинақтайды.

Тәрбиеші тактильдік қабылдауды дамыту үшін қауіпсіз әрі әртүрлі фактурадағы материалдарды пайдалана алады. Мысалы, жұмсақ мата, тегіс ағаш бөлшек, бедерлі доп және басқа да ірі материалдар заттардың беткі қабатын салыстыруға мүмкіндік береді. Материалдардың сапасы, тазалығы және баланың жасына сәйкестігі алдын ала тексерілуі қажет.

Ойын кезінде баланың материалдарды еркін зерттеуіне жағдай жасаған дұрыс. Тәрбиеші «Бұл жұмсақ екен», «Мына заттың беті тегіс», «Осы доптың бетінде бедер бар» деген сөздер арқылы баланың назарын белгілі бір қасиетке бағыттай алады. Бала материалдың атауын немесе қасиетін бірден айта алмаса да, оны ұстап көруі, салыстыруы және қайтадан таңдап алуы сенсорлық тәжірибесінің кеңейіп келе жатқанын көрсетеді.

Кейбір балалар белгілі бір фактураға қол тигізуден бас тартуы мүмкін. Мұндай жағдайда баланы мәжбүрлеуге болмайды. Оған материалды алыстан бақылау, тәрбиешінің әрекетін көру немесе басқа затты таңдау мүмкіндігі беріледі. Баланың сенсорлық тәжірибесі жағымды эмоциямен байланысты болғанда, ол жаңа материалдарды зерттеуге біртіндеп қызығушылық танытуы мүмкін.

Есту арқылы қабылдау және дыбыстарды ажырату

Есту арқылы қабылдау баланың қоршаған ортадағы дыбыстарды байқауына, тыңдау назарын шоғырландыруына және дыбыс көзін анықтауына мүмкіндік береді. Ерте жаста бала таныс адамдардың даусына, музыкалық әуендерге және ойыншықтардан шығатын дыбыстарға назар аударуы мүмкін. Осы қызығушылықты пайдалана отырып, тәрбиеші дыбыстық ойындарды ұйымдастырады.

Мысалы, сылдырмақты ақырын дыбыстатып, баланың назарын сол бағытқа аударуға болады. Кейін екі түрлі музыкалық аспаптың дыбысын кезектестіріп, олардың ерекшеліктерін тыңдауға мүмкіндік беріледі. Бала дыбыс шыққан жаққа бұрылуы, белгілі бір аспапты көрсетуі немесе таныс дыбысқа әрекетпен жауап беруі мүмкін.

Дыбыстық ойындарда баланың естуіне жайлы деңгей сақталуы тиіс. Кенеттен шығатын қатты дыбыстардан аулақ болған жөн. Егер бала дыбыстан қорықса немесе мазасызданса, ойын тоқтатылып, тыныш орта қамтамасыз етіледі.

Тәрбиеші дыбыстық қабылдауды күнделікті өмірмен де байланыстыра алады. Мысалы, серуен кезінде құстардың үнін тыңдау, жаңбыр дыбысын байқау немесе музыкалық әрекет барысында баяу және жылдам әуендерді ажыратуға көңіл бөлуге болады. Мұндай тәжірибе баланың қоршаған ортадағы дыбыстарға назар аударуын қолдайды.

Кеңістіктік қатынастарды қабылдау

Кеңістіктік қатынастарды түсіну баланың заттардың бір-біріне қатысты орналасуын және олардың орнын өзгерту нәтижесін байқауына байланысты қалыптасады. Ерте жаста бұл дағдылар заттарды ішіне салу, үстіне қою, жанына орналастыру, бір затты екіншісінің астынан алу сияқты қарапайым әрекеттер арқылы дамиды.

Мысалы, тәрбиеші ойыншықты қораптың ішіне салып көрсетеді, содан кейін балаға басқа ойыншықты сол қорапқа орналастыруды ұсынады. Кейін ойыншықты қораптың жанына қою немесе текшені үлкен заттың үстіне орналастыру сияқты тапсырмалар беріледі. Осындай әрекеттер арқылы бала кеңістіктік қатынастарды сөзбен естіп қана қоймай, оларды тәжірибе жүзінде меңгереді.

Кеңістіктік ұғымдарды түсіндіру кезінде тәрбиешінің нұсқауы қысқа әрі нақты болуы керек. Бір мезгілде бірнеше күрделі нұсқау берудің орнына, алдымен бір әрекетті ұсынған дұрыс. Бала оны меңгергеннен кейін ғана тапсырманың күрделілігін арттыруға болады.

Кеңістіктік әрекеттер сенсорлық қабылдаумен қатар, қимыл-қозғалысты үйлестіруге, заттарды басқаруға және қарапайым нұсқауларды түсінуге жағдай жасайды. Сондықтан мұндай ойындарды тек үстел үстінде емес, қауіпсіз қозғалыс кеңістігінде де ұйымдастыруға болады.

Сенсорлық қабылдаудың сөйлеу және танымдық әрекетпен байланысы

Сенсорлық тәжірибе баланың сөйлеуінің және танымдық белсенділігінің қалыптасуымен өзара байланысты. Бала заттың қасиетін нақты әрекет арқылы байқап, кейін оны сөзбен байланыстыра бастайды. Мысалы, «үлкен доп», «қызыл текше», «жұмсақ ойыншық» деген сөз тіркестері заттың атауы мен оның қасиетін біртұтас түсінуге көмектеседі.

Тәрбиеші ойын барысында заттардың атауларын, түсін, көлемін және фактурасын табиғи қарым-қатынас аясында сипаттай алады. Сұрақтар да баланың жасына және тілдік мүмкіндігіне сай болуы қажет. «Қайсысы үлкен?», «Қызыл доп қайда?», «Қай ойыншық жұмсақ?» деген қысқа сұрақтар баланы тыңдауға және әрекетпен жауап беруге ынталандырады.

Сенсорлық ойындар баланың зейінін шоғырландыруына, заттарды салыстыруына және белгілі бір белгіні есте сақтауына да мүмкіндік береді. Мысалы, бірдей түсті заттарды жұптау барысында бала түс белгісін байқап, оны басқа затпен салыстырады. Алайда әр ойынның барлық танымдық дағдыларды бірдей деңгейде дамытатынын айту дұрыс емес. Нәтиже ойынның мазмұнына, баланың қатысуына және тәрбиешінің көмегіне байланысты болады.

Сенсорлық ойындарды ұйымдастыруда жас ерекшелігін ескеру

Ерте жастағы балалардың зейіні мен қызығушылығы тұрақты бола бермейді. Сондықтан ойындар қысқа, түсінікті және нақты әрекетке негізделген болуы керек. Тапсырманың ұзақтығын алдын ала қатаң белгілеуден гөрі, баланың қызығушылығын және шаршау белгілерін бақылау маңызды.

Егер бала ойынға белсенді қатысып, материалдарды зерттеуге қызығушылық танытса, тәрбиеші әрекетті жалғастыра алады. Ал бала шаршаса, басқа нәрсеге алаңдаса немесе мазасызданса, үзіліс жасауға немесе ойын материалын өзгертуге болады. Баланы тапсырманы міндетті түрде аяқтауға мәжбүрлеу сенсорлық тәжірибені жағымсыз сезіммен байланыстыруы мүмкін.

Сонымен бірге тапсырмалардың күрделілігі біртіндеп арттырылуы қажет. Бастапқыда екі затты салыстыру ұсынылса, кейін заттар санын көбейтуге немесе басқа материалдарды пайдалануға болады. Егер бала тапсырманы орындауда қиналса, таңдау санын азайту, үлгі көрсету немесе тәрбиешінің көмегін арттыру тиімді. Ал бала әрекетті өздігінен орындай бастағанда, көмек біртіндеп азайтылады.

Сенсорлық қабылдауды дамытуда баланың жеке ерекшеліктерін ескеру де маңызды. Бір бала түстерді ажыратуға қызығушылық танытса, екінші бала заттарды ұстап көруге немесе дыбыстарды тыңдауға көбірек бейім болуы мүмкін. Тәрбиеші осы ерекшеліктерді ескере отырып, ойын мазмұнын түрлендіріп, баланың қызығушылығын қолдауы керек.

Ерте жастағы балалардың зейіні тұрақсыз болуы мүмкін, сондықтан ойындар қысқа, мазмұны түсінікті және әрекетке негізделген болуы керек. Баланың қызығушылығы төмендеген кезде тапсырманы жалғастыруға мәжбүрлеудің орнына, ойын материалын өзгерту немесе үзіліс жасау орынды.

Осы ерекшеліктерді ескеру тәрбиешіге баланың сенсорлық қабілеттерін жасанды түрде жеделдетпей, табиғи даму қарқынына сәйкес қолдауға мүмкіндік береді.

3. Дидактикалық ойындардың сенсорлық тәрбиедегі маңызы

Дидактикалық ойын – белгілі бір танымдық немесе дамытушылық міндетті жүзеге асыруға бағытталған, арнайы ұйымдастырылған ойын әрекеті. Оның мазмұнында ойын мақсаты, материалдары, әрекет тәртібі және баланың белсенді қатысуына мүмкіндік беретін тапсырма болады.

Ерте жаста дидактикалық ойындарды ұйымдастыру кезінде ереже күрделі болмауы керек. Бала әрекетті түсінуі, материалды еркін зерттеуі және тапсырманы ересек адамның қолдауымен орындауы қажет. Ойынның басты ерекшелігі – оқыту міндетінің баланың қызығушылығына сай ойын әрекеті арқылы жүзеге асуы.

Дидактикалық ойындардың сенсорлық дамуға ықпалын бірнеше бағыт бойынша қарастыруға болады.

Бірінші бағыт – сенсорлық эталондармен танысу. Сенсорлық эталондар деп заттардың қасиеттерін тануға және салыстыруға көмектесетін жалпы қабылданған үлгілерді айтамыз. Мысалы, негізгі түстер, геометриялық пішіндер және көлемдік қатынастар заттарды сипаттауға арналған бағдар болады. Ойын барысында бала осындай белгілерді нақты заттармен байланыстырады.

Екінші бағыт – салыстыру және сәйкестендіру әрекеттерін дамыту. Бірдей түсті заттарды жұптау, сәйкес пішінді табу немесе көлемі бойынша заттарды салыстыру баланың назарын белгілі бір белгіге бағыттайды. Бастапқыда балаға үлгі ұсынылады, кейін ол үлгісіз де қажетті затты табуға жаттығады.

Үшінші бағыт – ұсақ моториканы дамыту. Үлкен бөлшектерді ұяшыққа салу, текшелерді жинау, матадан жасалған заттарды ұстау және қауіпсіз ойыншықтарды орын ауыстыру қолдың қозғалысын үйлестіруге ықпал етеді. Алайда сенсорлық ойындарды тек ұсақ моториканы жаттықтыру құралы ретінде қарастыру жеткіліксіз: оның негізгі міндеті – заттардың қасиеттерін қабылдау мен ажыратуға мүмкіндік беру.

Төртінші бағыт – тілдік қарым-қатынасты қолдау. Тәрбиеші ойын барысында заттың атауын және оның қасиетін анық білдіретін сөздерді қолданады. «Қайсысы үлкен?», «Қызыл допты көрсет», «Қай ойыншық жұмсақ?» деген қарапайым сұрақтар баланы тыңдауға, түсінуге және мүмкіндігіне қарай жауап беруге ынталандырады.

Бесінші бағыт – дербестік пен бастаманы қолдау. Балаға заттарды таңдау, әрекетті қайталау және өз шешімін байқап көру мүмкіндігі беріледі. Ересек адам қателескені үшін баланы сынамай, дұрыс жауапқа жетелейтін көмек ұсынады.

Алтыншы бағыт – жағымды эмоциялық тәжірибе қалыптастыру. Ойын баланың қызығушылығын оятып, ересек адаммен сенімді қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Егер бала тапсырманы орындауда қиналса, тәрбиеші оның әрекетін асықтырмай, тапсырманы жеңілдетуі қажет.

Ұлттық және тұрмыстық мазмұндағы ойындарды да сенсорлық тәрбиеге кіріктіруге болады. Мысалы, қауіпсіз мата үлгілерін салыстыру, түрлі түсті орамалдарды топтастыру, ағаштан жасалған ірі ойыншықтарды көлеміне қарай ажырату баланың күнделікті өмірімен байланысты тәжірибе береді. Мұндай материалдар балаларға таныс мәдени орта мен тұрмыстық заттар туралы түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

NAEYC ұйымының жас ерекшеліктеріне сай тәжірибеге арналған ұсынымдарында баланың дара ерекшеліктерін, отбасылық және мәдени ортасын ескеретін, ойынға негізделген тәжірибенің маңыздылығы көрсетілген [6]. Бұл ұстаным тәрбиешінің барша балаға бірдей тапсырма беріп қана қоймай, олардың әрқайсысының қызығушылығы мен даму деңгейіне сәйкес қолдау көрсетуі керектігін білдіреді.

Сонымен, дидактикалық ойынның нәтижелілігі қолданылған материалдардың көптігімен емес, баланың олармен мағыналы әрекет жасауына, қасиеттерді байқауына және алған тәжірибесін қайталауына байланысты.

4. Сенсорлық қабілеттерді дамытуға арналған дидактикалық ойындар

4.1. «Түсіне қарай тап»

Мақсаты: балалардың заттардың түсін ажырату және бірдей түсті заттарды сәйкестендіру қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: екі түрлі түсті үлкен текшелер, сол түстерге сәйкес себеттер немесе түсті карточкалар.

Ойын барысы: тәрбиеші балаларға екі түсті текшені көрсетіп, әрқайсысын белгілі бір себетке орналастырады. Содан кейін баладан өзіне берілген текшені түсіне сәйкес себетке

салуды сұрайды. Алғашқы кезеңде тәрбиеші үлгі көрсетіп, баланың әрекетін сөзбен сүйемелдейді.

Мысалы: «Мына текше қызыл. Қызыл текшені қызыл себетке салайық». Бала тапсырманы меңгере бастаған кезде тәрбиеші көмекті азайтып, өздігінен орындауына мүмкіндік береді.

Әдістемелік ерекшелігі: алғашқыда екі айқын түсті қолданған дұрыс. Бала тапсырманы тұрақты орындай бастағаннан кейін ғана қосымша түстер енгізіледі. Түс атауын айтуды талап етпей, баланың дұрыс затты таңдауына да назар аударылады.

4.2. «Пішінді өз орнына орналастыр»

Мақсаты: қарапайым геометриялық пішіндерді ажырату, көз бен қолдың үйлесімділігін және заттық әрекетті дамыту.

Қажетті құралдар: ірі өлшемді дөңгелек және төртбұрыш пішінді бөлшектері бар арнайы сұрыптағыш ойыншық.

Ойын барысы: тәрбиеші бір пішінді көрсетіп, оның сәйкес ұяшыққа қалай орналастырылатынын демонстрациялайды. Бала бөлшекті қолына алып, бұрып, ұяшыққа сәйкестендіруге тырысады. Егер бірден орындай алмаса, тәрбиеші бөлшекті қажетті бағытқа бұруға көмектеседі.

Күтілетін нәтиже: бала пішін мен ұяшық арасындағы сәйкестікті тәжірибе арқылы түсіне бастайды, затты қолмен басқару дағдысы жетіледі.

Қауіпсіздік талабы: бөлшектер баланың жұтып қою қаупін тудырмайтындай ірі болуы, сынған немесе ажырайтын ұсақ бөліктері болмауы керек.

5. Сенсорлық ойындарды ұйымдастырудың әдістемелік жолдары

Сенсорлық ойынның нәтижелілігі оның мақсатының анықтығына, материалдардың қолжетімділігіне және тәрбиешінің әрекетті ұйымдастыру тәсіліне байланысты. Баланың дамуына қолайлы жағдай жасау үшін ойын тек белгілі бір уақытпен шектелмей, күн тәртібіндегі әртүрлі әрекеттермен байланыстырылуы қажет.

Бірінші әдістемелік талап – мақсатты нақтылау. Әр ойынның негізгі сенсорлық міндеті анық болуы керек. Мысалы, түстерді ажыратуға арналған ойынға бір мезгілде көптеген пішіндер, дыбыстар және күрделі ережелерді қосу баланың назарын негізгі міндеттен алыстатуы мүмкін. Сондықтан тәрбиеші бір ойын барысында бір немесе екі негізгі қасиетке назар аударғаны жөн.

Екінші талап – материалдарды қарапайымнан күрделіге қарай ұсыну. Балаға алғашында екі затты салыстыру ұсынылады. Тапсырманы меңгергеннен кейін заттардың саны немесе белгілерінің айырмашылығы біртіндеп арттырылады. Мысалы, түс бойынша сәйкестендіруде алдымен екі айқын түс, кейін үш түс қолданылуы мүмкін.

Үшінші талап – әрекетті көрсету және қолдауды біртіндеп азайту. Тәрбиеші алғашқыда затпен қалай әрекет жасау керектігін көрсетеді. Кейін балаға өздігінен орындауға мүмкіндік беріледі. Егер бала қиналса, бірден оның орнына орындап бермей, қажетті затты жақындату, үлгі көрсету немесе қарапайым нұсқау айту арқылы көмектесуге болады.

Төртінші талап – сөз бен әрекетті байланыстыру. Сенсорлық тәжірибені тілдік қарым-қатынаспен ұштастыру баланың заттар мен олардың қасиеттерін атауына жағдай жасайды. Мысалы, тәрбиеші «үлкен доп», «жұмсақ ойыншық», «дөңгелек пішін» деген сөздерді нақты затпен бірге қолданады. Баланың сөзді қайталауы міндетті нәтиже ретінде қарастырылмайды; оның түсінуі мен әрекеті де маңызды.

Бесінші талап – баланың қызығушылығын сақтау. Ерте жастағы балалар ұзақ уақыт бір тапсырмаға назар аудармауы мүмкін. Сондықтан ойынның ұзақтығы баланың күйіне қарай белгіленеді. Ол қызығушылық танытып отырса, әрекетті жалғастыруға болады; ал шаршау немесе мазасыздық байқалса, үзіліс жасалады.

Алтыншы талап – жеке ерекшеліктерді ескеру. Кейбір балалар дыбысқа сезімтал болуы, кейбірі белгілі бір фактураны ұнатпауы немесе затты қолмен басқаруда қосымша қолдауды қажет етуі мүмкін. Тәрбиеші мұндай ерекшеліктерді ескеріп, материалды, тапсырманы және

көмек түрін бейімдейді. Қажет болған жағдайда ата-анамен және тиісті мамандармен бірлесіп жұмыс жүргізеді.

Жетінші талап – ойындарды күнделікті өмірмен байланыстыру. Баланың сенсорлық тәжірибесі тек арнайы ойын үстелінде қалыптаспайды. Серуен кезінде әртүрлі жапырақтарды бақылау, киімдерді түсіне қарай ажырату, ойыншықтарды көлеміне қарай жинау, тамақтану кезінде қауіпсіз заттардың пішініне назар аудару да сенсорлық дамуды қолдайды. Мұндай әрекеттер ересек адамның бақылауымен және қауіпсіздік талаптарына сай ұйымдастырылады.

Сегізінші талап – қайталау мен жаңа тәжірибенің тепе-теңдігін сақтау. Бір ойынды қайталау балаға таныс әрекетті сенімді орындауға көмектеседі. Алайда тапсырма өзгеріссіз ұзақ уақыт қайталана берсе, қызығушылық төмендеуі мүмкін. Сондықтан ойынның негізгі міндетін сақтай отырып, материалды немесе әрекеттің жағдайын өзгертіп отырған дұрыс.

Сенсорлық ойындарды күн тәртібіне кіріктіру үлгісі

Күнделікті әрекет	Ұсынылатын сенсорлық тапсырма	Дамытылатын дағды
Балаларды қабылдау	Таныс ойыншықтарды түсіне қарай таңдау	Түсті ажырату
Еркін ойын	Ірі пішіндерді сәйкес ұяшыққа орналастыру	Пішінді қабылдау, қол қимылы
Серуен	Табиғи нысандарды бақылау, олардың пішіні мен түсін салыстыру	Көру арқылы қабылдау
Ойыншықтарды жинау	Үлкен және кіші заттарды бөлек себеттерге салу	Көлемді салыстыру
Музыкалық әрекет	Қауіпсіз аспаптардың дыбыстарын тыңдау	Есту назарын дамыту
Жеке ойын уақыты	Әртүрлі қауіпсіз фактураларды сипап көру	Тактильдік қабылдау

6. Ата-анамен бірлескен жұмыс

Баланың сенсорлық тәжірибесі балабақшадағы ұйымдастырылған ойындармен ғана шектелмейді. Отбасындағы күнделікті қарым-қатынас, тұрмыстық әрекеттер және бірге ойнау да оның қабылдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан тәрбиеші ата-аналарға сенсорлық ойындардың мақсатын түсіндіріп, үй жағдайында қолдануға болатын қарапайым тапсырмаларды ұсына алады.

Мысалы, ата-аналар баламен бірге ойыншықтарды жинағанда үлкен және кіші заттарды салыстыра алады. Киім таңдағанда түстерді атап, серуен кезінде ағаш жапырақтарының пішініне немесе айналадағы дыбыстарға назар аударуға болады. Мұндай әрекеттер арнайы құралдарды көп қажет етпейді және баланың күнделікті өмірімен табиғи байланыста жүзеге асады.

Ата-аналарға ұсыныс бергенде баланың әрекетін асықтырмау, әрбір қадамын түзете бермеу және тапсырманы міндетті түрде дұрыс орындауды талап етпеу керектігі түсіндіріледі. Ең маңыздысы – баланың қызығушылығына жауап беру, қауіпсіздік талаптарын сақтау және бірге өткізген уақытты жағымды тәжірибеге айналдыру.

Үй мен балабақша арасындағы сабақтастық баланың таныс әрекеттерді әртүрлі ортада қолдануына жағдай жасайды. Мысалы, балабақшада түстерді сәйкестендіруді үйренген бала үйде ойыншықтарын түсіне қарай жинауға қызығушылық танытуы мүмкін. Дегенмен әр баланың даму қарқыны әртүрлі болғандықтан, мұндай нәтижелердің бірден байқалуын міндетті шарт ретінде қарастыруға болмайды.

Ата-анамен байланыс баланың жетістіктерін ғана емес, оның қызығушылықтарын, ұнататын материалдарын және қандай әрекеттерде қосымша қолдауды қажет ететінін талқылауға мүмкіндік береді. Осы ақпаратты ескере отырып, тәрбиеші ойын мазмұнын баланың жеке ерекшеліктеріне бейімдей алады.

Қорытынды

Ерте жастағы балалардың сенсорлық қабілеттерін дамыту – олардың қоршаған ортаны тануына, заттардың қасиеттерін ажыратуына және күнделікті әрекеттерді меңгеруіне негіз болатын маңызды педагогикалық міндет. Түстерді, пішіндерді, көлемді, фактураны, дыбыстарды және кеңістіктік қатынастарды қабылдау баланың танымдық белсенділігімен, қимыл-қозғалыс әрекетімен және тілдік қарым-қатынасымен өзара байланысты.

Дидактикалық ойындар сенсорлық тәрбиені баланың жас ерекшелігіне сай ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ойын барысында бала заттарды зерттейді, салыстырады, сәйкестендіреді, әрекетін қайталайды және ересек адамның қолдауымен жаңа тәжірибе жинақтайды. Мұндай жұмыс нәтижелі болуы үшін тапсырмалар қарапайымнан күрделіге қарай құрылып, ойын материалдары қауіпсіз таңдалып, әр баланың қызығушылығы мен даму қарқыны ескерілуі қажет.

Тәрбиешінің рөлі дайын білімді берумен шектелмейді. Ол баланың қоршаған ортаны еркін зерттеуіне жағдай жасап, қажетті кезде үлгі көрсетеді, сөзбен қолдау білдіреді және дербес әрекет жасауына мүмкіндік береді. Сонымен бірге баланың жетістігін басқа балалармен салыстырмай, оның жеке дамуындағы өзгерістерді бақылау маңызды.

Сенсорлық ойындарды күнделікті өмірге кіріктіру, ата-аналармен бірлескен жұмыс жүргізу және қауіпсіз дамытушы орта қалыптастыру педагогикалық жұмыстың тиімділігін арттыруға көмектеседі. Баланың сенсорлық дамуы бір реттік ойынмен аяқталмайды; ол қайталанатын тәжірибе, қарым-қатынас және қоршаған әлемді өздігінен зерттеу арқылы біртіндеп қалыптасады.

Қорытындылай келе, дидактикалық ойындарды мақсатты әрі жүйелі қолдану ерте жастағы балалардың сенсорлық тәжірибесін байытуға, танымдық қызығушылығын қолдауға және қоршаған орта туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан тәрбиеші ойындарды баланың табиғи қажеттілігіне негізделген, қауіпсіз және дамытушы педагогикалық құрал ретінде пайдалануы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы. 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрық, 1-қосымша. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031

2. World Health Organization, UNICEF, World Bank Group, et al. Nurturing Care for Early Childhood Development: A Framework for Helping Children Survive and Thrive to Transform Health and Human Potential. Geneva: World Health Organization, 2018. ISBN 978-92-4-151406-4. URL: https://www.who.int/publications/i/item/9789241514064

3. Выготский Л. С. Мышление и речь. Москва: Лабиринт, 1999.

4. Piaget J. The Origins of Intelligence in Children. New York: International Universities Press, 1952.

5. Montessori M. The Montessori Method: Scientific Pedagogy as Applied to Child Education in “The Children’s Houses”. New York: Frederick A. Stokes Company, 1912.

6. National Association for the Education of Young Children (NAEYC). Developmentally Appropriate Practice: A Position Statement. URL: https://www.naeyc.org/resources/position-statements/dap/definition/

7. UNICEF, World Health Organization. Care for Child Development: Improving the Care of Young Children. Geneva: World Health Organization, 2012. URL: https://www.unicef.org/documents/care-child-development

Жумагулова Назым Тойшибаевна
Тәрбиеші, педагог-модератор
"Нұрбөбек" шағын орталығы
Тараз қаласы



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ БЕРУ ӘДІСТЕРІ

Аннотация. Мақалада мектепке дейінгі ұйым жағдайында ұлттық құндылықтарды кешенді түрде кіріктіре отырып тәрбие берудің мазмұндық және ұйымдастырушылық негіздері жан-жақты қарастырылады, сонымен бірге баланың күнделікті өмір әрекеттері арқылы ұлттық дүниетанымды қалыптастырудың тиімді тетіктері талданады. Автор ұлттық тәрбиені тек теориялық ұстаным ретінде емес, баланың күн тәртібінің барлық кезеңдеріне табиғи түрде енгізілетін тұтас педагогикалық жүйе ретінде сипаттайды, осы арқылы баланың тұлғалық, әлеуметтік және рухани дамуына ықпал ететін факторлар кешенді түрде ашылады. Мақалада отбасы мен балабақша арасындағы өзара ықпалдастықтың маңызы негізделіп, ұлттық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудегі сабақтастық мәселесі терең талданады, бұл өз кезегінде қазіргі білім беру кеңістігіндегі тәрбиелік жұмыстың мазмұнын жаңартуға бағытталған ғылыми пайымдаулармен ұштасады.

Кілт сөздер: ұлттық құндылықтар, балабақша, тәрбие, халық педагогикасы, рухани даму, мәдени мұра, мектепке дейінгі білім, тұлға қалыптастыру, дәстүр, тәрбие әдістері.

Қазіргі кезеңде қоғам дамуының қарқынды өзгерістері білім беру жүйесіне түбегейлі жаңа талаптар қойып отыр, бұл талаптардың ішінде ұлттық құндылықтарды сақтай отырып ұрпақ тәрбиелеу мәселесі ерекше маңызға ие болып келеді, өйткені жаһандану үдерісі мәдениеттердің бір-бірімен тоғысуына ықпал ете отырып кей жағдайда ұлттық ерекшеліктердің әлсіреуіне әкелуі мүмкін, сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда баланың бойына ұлттық рухты сіңіру тәрбиенің басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылуы тиіс. Балабақшадағы тәрбие жұмысы тек білім берумен шектелмей, баланың ішкі дүниесін байытуға, оның ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға бағытталуы қажет, осы тұрғыда ұлттық құндылықтар тәрбие мазмұнының өзегіне айналуы заңды құбылыс болып табылады. Ұлттық құндылықтар ұғымы халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі мен дүниетанымын қамтиды, оған тіл, дәстүр, әдет-ғұрып, салт-саналар мен рухани мұралар кіреді, ал бұл элементтер баланың тұлғалық дамуына тікелей әсер ететін маңызды құралдар болып саналады. Балабақша жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық тәрбиені ойын, көркем әдебиет, музыка және шығармашылық әрекеттер арқылы жүзеге асыру тиімді нәтиже береді, себебі бұл кезеңде бала қоршаған ортаны сезім арқылы қабылдайды және көргенін тез меңгереді. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие баланың

бойында патриотизм сезімін қалыптастырып қана қоймай, оның адамгершілік қасиеттерін де дамытады, мұндай қасиеттерге үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу, адалдық, еңбекқорлық сияқты мінез-құлық нормалары жатады. Осы тұрғыдан алғанда балабақшадағы әрбір ұйымдастырылған іс-әрекет тәрбиелік мәнге ие болуы тиіс және ол ұлттық мазмұнмен толықтырылуы қажет.

Ұлттық құндылықтарды тәрбие үдерісіне енгізудің әдістемелік негіздері халық педагогикасымен тығыз байланысты, өйткені халық педагогикасы ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбие тәжірибесінің жиынтығы ретінде баланың жан-жақты дамуына бағытталған тиімді құралдарды ұсынады, сондықтан тәрбиеші осы мұраны заманауи педагогикалық технологиялармен ұштастыра білуі тиіс. Мысалы, қазақтың ұлттық ойындары баланың дене дамуын ғана емес, оның ойлау қабілетін, тапқырлығын және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда ерекше рөл атқарады, осы ойындарды оқу қызметіне енгізу арқылы тәрбиеші баланың қызығушылығын арттырып, ұлттық мазмұнды табиғи түрде меңгертуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар ертегілер мен аңыз-әңгімелерді пайдалану арқылы балаларға ұлттық дүниетанымды жеткізуге болады, өйткені көркем сөз баланың қиялын дамытып, оның рухани әлемін байытады. Музыкалық тәрбие барысында ұлттық әндер мен күйлерді қолдану баланың эстетикалық талғамын қалыптастыруға ықпал етеді, бұл ретте тәрбиеші әрбір шығарманың мазмұнын түсіндіріп, оның тәрбиелік мәнін ашуы қажет. Тіл дамыту сабақтарында мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштарды қолдану баланың сөздік қорын кеңейтіп қана қоймай, оның ойлау жүйесін жетілдіреді, осындай әдістер арқылы ұлттық құндылықтар баланың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналады. Бұл үдерісте тәрбиешінің кәсіби шеберлігі ерекше маңызға ие, өйткені ол балаларға тек ақпарат беруші ғана емес, олардың рухани жетекшісі ретінде әрекет етеді.

Балабақшадағы тәрбиелік үдерісті күн тәртібінің барлық кезеңдерінде ұлттық мазмұнмен байыту баланың дүниетанымын жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді, өйткені әрбір қайталанатын әрекет оның санасында тұрақты мінез-құлық үлгілерін орнықтырады және бұл үлгілер кейін оның өмірлік ұстанымдарына айналуы ықтимал. Таңертеңгілік қабылдау сәтінде баланың көңіл күйін ескере отырып, ұлттық сипаттағы жылы қарым-қатынас үлгілерін қолдану оның эмоционалдық тұрақтылығын қамтамасыз етеді, мұндай жағдайда бала өзін қауіпсіз әрі құрметтелген ортада сезінеді, бұл оның балабақшаға деген жағымды көзқарасын қалыптастырады. Күн тәртібіндегі әрбір ұйымдастырылған әрекеттің мазмұнына ұлттық реңк беру арқылы тәрбиеші баланың қоршаған әлемді қабылдау ерекшелігін өзгертеді, өйткені ол әрбір құбылысты ұлттық мәдениетпен байланыстыра бастайды. Тамақтану кезінде тағамның шығу тарихы мен оның дайындалу ерекшеліктерін түсіндіру баланың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, оның мәдени сәйкестігін қалыптастыруға ықпал етеді, мұндай тәсіл арқылы бала тек тұтынушы емес, мәдени мұраны жалғастырушы ретінде қалыптасады. Серуен барысында табиғат құбылыстарын ұлттық дүниетаным тұрғысынан түсіндіру баланың қоршаған ортаға деген көзқарасын тереңдетеді, ол табиғатты тек ресурс ретінде емес, рухани құндылық ретінде қабылдай бастайды. Осындай жүйелі ықпалдың нәтижесінде балада ұлттық мәдениет элементтері біртіндеп ішкі қажеттілікке айналады, бұл оның мінез-құлқынан айқын көрініс табады.

Күн тәртібіндегі әрекеттерді ұлттық мазмұнмен толықтыру барысында тәрбиеші тек ақпарат беруші рөлінде қалмай, мәдениет тасымалдаушысы ретінде әрекет етуі тиіс, өйткені оның әрбір сөзі мен іс-әрекеті бала үшін үлгі болып табылады және бұл үлгі баланың санасында ұзақ уақыт сақталады. Баланың күнделікті әрекеттерін ұйымдастыру кезінде ұлттық ойын элементтерін енгізу оның белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, себебі ойын арқылы берілген ақпарат балаға жеңіл әрі қызықты қабылданады. Сонымен бірге көркемдік әрекеттер барысында ұлттық өрнектер мен символдарды қолдану баланың эстетикалық талғамын қалыптастырып, оның мәдени кодын нығайтады, мұндай тәсіл арқылы бала өз халқының көркемдік ерекшеліктерін ерте жастан меңгереді. Ұйымдастырылған әрекеттердің мазмұнын ұлттық құндылықтармен байланыстыру баланың ойлау жүйесін кешенді түрде дамытады, өйткені ол әрбір ақпаратты белгілі бір

мәдени контекст арқылы қабылдайды. Баланың күн тәртібіндегі қайталанатын әрекеттерге ұлттық мән беру оның мінез-құлқын реттеуге де ықпал етеді, себебі ол белгілі бір нормаларды табиғи түрде меңгереді және оларды саналы түрде қолдана бастайды. Осындай педагогикалық ықпал нәтижесінде баланың тұлғасы үйлесімді дамып, оның ұлттық болмысы айқын көрініс табады.

Ұлттық тәрбие беру үдерісінде ата-анамен серіктестік орнату тек ақпарат алмасу деңгейінде қалып қоймай, бірлескен тәрбиелік кеңістік құруға бағытталуы тиіс, өйткені бала үшін ең тиімді тәрбие үлгісі – үй мен балабақшадағы талаптардың бірізділігі болып табылады және бұл бірізділік оның мінез-құлқында тұрақтылық қалыптастырады. Ата-аналарды тәрбиелік үдерістің белсенді қатысушысына айналдыру үшін олардың қызығушылықтарын ескере отырып, түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастыру қажет, мұндай іс-шаралар олардың педагогикалық көзқарасын кеңейтіп, бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттырады. Отбасындағы ұлттық дәстүрлерді зерттеу және оларды балабақша тәжірибесіне енгізу арқылы тәрбие жұмысының мазмұнын байытуға болады, бұл өз кезегінде баланың өз отбасына деген құрметін арттырады. Ата-аналардың қатысуымен өткізілетін шығармашылық жобалар баланың өзіндік «Мен» тұжырымдамасын қалыптастыруға ықпал етеді, себебі ол өз жетістігін жақындарымен бөлісу арқылы өзін бағалауды үйренеді. Осындай бірлескен әрекеттер нәтижесінде бала өзін қоғамның маңызды мүшесі ретінде сезінеді, бұл оның әлеуметтік бейімделуін жеңілдетеді.

Отбасы мен балабақша арасындағы өзара әрекеттестікті жүйелі түрде ұйымдастыру баланың тәрбиесінде ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, өйткені тұрақты байланыс арқылы тәрбиешілер мен ата-аналар баланың дамуын бірлесіп бақылап, қажет болған жағдайда түзету жұмыстарын жүргізе алады. Ата-аналарға ұлттық тәрбиенің мәнін терең түсіндіру олардың бала тәрбиесіне саналы көзқарасын қалыптастырады, мұндай жағдайда олар күнделікті өмірде ұлттық құндылықтарды қолдануға ұмтылады және бұл әрекет балаға тікелей әсер етеді. Баланың отбасында көрген үлгілері оның мінез-құлқында басым рөл атқарады, сондықтан ата-аналардың тәрбиеге деген жауапкершілігін арттыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында үлкен буын өкілдерін тәрбиелік үдеріске тарту баланың тарихи жадысын қалыптастыруға ықпал етеді, өйткені ол өткен мен бүгіннің арасындағы байланысты нақты мысалдар арқылы түсінеді. Осындай кешенді жұмыс нәтижесінде бала ұлттық құндылықтарды тек теориялық деңгейде емес, өмірлік тәжірибе арқылы меңгереді, бұл оның тұлғалық дамуының берік негізін қалайды.

Қорытындылай келе, балабақшада ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие беру баланың тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін маңызды бағыттардың бірі болып табылады, бұл үдеріс кешенді әрі жүйелі түрде ұйымдастырылған жағдайда ғана тиімді нәтиже береді, сондықтан тәрбиеші ұлттық мұраны терең меңгеріп, оны заманауи педагогикалық әдістермен ұштастыра білуі тиіс. Ұлттық тәрбие баланың бойында рухани байлықты қалыптастырып қана қоймай, оның болашақта елінің жанашыры болатын азамат ретінде қалыптасуына негіз болады, мұндай мақсатқа жету үшін тәрбие үдерісінде әрбір әрекеттің тәрбиелік мәнін ескеру қажет. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жүйесі қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді, өйткені рухани бай ұрпақ қана елдің болашағын айқындай алады. Осы тұрғыда балабақша тәрбиешісінің рөлі ерекше, ол ұлттық тәрбиенің негізгі таратушысы ретінде балалардың жүрегіне ұлттық рухты сіңіре білуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. National Values in Early Childhood Curriculum: International Perspectives / Ed. by M. Fleer, B. van Oers. – Springer, 2019. – 294 p.

2. Павлова, Л.Н. Этнокультурное воспитание детей дошкольного возраста / Л.Н. Павлова // Дошкольное воспитание. – 2019. – № 6. – С. 22-29.

3. Формирование этнокультурной идентичности у детей дошкольного возраста в условиях полиэтнической среды / Авт.-сост. Г.И. Рахманова. – СПб.: Детство-Пресс, 2021. – 144 с.

Боромбаева Асем Сайлауовна
Тәрбиеші
"Күншуақ" бөбекжайы
Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Степняк қаласы



«ОЙЫН ӘРЕКЕТІ – ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ»

Аңдатпа. Мақалада ерте жастағы балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етудегі ойын әрекетінің педагогикалық және психологиялық маңызы қарастырылады. Баланың танымдық белсенділігін, сөйлеуін, сенсорлық қабылдауын, қимыл-қозғалысын, дербестігін және әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын қалыптастырудағы ойынның мүмкіндіктері ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талданады. Ерте жастағы балалардың даму ерекшеліктеріне сәйкес ойын ортасын ұйымдастыру, ойын материалдарын таңдау, тәрбиешінің қолдаушы рөлін айқындау және ойын нәтижелерін күнделікті бақылау мәселелеріне назар аударылады. Сонымен қатар тәжірибеде қолдануға болатын сенсорлық, қимыл-қозғалыс, еліктеу, заттық-әрекеттік және қарапайым сюжеттік ойындардың үлгілері ұсынылады. Мақала мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне балалардың табиғи қызығушылығын қолдау және ойын арқылы дамытушы ортаны тиімді ұйымдастыру бағытында әдістемелік көмек көрсетуге арналған.

Түйін сөздер: ерте жас, ойын әрекеті, баланың дамуы, сенсорлық тәрбие, сөйлеуді дамыту, қимыл-қозғалыс, танымдық белсенділік, әлеуметтік-эмоциялық даму, дамытушы орта, тәрбиеші.

Кіріспе

Ерте балалық шақ – адамның кейінгі өміріндегі танымдық, тілдік, әлеуметтік және эмоциялық дамуының негізі қаланатын маңызды кезең. Бұл уақытта бала қоршаған ортаны белсенді танып, заттардың қасиеттерін ажыратуға, ересектердің әрекеттеріне еліктеуге, өз қажеттіліктерін білдіруге және айналасындағы адамдармен қарым-қатынас орнатуға үйренеді. Баланың күнделікті өміріндегі әрбір жаңа тәжірибе оның қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтіп, дербес әрекет етуіне мүмкіндік береді. Осы үдерісте ойын әрекеті ерекше орын алады.

Ерте жастағы балалар үшін ойын тек уақыт өткізу немесе көңіл көтеру тәсілі емес. Ол – қоршаған дүниені танып-білудің, заттармен әрекет жасаудың, қозғалысты жетілдірудің және ересектермен қарым-қатынас орнатудың табиғи жолы. Бала ойын барысында заттарды ұстап көреді, бір-бірімен салыстырады, көлемі мен пішінін байқайды, дыбыстарды қайталайды, қарапайым әрекеттердің нәтижесін бақылайды. Осындай тәжірибелер баланың сезім мүшелері арқылы ақпарат қабылдауына, ойлауына және әрекет пен нәтиже арасындағы байланысты түсінуіне жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде баланың жас ерекшелігіне, жеке мүмкіндіктеріне және қажеттіліктеріне сәйкес дамуын қамтамасыз ету маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты білім беру үдерісін ұйымдастыруға негіз болады. Ал мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, оның белсенділігі мен дербестігін қолдауға бағытталған [1; 2].

UNICEF пен LEGO Foundation ұйымдарының 2018 жылы жарияланған *Learning through Play* баяндамасында ойын арқылы оқытудың баланың танымдық, әлеуметтік, эмоциялық және шығармашылық дамуына ықпал ететіні көрсетілген [3]. Бұл тұжырым ойынның баланың табиғи белсенділігімен тығыз байланысты екенін және сапалы білім беру ортасында оның дамытушы мүмкіндіктерін мақсатты түрде пайдалану қажеттігін негіздейді.

Мақаланың өзектілігі ерте жастағы балалармен жүргізілетін педагогикалық жұмыста ойынның маңызын терең түсіндірумен және оны баланың күнделікті даму қажеттіліктеріне сай ұйымдастыру жолдарын нақтылаумен байланысты. Ойынның дамытушы әлеуетін тиімді пайдалану үшін тәрбиеші балаларға ойыншық ұсынумен ғана шектелмей, олардың қызығушылығын байқап, қауіпсіз орта қалыптастырып, өз бетінше әрекет етуіне және жаңа тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беруі қажет.

Мақаланың мақсаты – ерте жастағы балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етудегі ойын әрекетінің педагогикалық мүмкіндіктерін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеу және тәрбиеші тәжірибесінде қолдануға болатын тиімді ойындарды ұйымдастыру жолдарын ұсыну.

1. Ерте жастағы балалардың даму ерекшеліктері және ойын әрекетінің теориялық негіздері

Ерте жас кезеңін қарастырғанда баланың нақты жасын, жеке даму қарқынын және тәжірибесін ескеру қажет. Мектепке дейінгі білім беру тәжірибесінде ерте жас деп көбіне өмірінің алғашқы үш жылындағы балалар кезеңі аталады. Дегенмен балалардың даму қарқыны бірдей болмайды: бір бала заттарды ертерек сұрыптап, өздігінен әрекет етуге ұмтылса, екінші бала ересектің көмегін көбірек қажет етуі мүмкін. Сондықтан ойын тапсырмаларын ұйымдастыруда барлық баладан бірдей нәтижені бір уақытта талап ету дұрыс емес.

Ерте жаста баланың қоршаған ортаны қабылдауы тікелей әрекетпен тығыз байланысты. Ол зат туралы мәліметті тек ересектің сөзінен ғана емес, оны ұстап, қозғап, ашып, жауып, салып, шығарып немесе дыбысын тыңдап көру арқылы меңгереді. Мысалы, балаға үлкен және кіші текшелерді көрсету арқылы көлем айырмашылығын түсіндіруге болады. Алайда баланың бұл айырмашылықты тәжірибеде түсінуі үшін текшелерді қолына ұстап, бірінің үстіне бірін қойып, оларды салыстырып көруі маңызды.

Ойын әрекетінің теориялық негіздерін түсіндіруде Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы мен баланың жақын даму аймағы туралы тұжырымдамасының маңызы зор. Ғалым баланың дамуын әлеуметтік қарым-қатынас пен мәдени тәжірибені меңгеру үдерісімен байланысты қарастырды. Осы көзқарасқа сәйкес, ересек адамның орынды көмегі баланың өз бетінше әлі орындай алмайтын әрекеттерді біртіндеп меңгеруіне жағдай жасайды [4].

Мысалы, бала пирамиданың сақиналарын көлеміне қарай орналастыруда қиналса, тәрбиеші дайын нәтижені бірден көрсетіп қана қоймай, екі сақинаны салыстырып, үлкенін табуға бағыттай алады. Бала ересектің қолдауымен әрекетті орындап көріп, кейін сол әрекетті өздігінен қайталауға үйренеді. Бұл жағдайда ойын баланың мүмкіндігінен тыс талап қою құралы емес, оның қазіргі дағдысын келесі деңгейге жеткізетін тәжірибе алаңы қызметін атқарады.

Ж. Пиаже еңбектерінде баланың танымдық дамуы қоршаған ортамен белсенді әрекеттесу және тәжірибені біртіндеп қайта құру үдерісімен түсіндіріледі. Баланың заттармен жасайтын әрекеттері мен қайталанатын тәжірибелері оның дүниені түсінуіне ықпал етеді [5]. Мәселен, бала допты итергенде оның домалайтынын, жұмсақ ойыншықты қысқанда пішінінің өзгеретінін, ал қораптың ішіне зат салғанда оның көзден таса болатынын байқайды. Осылайша

қарапайым әрекеттердің өзі баланың себеп-салдарлық байланыстар туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыруға көмектеседі.

Ойын әрекетінің тағы бір маңызды ерекшелігі – баланың қызығушылығы мен ішкі белсенділігіне сүйенуі. Егер бала ойынға ерікті түрде қатысып, заттарды зерттеуге мүмкіндік алса, оның назарын сақтау және әрекетті қайталау ықтималдығы артады. Алайда ойынның кез келген түрі өздігінен бірдей дамытушы нәтиже бере бермейді. Ойын материалының қолжетімділігі, ересек адамның қарым-қатынас тәсілі, баланың шаршау деңгейі және тапсырманың күрделілігі де маңызды рөл атқарады.

National Association for the Education of Young Children ұйымының даму ерекшеліктеріне сәйкес тәжірибені негіздейтін әдістемелік ұстанымында ойынға негізделген оқыту баланың физикалық, танымдық, әлеуметтік және эмоциялық дамуын қолдайтын тәсіл ретінде қарастырылады [6]. Бұл тәсіл баланың жас ерекшелігімен қатар, оның жеке қабілетін, отбасылық және тілдік ортасын, мәдени тәжірибесін ескеруді талап етеді.

Демек, ерте жастағы балалармен жұмыс барысында ойын әрекетін ұйымдастырудың негізгі қағидасы – баланың белсенді қатысуын қамтамасыз ету, оның әрекетін мағыналы тәжірибеге айналдыру және жеке даму қарқынын құрметтеу.

2. Ойын әрекетінің баланың жан-жақты дамуына ықпалы

2.1. Танымдық қабілеттерді дамытудағы ойынның маңызы

Танымдық даму баланың қоршаған орта туралы ақпаратты қабылдауын, есте сақтауын, салыстыруын, қарапайым қорытынды жасауын және заттар арасындағы байланысты түсінуін қамтиды. Ерте жаста бұл қабілеттер күрделі теориялық тапсырмалар арқылы емес, күнделікті әрекеттер мен ойын тәжірибесі арқылы қалыптасады.

Мысалы, «Қайда жасырылды?» ойынында тәрбиеші ойыншықты матаның астына жасырып, баладан оны іздеуді ұсынады. Бала ойыншықты іздеу барысында оның көзден таса болғанымен, мүлдем жоғалып кетпейтінін тәжірибе жүзінде түсіне бастайды. Ал «Себетке жина» ойынында түрлі заттарды бір ыдысқа салу арқылы бала әрекеттің мақсатын түсініп, заттарды жинақтауға дағдыланады.

Танымдық дамуды қолдайтын ойындар баланың:

- заттардың қасиеттеріне назар аударуына;
- ұқсастық пен айырмашылықты байқауына;
- қарапайым нұсқауларды түсінуіне;
- әрекет нәтижесін бақылауына;
- мәселені шешудің бірнеше тәсілін байқап көруіне мүмкіндік береді.

Тәрбиеші ойын кезінде баланың әрекетін асықтырмай, өз шешімін табуына уақыт беруі қажет. Егер бала текшені қорапқа сыйғыза алмаса, тәрбиеші бірден орнына салып бермей, текшені бұрып көруді немесе басқа тесікті байқап көруді ұсына алады. Мұндай қолдау баланың мәселені шешуге талпынысын сақтауға көмектеседі.

2.2. Сенсорлық қабылдауды қалыптастыру

Сенсорлық даму – заттардың түсін, пішінін, көлемін, бетіндегі ерекшеліктерді, дыбысын және басқа да қасиеттерін сезім мүшелері арқылы ажырату үдерісі. Ерте жаста сенсорлық тәжірибе баланың заттармен тікелей әрекет етуі арқылы байиды. Сондықтан ойын материалдары әртүрлі болғанымен, қауіпсіз, баланың жасына сәйкес және қолмен зерттеуге ыңғайлы болуы керек.

«Сиқырлы себет» ойынында тәрбиеші балаларға ірі, қауіпсіз заттарды ұсынады: жұмсақ доп, мата бөлігі, үлкен ағаш текше, тегіс пластик ыдыс. Бала заттарды ұстап көріп, олардың жұмсақтығын, қаттылығын, салмағы мен пішінін байқайды. Тәрбиеші «Мынау жұмсақ па?», «Қайсысы домалайды?», «Қай затты қысуға болады?» деген қарапайым сұрақтар қояды.

Мұнда негізгі мақсат – баланы қасиеттердің атауын жаттатумен шектемеу. Бала алдымен затты зерттеп, содан кейін ересектің сөзін әрекетпен байланыстырады. Бір затты бірнеше рет әртүрлі жағдайда пайдалану оның ерекшеліктерін жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Сенсорлық ойындарды ұйымдастыруда баланың сезімталдық ерекшеліктерін де ескеру қажет. Кейбір балалар белгілі бір дыбысты, материалды немесе жанасуды ұнатпауы мүмкін.

Мұндай жағдайда мәжбүрлеудің орнына балама материал ұсыну және баланың таңдауы мен жайлылығын құрметтеу маңызды.

2.3. Сөйлеу және қарым-қатынас дағдыларын дамыту

Ерте жаста сөйлеу дағдылары баланың ересектермен және құрдастарымен күнделікті қарым-қатынасы барысында қалыптасады. Ойын кезінде сөз бен әрекетті байланыстыруға мүмкіндік көп болады. Тәрбиеші заттың атауын айтып, баланың әрекетін сөзбен сүйемелдеп, оның дыбыстық немесе сөздік жауабына мән беруі қажет.

Мысалы, доппен ойнау барысында «Допты ал», «Допты маған бер», «Доп домалады», «Үлкен доп» деген қысқа әрі түсінікті тіркестер қолдануға болады. Бала сөзбен жауап бермесе де, затқа қол созуы, көзқарасымен көрсетуі, дыбыс шығаруы немесе қимылмен білдіруі қарым-қатынасқа қатысуының белгісі болуы мүмкін. Тәрбиеші мұндай жауаптарды ескеріп, баланың коммуникациялық мүмкіндігін қолдайды.

«Қуыршақты тамақтандырайық» ойынында бала қасықты алып, қуыршаққа тамақ бергендей әрекет жасайды. Тәрбиеші «Қуыршақ тамақ ішеді», «Қасықты ал», «Енді қуыршақты ұйықтатамыз» деп әрекетті сөзбен байланыстырады. Бұл ойын заттардың атауын түсінуге, қарапайым етістіктерді меңгеруге және күнделікті өмірдегі әрекеттерді бейнелеуге жағдай жасайды.

Сөйлеуді дамыту үшін тәрбиешінің баламен қарым-қатынасы табиғи әрі диалогтік сипатта болғаны жөн. Баланың орнына үнемі өзі жауап беру, оны сөзді қайталауға мәжбүрлеу немесе сөйлеу жылдамдығын басқа балалармен салыстыру тиімді емес. Оның орнына баланың айтқан сөзін толықтырып, ойынға қатысты жаңа сөздерді орынды қолдану ұсынылады.

2.4. Қимыл-қозғалыс және ұсақ мотериканы дамыту

Қимыл-қозғалыс белсенділігі ерте жастағы баланың дене дамуы мен қоршаған ортаны зерттеу мүмкіндіктерімен тығыз байланысты. Жүру, еңбектеу, отыру, тұру, затты алу, лақтыру және итеру сияқты әрекеттер ойын барысында табиғи түрде қайталанады. Қозғалысқа негізделген ойындар баланың кеңістікте бағдарлауын, денесін басқаруын және қимыл үйлесімділігін тәжірибе жүзінде жетілдіруге мүмкіндік береді.

«Допты домалат» ойынында тәрбиеші балаға допты қарсы бағытқа итеруді көрсетеді. Бала доптың қозғалысын бақылайды, оған қарай еңкейеді немесе қозғалып барады. Ойын барысында көз бен қолдың үйлесімділігі, қимылды жоспарлау және кезектесіп әрекет ету дағдылары қолдау табады.

Ұсақ мотериканы дамытуға ірі бөлшектерден мұнара құрастыру, үлкен сақиналарды таяқшаға кигізу, көлемді ойыншықтарды себетке салу және қайта шығару сияқты әрекеттер көмектеседі. Мұндай тапсырмалар баланың затты ұстау, босату, бағыттау және қол қозғалысын реттеу тәжірибесін кеңейтеді.

Дегенмен ұсақ мотериканы дамыту ойындарының мақсатын баланы ерте жастан жазуға дайындаумен ғана шектеуге болмайды. Бұл кезеңде маңыздысы – қолдың еркін қозғалуына, екі қолды үйлесімді пайдалануға, заттарды қауіпсіз зерттеуге және өздігінен әрекет етуге жағдай жасау.

Қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу кезінде еденнің тайғақ болмауы, жиһаздың орнықты тұруы, ойын алаңының бос болуы және баланың шаршау белгілеріне назар аудару қажет. Қозғалыс тапсырмалары баланың нақты мүмкіндігіне сай таңдалып, орындалуы міндетті жарысқа айналдырылмауы тиіс.

2.5. Әлеуметтік-эмоциялық дамуды қолдау

Ерте жастағы бала өз эмоцияларын тануды, қажеттілігін білдіруді, ересек адамға сенім артуды және басқа адамдардың әрекеттеріне жауап беруді біртіндеп меңгереді. Бұл үдерісте ойын баланың өз сезімдерін білдіруіне және әлеуметтік қарым-қатынастың қарапайым үлгілерін тәжірибеден өткізуіне мүмкіндік береді.

Мысалы, қуыршақты ұйықтату, ойыншық аюға тамақ беру немесе қуыршақтың үстіне көрпе жабу сияқты әрекеттер баланың күнделікті өмірде көрген қамқорлық әрекеттерін қайталауына жағдай жасайды. Тәрбиеші «Аю шаршады», «Қуыршаққа көрпе керек», «Оны

жайлап жатқызайық» деген сөздер арқылы мейірімділік пен қамқорлықтың қарапайым үлгілерін көрсетеді.

Құрдастарымен бірге ойнағанда балалар бір затқа кезекпен қол созуды, ойыншықты басқа балаға беруді немесе бір-бірінің әрекетін бақылауды үйренеді. Алайда ерте жаста барлық баладан тұрақты түрде бірге ойнауды, ойыншықты бірден бөлісуді немесе эмоциясын толық басқара білуді күтуге болмайды. Қатар ойнау, бір-бірінің әрекетін бақылау және қысқа уақыттық өзара әрекеттесу де әлеуметтік тәжірибенің маңызды бөлігі болып саналады.

Егер екі бала бір ойыншыққа таласса, тәрбиеші оларды жазғырудың орнына жағдайды сөзбен түсіндіріп, кезекпен ойнаудың қарапайым үлгісін көрсете алады. «Алдымен Айдана ойнайды, содан кейін сенің кезегің» деген сияқты қысқа сөйлемдер балаға әлеуметтік ережені біртіндеп түсінуге көмектеседі.

Ойын барысында баланың қуану, ренжу, таңдану немесе қорқу сияқты сезімдері көрінуі мүмкін. Тәрбиеші эмоцияны жоққа шығармай, баланың жағдайын түсінуге ұмтылуы керек. Қауіпсіз әрі қолдаушы орта баланың ересекке сенімін нығайтып, ойынға белсенді қатысуына ықпал етеді.

2.6. Шығармашылық пен қиялдың бастапқы көріністері

Ерте жаста шығармашылық қабілет күрделі сурет салу немесе белгілі бір өнім жасау арқылы ғана көрінбейді. Баланың затты күтпеген тәсілмен пайдалануы, жаңа әрекетті байқап көруі, дыбыстарды қайталауы немесе ересектің әрекетіне өзінше еліктеуі де шығармашылық белсенділіктің бастапқы көріністері болып табылады.

Мысалы, бала бос қорапты бірде үй, бірде көлік ретінде пайдаланып көруі мүмкін. Ересек адам осы әрекетті бірден түзетпей, баланың бастамасын қолдаса, бала заттардың мүмкіндіктерін зерттеуге ынталанады. Мұндай тәжірибе оның қиялын, дербестігін және жаңа шешім іздеу белсенділігін қолдайды.

Музыкалық ойындар да шығармашылық дамуға мүмкіндік береді. Тәрбиеші қарапайым ырғақты шапалақпен көрсетіп, баладан қайталауын сұрай алады немесе әртүрлі қауіпсіз музыкалық аспаптардың дыбысын тыңдатады. Баланың дыбысты өздігінен шығаруы, ырғақты өзгертуі және музыкаға қимылмен жауап беруі ойынға қатысуының маңызды көрінісі саналады.

Осылайша ойын әрекеті баланың бір ғана қабілетін емес, өзара байланысты бірнеше даму бағытын қатар қолдайды. Сондықтан тәрбиеші ойын түрлерін жоспарлағанда танымдық, сенсорлық, тілдік, қозғалыстық және әлеуметтік-эмоциялық тәжірибелердің үйлесімді болуына мән бергені дұрыс.

3. Ерте жастағы балаларға арналған ойын түрлері және оларды ұйымдастыру әдістемесі

3.1. Заттық-әрекеттік ойындар

Заттық-әрекеттік ойындардың негізі – баланың заттармен түрлі әрекеттер жасап, олардың қасиеттері мен қолданылу мүмкіндіктерін зерттеуі. Мұндай ойындарда бала затты қолына алады, бір орыннан екінші орынға ауыстырады, қорапқа салады, қайта шығарады, бірінің үстіне бірін орналастырады немесе бөлшектерді біріктіруге тырысады.

«Құрастыр да, бұз» ойыны. Тәрбиеші балаларға ірі әрі қауіпсіз құрастырғыш бөлшектерді ұсынады. Алдымен бір-екі бөлшектен қарапайым құрылым жасап көрсетеді. Содан кейін балаларға өздігінен құрастыруға мүмкіндік береді. Бала мұнара құрастырып, оны қайта бұзып, басқа тәсілмен жинай алады.

Ойын барысында тәрбиеші «Қай бөлшек үлкен?», «Мұнара құлап қалмауы үшін не істейміз?», «Тағы бір бөлшек қоссақ не болады?» деген сұрақтар қоя алады. Сұрақтар баланың қызығушылығына сай қойылып, ойынның табиғи барысын бұзбауы керек.

Әдістемелік маңызы: ойын баланың қол қимылын үйлестіруге, заттардың көлемі мен пішінін байқауға, әрекет нәтижесін бақылауға және қарапайым мәселені шешуге мүмкіндік береді.

3.2. Сенсорлық ойындар

Сенсорлық ойындар заттардың түсін, пішінін, көлемін, дыбысын және беткі ерекшеліктерін тәжірибе арқылы ажыратуға бағытталады.

«Түсіне қарай орналастыр» ойыны. Тәрбиеші балаларға екі түстегі ірі ойыншықтарды және сәйкес түсті ыдыстарды ұсынады. Алдымен бір затты алып, оны тиісті ыдысқа салады. Кейін балалар өздері таңдап, орналастырып көреді. Егер бала затты басқа ыдысқа салса, тәрбиеші оны бірден қате деп бағаламай, түстерді бірге салыстыруды ұсынады.

«Қандай зат?» ойыны. Балалар әртүрлі қауіпсіз заттарды ұстап көреді. Тәрбиеші жұмсақ ойыншық, тегіс доп немесе қатты текше сияқты материалдарды пайдаланып, олардың ерекшеліктерін сөзбен сипаттайды.

Бұл ойындарда түстер мен пішіндерді міндетті түрде жатқа айтқызу негізгі мақсат болмауы керек. Бастапқыда баланың затты байқап көруі, оған қызығушылық танытуы және ересектің қарапайым нұсқауын түсінуі маңызды. Баланың дайындық деңгейіне қарай тапсырма күрделендіріледі.

3.3. Қимыл-қозғалыс ойындары

Қимыл-қозғалыс ойындары баланың белсенділігін қолдауға және қозғалыс тәжірибесін кеңейтуге бағытталады.

«Допты қуып жет» ойыны. Тәрбиеші жұмсақ допты балаға жақын жерге домалатады. Бала допқа қарай еңбектейді, жүреді немесе қолын созып алады. Ойын баланың мүмкіндігіне қарай өзгертіледі: бір бала допты өзі домалатса, екіншісі оны себетке салуы мүмкін.

«Аю сияқты жүрейік» ойыны. Тәрбиеші аюдың, қоянның немесе құстың қозғалысын көрсетеді. Балалар сол қимылдарды қайталап көреді. Қимылдарды орындау кезінде балаға үлгі көрсетіліп, қажет болған жағдайда жеңілдетілген нұсқа ұсынылады.

Бұл ойындар баланың қимыл үйлесімділігін, кеңістікте бағдарлауын және ересектің әрекетіне еліктеуін қолдайды. Қозғалыс кезінде балалардың бір-бірімен соқтығыспауын, ойын алаңының қауіпсіз болуын және әр баланың жеке мүмкіндіктерін ескеру қажет.

4. Ойын әрекетін ұйымдастырудағы тәрбиешінің рөлі

Ерте жастағы балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуде тәрбиешінің ойын әрекетін дұрыс ұйымдастыруы ерекше маңызға ие. Бұл кезеңде баланың қоршаған ортаны тануы, қарым-қатынас жасауға ұмтылысы, қимыл-қозғалысы мен дербестігі қарқынды дамиды. Сондықтан тәрбиешінің міндеті балаларға дайын білім беру немесе олардың әрбір әрекетін бақылауда ұстау ғана емес, баланың өздігінен әрекет етуіне, тәжірибе жинақтауына және жаңа дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік беретін қолайлы орта қалыптастыру болып табылады. Ойын барысында тәрбиеші ұйымдастырушы, бақылаушы, бағыттаушы және қолдаушы қызметтерді өзара үйлестіреді.

Ойын әрекетін ұйымдастырудың алғашқы кезеңі – оның педагогикалық мақсатын анықтау. Тәрбиеші ойынның мазмұнын жоспарлау кезінде балалардың жас ерекшеліктерін, бұрын меңгерген дағдыларын, қызығушылықтарын және жеке даму мүмкіндіктерін ескеруі қажет. Мысалы, балалардың сенсорлық қабылдауын дамыту көзделсе, әртүрлі пішіндегі, көлемдегі және түстегі заттар ұсынылады. Ал сөйлеу белсенділігін қолдау үшін балаларға таныс ойыншықтар, тұрмыстық заттар және қарапайым әрекеттерге негізделген ойындар таңдалады. Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру мақсатында допты домалату, заттарды бір орыннан екінші орынға тасымалдау немесе қарапайым қимылдарды қайталау ойындарын ұйымдастыруға болады.

Дегенмен ойынның мақсаты алдын ала белгіленгенімен, оның барысы толықтай қатаң сценарийге бағындырылмауы керек. Ерте жастағы балалардың қызығушылығы тез өзгеруі мүмкін. Мысалы, тәрбиеші текшелерден мұнара құрастыруды жоспарлағанымен, бала текшелерді қорапқа салып, қайта шығаруға көбірек қызығушылық танытуы ықтимал. Мұндай жағдайда тәрбиеші баланың әрекетін орынсыз тоқтатпай, оның қызығушылығын дамытушы мүмкіндік ретінде қарастырғаны жөн. Себебі бір қарағанда қарапайым көрінетін әрекетті қайталау барысында бала заттардың көлемін байқап, қол қозғалысын үйлестіреді және әрекет нәтижесін бақылайды.

Тәрбиешінің маңызды міндеттерінің бірі – дамытушы ойын ортасын ұйымдастыру. Ойын ортасы баланың жасына сәйкес, қауіпсіз, қолжетімді және зерттеуге ынталандыратын болуы қажет. Ойыншықтарды балалар өздігінен ала алатындай деңгейде орналастыру, оларды түрлері мен қолданылу ерекшеліктеріне қарай реттеу баланың дербестігін қолдайды. Мысалы, ірі текшелерді, жұмсақ доптарды, қуыршақтарды, ойыншық ыдыстарды және сенсорлық материалдарды бөлек орналастыру балаларға қажетті затты өздігінен таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ойын материалдарын мезгіл-мезгіл өзгертіп отыру балалардың қызығушылығын сақтауға және бұрын таныс заттарды жаңа әрекетте қолдануына жағдай жасайды.

Ойын ортасын ұйымдастыруда заттардың саны мен сапасының үйлесімділігі де ескерілуі керек. Ойыншықтардың шамадан тыс көп болуы баланың назарын бірнеше бағытқа бөліп, белгілі бір әрекетке шоғырлануын қиындатуы мүмкін. Ал материалдардың жеткіліксіздігі балалар арасында келіспеушілік туғызуы ықтимал. Сондықтан тәрбиеші балалардың санына, ойынның мақсатына және олардың өзара әрекетіне сәйкес материалдарды іріктейді. Ойын ортасының тиімділігі оның безендірілуімен ғана емес, баланың сол ортада еркін қозғалып, заттарды зерттеп, өз бастамасын жүзеге асыра алуымен анықталады.

Ойын барысында тәрбиешінің баланың дербестігін қолдауы ерекше маңызды. Ерте жастағы балалар жаңа әрекеттерді орындау кезінде жиі қателеседі, заттарды дұрыс орналастыра алмауы немесе тапсырманы бірден түсінбеуі мүмкін. Мұндай жағдайларда ересек адамның баланың орнына әрекет жасап беруі мәселені тез шешкенімен, баланың өздігінен іздену мүмкіндігін шектеуі ықтимал. Сондықтан тәрбиеші алдымен баланың әрекетін бақылап, оған өз бетінше байқап көруге уақыт бергені дұрыс. Егер бала қиындыққа тап болса, көмекті біртіндеп ұсынуға болады: алдымен сөзбен бағыттау, кейін қимыл арқылы ишара жасау, қажет болған жағдайда әрекеттің қарапайым үлгісін көрсету.

Мысалы, бала пішіндерді арнайы ұяшықтарға орналастыру кезінде қиналса, тәрбиеші барлық пішінді өзі салып бермей, баланың қолындағы пішінге сәйкес ұяшықты бірге іздей алады. «Мына пішінді қай жерге орналастыруға болады?», «Басқа ұяшықты байқап көрейік пе?» деген сұрақтар баланы ойлануға және әрекетті жалғастыруға ынталандырады. Бұл тәсіл баланың өз күшіне сенуіне, мәселені шешуге талпынысына және дербес әрекет етуіне мүмкіндік береді.

Тәрбиеші ойын кезінде баланың эмоциялық жағдайын да үнемі ескеріп отыруы қажет. Ерте жаста балалар өз сезімдерін толық түсіндіріп бере алмайтындықтан, олардың көңіл күйі мінез-құлқы, қимылы, дауыс ырғағы және ойынға қатысу ерекшеліктері арқылы байқалады. Егер бала мазасызданып, ойыншықтан бас тартса немесе шаршау белгілерін көрсетсе, тәрбиеші оны ойынға күштеп қатыстырмауы керек. Оның орнына тыныш әрекет ұсынуға, қысқа үзіліс жасауға немесе баланың біраз уақыт ойын барысын сырттай бақылауына мүмкіндік беруге болады. Баланың эмоциялық жай-күйін құрметтеу қауіпсіздік сезімін қалыптастырып, ересекпен сенімді қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

Ойын әрекеті баланың сөйлеуін және әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға да мүмкіндік береді. Тәрбиеші ойын кезінде балалармен қарапайым әрі түсінікті тілде сөйлесіп, заттардың атауын атап, олардың әрекеттерін сөзбен сипаттағаны жөн. Мысалы, доппен ойнағанда «Доп домалап барады», «Допты маған бер», «Енді сенің кезегің» деген тіркестерді қолдануға болады. Мұндай тілдік қолдау баланың сөз бен әрекет арасындағы байланысты түсінуіне ықпал етеді. Сонымен бірге тәрбиеші баланың сөзбен ғана емес, ым-ишара, көзқарас немесе қимыл арқылы білдірген жауабын да қарым-қатынастың маңызды көрінісі ретінде қабылдауы керек.

Құрдастарымен ұйымдастырылатын ойындарда тәрбиеші өзара әрекеттесудің қарапайым үлгілерін көрсетеді. Мәселен, екі бала бір ойыншыққа қызығушылық танытса, тәрбиеші оларды бірден жазғырмай, кезекпен ойнауға бағыттай алады. «Алдымен сен ойнайсың, содан кейін досыңа бересің» деген қысқа нұсқау арқылы балаларға кезектесу тәртібі түсіндіріледі. Ерте жаста балалардың ойыншықтарды өздігінен бөлісуі немесе ұзақ

уақыт бірлесіп әрекет етуі әлі тұрақты қалыптаспауы мүмкін. Сондықтан тәрбиеші әлеуметтік дағдыларды біртіндеп, күнделікті қайталанатын жағымды тәжірибе арқылы дамытуы қажет.

Ойын әрекетін ұйымдастыруда тәрбиеші келесі әдістемелік ұстанымдарды басшылыққа алғаны жөн.

Біріншіден, жас ерекшелігіне сәйкестік. Ойынның мазмұны, ұзақтығы және күрделілігі баланың даму деңгейіне сәйкес таңдалуы керек. Қарапайым әрекеттерді меңгеріп жүрген балаға бірнеше кезеңнен тұратын күрделі тапсырма ұсыну оның қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Сондықтан ойын біртіндеп күрделендіріліп, баланың мүмкіндігіне қарай бейімделеді.

Екіншіден, қолжетімділік пен дербестік. Ойыншықтар баланың өздігінен таңдауына және пайдалануына ыңғайлы орналасуы қажет. Бұл баланың бастамашылдығын, өз қажеттілігін білдіруін және күнделікті әрекеттерге қатысуын қолдайды.

Үшіншіден, белсенді қатысу. Тәрбиеші ойынның негізгі бөлігін өзі орындамай, баланың әрекет етуіне жағдай жасауы керек. Бала затты ұстап, зерттеп, таңдап, қайталап көру арқылы жаңа тәжірибе жинақтайды.

Төртіншіден, қайталау мен өзгерту мүмкіндігі. Бір әрекетті бірнеше рет орындау баланың дағдыны бекітуіне көмектеседі. Сонымен бірге таныс ойынға шағын өзгерістер енгізу қызығушылықты сақтайды. Мысалы, бала алдымен бір текшені қорапқа салса, кейін әртүрлі көлемдегі екі текшені салыстырып көруі мүмкін.

Бесіншіден, жеке ерекшеліктерді ескеру. Балалардың тілдік мүмкіндіктері, қозғалыс дағдылары, сенсорлық қабылдауы мен қызығушылықтары бірдей емес. Сондықтан тәрбиеші ойынның бірнеше нұсқасын ұсынып, қажет болған жағдайда тапсырманы жеңілдетуі немесе қосымша қолдау көрсетуі тиіс.

Алтыншыдан, қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Ойыншықтар бүтін, таза және баланың жасына сәйкес болуы қажет. Ұсақ бөлшектер, жұтып қою қаупі бар заттар, өткір қырлар және тұрақсыз жабдықтар балалардың қолы жететін жерде қалдырылмауы керек. Қозғалыс ойындарында кеңістіктің қауіпсіздігіне және балалардың бір-бірімен соқтығыспауына назар аударылады.

Жетіншіден, ойынның еріктілігін сақтау. Баланың ойынға қатысуы оның қызығушылығы мен эмоционалдық жағдайына негізделуі керек. Ойынға мәжбүрлеу оның жағымды әсерін төмендетуі мүмкін. Тәрбиеші баланы қызықтыратын материал ұсыну, үлгі көрсету және ойынға біртіндеп тарту арқылы оның белсенділігін қолдайды.

Ойын әрекетінің нәтижесін бағалау да тәрбиешінің кәсіби қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. Бағалау баланың тапсырманы дұрыс орындағанын ғана тіркеумен шектелмеуі керек. Тәрбиеші оның ойынға қызығушылығын, жаңа әрекетті байқап көруін, көмек сұрауын, заттарды өздігінен таңдауын және бұрынғы дағдысын қайталап қолдануын бақылағаны жөн. Мысалы, бала бұрын ойыншықты тек ересектің көмегімен жинаса, кейін оны өзі себетке сала бастаса, бұл оның дербестігіндегі оң өзгерісті көрсетеді. Мұндай бақылаулар келесі ойындарды жоспарлауға және баланың жеке қажеттіліктеріне сәйкес қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

5. Ойын ортасын ұйымдастыру және қауіпсіздік талаптары

Дамытушы ойын ортасы баланың заттарды өздігінен зерттеуіне, қозғалуына және қарым-қатынас жасауына жағдай жасауы керек. Ойын ортасын ұйымдастырғанда ойыншықтардың әдемілігі немесе саны ғана емес, олардың баланың даму қажеттіліктеріне сәйкестігі де маңызды.

Сенсорлық ойындарға әртүрлі көлемдегі ірі текшелер, жұмсақ доптар, қауіпсіз маталар және ірі пішінді сұрыптағыштар пайдаланылуы мүмкін. Қимыл-қозғалыс ойындары үшін еркін қозғалуға мүмкіндік беретін бос кеңістік, орнықты тіректер және қауіпсіз жұмсақ жабын қажет. Сюжеттік ойындарға қуыршақтар, ойыншық ыдыстар, шағын көрпе және балаға таныс күнделікті заттардың қауіпсіз үлгілері қолайлы.

Ойын материалдарын таңдауда мына талаптар сақталуы тиіс:

1. Материалдар баланың жасына сай және өндірушінің қауіпсіздік нұсқауларына сәйкес болуы керек.

2. Ұсақ бөлшектер, магниттер, түйме тәрізді бос элементтер және жұтып қоюға болатын заттар ерте жастағы балалардың қолы жететін жерде қалдырылмауы қажет.

3. Суға, құмға немесе басқа материалдарға негізделген ойындар ересектің тікелей бақылауымен өткізілуі тиіс.

4. Ойын бөлмесінде өткір бұрыштар, тұрақсыз жиһаз және баланың қозғалысына кедергі келтіретін заттар болмауы керек.

5. Ойыншықтар тұрақты тазаланып, бүлінген материалдар пайдаланудан алынады.

Сонымен бірге ойын ортасы тілдік және мәдени тұрғыдан балаға жақын болғаны жөн. Мысалы, ұлттық тұрмыста кездесетін қауіпсіз заттардың үлгілерін, ою-өрнекті ірі текшелерді немесе қазақ тіліндегі қарапайым әндер мен тақпақтарды қолдануға болады. Мұндай материалдар баланың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтіп, ана тіліндегі қарым-қатынас тәжірибесін байытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті тәсіл де маңызды. Қозғалысы шектеулі, дыбыстарға сезімтал немесе сөйлеу арқылы жауап беруде қиналатын балалар үшін ойынның бейімделген нұсқалары ұсынылуы мүмкін. Мысалы, затты алысқа қоюдың орнына жақын орналастыру, дыбысты бәсеңдету, нұсқауды қимылмен көрсету немесе баланың затты көзқарасымен таңдауына мүмкіндік беру ойынға қатысуды жеңілдетеді.

Ойын ортасын жүйелі ұйымдастыру баланың дербестігін қолдап қана қоймай, тәрбиешіге әр баланың қызығушылығы мен даму ерекшелігін байқауға көмектеседі.

Қорытынды

Ойын әрекеті – ерте жастағы балалардың жан-жақты дамуын қолдайтын маңызды педагогикалық құрал. Оның құндылығы баланың тек белгілі бір дағдыны меңгеруімен шектелмейді. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны зерттейді, заттардың қасиеттерін байқайды, қимыл-қозғалысын жетілдіреді, сөз бен әрекетті байланыстырады, эмоциясын білдіреді және адамдармен қарым-қатынас жасаудың бастапқы тәжірибесін жинақтайды.

Ғылыми еңбектер мен халықаралық әдістемелік ұсынымдарды талдау ойынға негізделген тәжірибенің баланың даму қажеттіліктерімен үйлесуі маңызды екенін көрсетеді. Л.С. Выготскийдің әлеуметтік өзара әрекет пен ересек көмегінің маңызы туралы тұжырымдары, Ж. Пиаженің белсенді әрекет пен танымдық дамуға қатысты идеялары және UNICEF пен LEGO Foundation ұйымдарының ойын арқылы оқыту жөніндегі материалдары ойынның ерте балалық шақтағы орнын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Ойынның дамытушы әлеуетін тиімді пайдалану үшін тәрбиеші әр баланың жас ерекшелігін, жеке мүмкіндігін және қызығушылығын ескеріп, қауіпсіз әрі қолжетімді орта ұйымдастыруы қажет. Баланың орнына әрекет етудің орнына оған өздігінен байқап көруге мүмкіндік беру, қысқа әрі түсінікті нұсқаулар қолдану, ойын материалдарын орынды таңдау және жетістігін нақты әрекеті арқылы байқау маңызды.

Тәжірибе көрсететін негізгі әдістемелік қағида – ойынның нәтижесі баланы ересек адамның талабына бейімдеумен емес, баланың белсенді әрекет етуіне жағдай жасаумен байланысты. Сондықтан тәрбиеші ойын барысында бағыт беруші, қолдаушы және бақылаушы қызметтерін үйлестіріп, баланың дербестігін біртіндеп дамытуға ұмтылуы керек.

Қорыта айтқанда, ерте жастағы балалармен ұйымдастырылатын ойын әрекеті мақсатты, қауіпсіз, қызықты және баланың мүмкіндігіне сәйкес болғанда оның танымдық, тілдік, сенсорлық, қозғалыстық және әлеуметтік-эмоциялық дамуына қолайлы жағдай жасайды. Ойынға негізделген педагогикалық жұмыс баланың табиғи қызығушылығын сақтауға, қоршаған ортаға белсенді қатысуына және келесі даму кезеңдеріне қажетті бастапқы дағдыларды меңгеруіне ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қолданыстағы редакциясын «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінен қарау: https://adilet.zan.kz/kaz

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137

3. UNICEF, The LEGO Foundation. Learning through Play: Strengthening Learning through Play in Early Childhood Education Programmes. New York: UNICEF, 2018. https://www.unicef.org/southsudan/reports/learning-through-play

4. Выготский Л. С. Мышление и речь. Москва: Лабиринт, 1999.

5. Piaget, J. Play, Dreams and Imitation in Childhood. New York: W. W. Norton & Company, 1962.

6. National Association for the Education of Young Children (NAEYC). Developmentally Appropriate Practice (DAP) Position Statement. 2020. https://www.naeyc.org/resources/position-statements/dap/contents

«ИГРОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ – СРЕДСТВО ВСЕСТОРОННЕГО РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ РАННЕГО ВОЗРАСТА»

Аннотация. В статье рассматривается педагогическое и психологическое значение игровой деятельности в обеспечении всестороннего развития детей раннего возраста. С научно-методической точки зрения анализируются возможности игры в формировании познавательной активности, речи, сенсорного восприятия, двигательных навыков, самостоятельности, а также социально-эмоциональных умений ребёнка. Особое внимание уделяется вопросам организации игровой среды с учётом возрастных особенностей детей раннего возраста, выбору игровых материалов, определению поддерживающей роли воспитателя и повседневному наблюдению за результатами игровой деятельности. Кроме того, представлены примеры сенсорных, двигательных, подражательных, предметно-действенных и простых сюжетных игр, которые могут быть использованы в педагогической практике. Статья предназначена для воспитателей организаций дошкольного образования и направлена на оказание методической помощи в поддержке естественного интереса детей и эффективной организации развивающей среды посредством игры.

Ключевые слова: ранний возраст, игровая деятельность, развитие ребёнка, сенсорное воспитание, развитие речи, двигательная активность, познавательная активность, социально-эмоциональное развитие, развивающая среда, воспитатель.

Журналдың құрылтайшысы және иесі:
«BAYANDY» жеке кәсіпкерлігіне қарасты «KEMENGER» ғылыми-әдістемелік орталығы.

Учредитель и собственник журнала:
Научно-методический центр «KEMENGER», относящийся к индивидуальному предпринимателю «BAYANDY».

Журнал 2023 жылдың тамыз айынан бастап жарық көруде.
Басылым 1 айда 4 рет шығады.
Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2023 жылғы 12 маусымдағы Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ92VPY00071802 берілген.

Журнал издается с августа 2023 года.
Периодичность выпуска — 4 раза в месяц.
Журнал выдан комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан № KZ92VPY00071802 о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания от 12 июня 2023 года.

Құрметті оқырмандар мен авторлар!
Журналда жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің анықтығына, сондай-ақ стилистикалық қателерге авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды. Редакция материалдарды қабылдамауға құқылы.

Уважаемые читатели и авторы!
Опубликованные в журнале материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях, а также за стилистические
ошибки несут авторы. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале, допускается только с согласия редакции. Редакция оставляет за собой право отклонять материалы.

Мекенжайы:
100012, Қарағанды қ.,
Н. Назарбаев даңғ., 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Сайт: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303
Басуға 28.10.2026 ж. қол қойылды.

Пішім 60*90 1/8
ш.б.т. - 26. RISO басылым.
Таралымы - 50 дана.

«BAYANDY» жеке кәсіпкерлігіне қарасты «KEMENGER» ғылыми-әдістемелік орталығының полиграфиялық қызметтер бөлімінде басылып шығарылды.

Наш адрес:
100012, г. Караганда,
пр. Н. Назарбаева, 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Сайт: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303
Подписано в печать 28.10.2026 г.

Формат 60*90 1/8
усл.печ.л. - 26. Печать RISO.
Тираж - 50 экз.

Отпечатано в полиграфическом отделе НМЦ «KEMENGER» ИП «BAYANDY».

ÚZDIK TÁRBIESHI JÝRNALY

Ұстаз – уақыттан озық тұратын тұлға.
Ол бүгін үйретіп қана қоймайды – ертең ойлайтын, болашаққа бағыттайтын адам.
Әр шәкірттің тағдыры – ұстаз қолындағы беймәлім бір жұлдыз.

Сол жұлдыздың жарқырауы – ұстаздың шынайы еңбегіне байланысты.

Баланың жанын түсінетін жан – Тәрбиеші

Тәрбиеші – тек қарайтын емес, қамқор болатын адам. Ол баланың ішкі әлемін сөзсіз ұғып, кішкентай сезімдерге үлкен жауапкершілікпен қарайды. Әр қимылы, әр сөзі – бала тәрбиесіне әсер ететін маңызды сәт.

Тәрбиеші – мейірім мен сабырдың символы. Баланың алғашқы қадамына сүйеніш болу – ол үшін үлкен бақыт.

Нағыз тәрбиеші тәртіпті үйретіп қана қоймай, сенімділік сыйлап, тұлға болуға жетелейді. Себебі ол – жүрекпен жұмыс істейтін нағыз маман.

QR-кодты сканерлеу арқылы бізбен тікелей байланысқа шыға аласыз.
Вы можете связаться с нами напрямую, отсканировав QR-код.